

Табыл Күлиясов

Сауда сақал
сипағанша





Табыл Күлиясов



**Сауда
сақал
сипағанша**

*Повесть
және
сықақ әңгімелер*




АЛМАТЫ «ЖАЗУШЫ» 1985

84 Каз 7—44
Қ 74


Пікір жазғандар:
Н. Қазыбеков, Б. Әлімжанов

Қ $\frac{4702230200-153}{402(05)-85}$ 37—85

© «Жазушы», 198



ПОВЕСТЬ



САУДА САҚАЛ СИПАҒАНША

Қарымтасы қайтады

Шілденің ыстық күндерінің бірі. Аспан ніл түстес өз бояуында, жел жоқ. Көше бойларында ерсілі-қарсылы өтіп жатқан машиналар үні толас таппайды. Қала тіршілігі күн сайынғы өз әуенімен сағаттап, минуттап өтіп жатады. Қыбыр-жыбыр қозғалыста, ешқашан қаннен-қаперсіз тып-тыныш тұра қоймас. Түннің бейуағында да құлаққа ұрған танадай монтансығанын көре алмассың.

Төрт қатарлы үйдің сыртқы сымбаты мен әсемдік өрнектері көзге ұрады делік. Әсіресе, күннің күміс сәулесі мен ашық түсті бояуы одан сайын ажарлана түседі. Ал, таңның атысынан, күннің батысына дейін осы үйдің маңынан түрлі түсті «Волга», «Жигули» машиналары арылмайды, бірі келіп, бірі кетіп жатады. Адамдардың жүріс-тұрысы да құрғамайды. Сонымен аяғын еппен басқан, кербезсіген Киекең:

— Бәрі де ойлағандай болды, — деп сигаретінің тұқылын сұқ саусағымен ытқытып жіберді. Келіні ұл тапқаннан артық қуанды. Дүниедегі бар жақсылық алақанында тұрғандай үмітті еді. Үн ырғағын құйқылжытып: «Ақшаның сәті түссе ұйқым қанық, көңілім аспандап кетеді. Байлыққа ентелей қол созғанның өзі

неткен бақыт», деп қарсы алдындағы үйдің ашық тере-зесіне көз қиығын тастады.

Дәл осы кезде оның қомағай жүзінен қорқынышты ертек естігендей екіншісі:

— Солай... ақшаның жолын ешнәрсемен теңестіре алмайсың. Бірақ, біз ойлаған мол қазынаға кенелудің жолы мүлде басқаша емес пе, бауырым,— деп сөйлегендей болды. Қабақ астынан тұнжырай қарап, өзінің тілеулестік жан сезімін білдірді. Басқадай тіл қатпай жан-жағын бағдарлап тінте көз тастады. Іштей жасырынып жатқан, көкірегінің түкпіріндегі қызғанышты лажсыз байқатпайды. Өйткені, қазір де тағдыры бірге. Толып жатқан ішкі есеп жоспарлары бар. Соны іске асыру жәйін бірге ойлаған соң қайтеді. Бүкіл өмірінде қиқым-қиқымның да ізін қалдырмауға ынтызар. Ол қолымен галстугін түзеп, бір жөткірініп алды да:

— Ақшаның қызығы болмаса дүниеден мәңгілік безіп, өмірден біржола жүріп кетер едік,— деп ширақ сезімін білтеледі. Шынтуайтына келгенде екеуі де Ақпаровтың ең айралы, ақылды серіктері еді. Құлқын-сәріден пайда жәйімен бастары қатып екеуі біраз тұрды. Ақпаров барда оларға ешкім бөгет бола қоймас. Өздері де солай есептеді. Ашқасқырлық ішкі пікірлері де ырық бермейді. Ерен күш әлдебір салтанаттан үміттендіреді. Қияңқы ойға шому да, кейде ешнәрсемен санастырмайды. Бейне көзсіз көбелек тәрізді отқа сүйрей жөнеледі-ау...

* * *

Бұл кезде үшінші қабаттағы ғылыми-техникалық бөлмедегі электр шамдарының жарығы құбылып, күндіз болса да сөнген жоқ. Иванның кескін келбетінде ызақорлық бар. Ойланып барып:

— Сезімдерді талдаушы, реттеуші аппаратқа салынған шам солғын шапақ шашыратып тұр ма, қа-

лай?— деді күбірлеп. Содан соң тексергіш тетіктерді ыңғайлады.

— Бәрі де қалыпты болуға тиіс,— деді Наржан мағналы пікірін жариялап. Бір сәтте Иван:

— Тамаша! Бірегей дүние деп осыны айт, теңдесі жоқ десем артық емес. Нанбасаң терезе алдындағы әлгі екеудің не ойлап тұрғанын, бір-біріне айтқан сөздерін айна қатесіз жазыпты. Тыңдап көрші,— деп ой зерттеу аппаратын іске қосты. Магнитомикропленкаға «жан» бітіп сандуғаштай сайрай жөнелді.

Наржан балаша мәз болып:

— Микроэлемент тамаша істеп тұр... Бірақ, өзгенің ойлауын көшіру аппаратының жұмысы әлі де нашарлау. Күн ілгері адам ойын білу тетіктері ойдағыдай қалыпқа келмеген-ау,— деді Наржан секем алып.

— Тоқта, әлі де жетілдіретінімізге күмән келтірме! Ең бастысы сенім,— деп Иван әртүрлі жарық жүйесін байқады.

— О да дұрыс. Абзалы бәрін тап-тұйнақтай бітіріп алсақ. Сосынғысын көрерміз... Әзірге қолды-аяққа тұрмай желпілдеп мақтанудың еш реті жоқ.

— Маған аппараттың осы бөлімінің билігін берші?

— Кешіріңіз, билік өзіңізде,— деп Наржан дыбысты белгілі бір қашықтықтан қабылдау тетіктерін зерттей бастады...

* * *

Сырттағы екеу өздерінің оңай олжаның алуан жолдарын ойлаумен әуре. Қайткенде де өз мақсаттарын іске асыруды армандайды.

Иван мен Наржанның электронды ой зерттеу аппаратымен шаруасы жоқ. Мұндай ғылым жаңалығы болады деп те ойламайды. Осы кезге дейін жүріп келген жолымыз түзу, ендігісі солай болмасқа қақысы

жоқ, деп ортақ пікірлерін түйіндейді. «Ақпаров шығамын» деген еді, деп бәкене бойлысы тыпыршып қояды...

Бұл кезде Ақпаров кеңседе отырған-ды. Шілденің ыстығы бөлмені де қыздырып барады. Ақпаров қайта-қайта «Сары ағаш» іше береді. Бірақ, шөлі қанар емес. Оның үстіне кешегі ішімдіктен басы бас болмай қалыпты. «Таңды көзімізбен атқызамыз, ұйықтамаймыз. Күнде кездесіп жатқан жоқпыз, картаны армансыз сілтелік», деген ұсыныс айтқан өзі еді. Одан соң карта үстіндегі ашу, бір-біріне алакездеме қарау, реніш, өкпе, наз... Ақпаров болса өзінен лауазымы үлкендерге онша ашулана қоймайтын еді. Сөйте тұра жын ұрды ма, түндегісіне өзі де толық түсінбейді. Бір-екі рет ашу қысып, мойнын күжірейтіңкіреп айбат шеккендей болғаны қалай? Ұят-ай, лауазымы үлкендер мұны не деп түсінер екен. Бәрі картаның қырсығы. Оның үстіне қолы да шықпады... ішкендік және кесір болды... Тұрт, сайтан, тұрт, деп бәрі бір пәлеге итермелеп тұрды емес пе?!

Қазіргі ойы да шым-шытырық, жүйелі ешнәрсе жоқ. Адам жылқы мінезді, деп неге айтты екен, түсінсем бұйырмасын. Одан әрі ойлауға қажығандай басын шайқады.

Бұл қалпында өзіне де, өзгеге де түк пайдасы тиетін емес... Бет әлпетіндегі әжім бұрынғыдан да көбейіп кеткендей. Арақ ішсе көзінің алды қалталанып мыжмыжы шығады. Бұрын өйтпеуші еді, жас келген соң қиын-ау. Құлыншақтай құлдырап тұратын кез алыстап кеткен бе, қалай? Шегір көзі жасаурап, ашаң ақ сары жүзі жүдеп бара жатыр ма? Денесі де самарқау қозғала бастаған-ды... Әйтеуір қалың қабағы түксиіп әлсіз назарын қаталдыққа бастайды. Бір сәтте өмір рахатын әлі де пайдаланып қалғанның арманы жоқ, деп ойла-

ды. Қаталдық та бедел, деп көкірегіне түйеді. Әйтпесе, кез келгеннің жетегінде кетіп қалса мұншалық дәрежеге жете алмас еді. Мынау кең кабинет, онда қойылған шет елдік гарнитура. Айнадай жарқырап-ақ тұр. Еденге төселген кілемдерге көрер көз керек. Оның бәрі бастықтың дәл қазіргі беделін одан сайын өсіре түскен сықылды. Кейбіреулер құрметті орыныға, машинаға қарап бағалайтынды шығарды. Соған орай сый-сыяпат істейді. Басқа адамгершілігіңмен санаса бермейді, жүре сөйлеп, абзал сөзіңе құлақ аспайды, деп те ойлайды. Алайда өз ойынан жерігендей боп жан-жағына көзін жүгіртті. Ыңғайсыз қылық көрсеткен адамдай абыржыды. Онысы несі екен? Түсінбейді... «Өз ісіме ешкімнен де төрелік күтпеймін» деп бекінді... Алдында жатқан қағаздарды селқос қарап, құлықсыз отыр еді. Өзінің мүлдем мазасыздығы жанына шаншудай қадалған болатын. Тіпті түсініксіз жәй. Әрине, қарақан баста мұндай сүлесоктық кездеседі. Онда тұрған не бар. Одан жұмыс тоқтап жатқан жоқ. Ерегістірсең кеңсеге бүгін келмей-ақ қояр еді. Бірақ банк операциясына қол қойып, мөр басуы тиіс. Билеп-төстеп отырған мекемесі. Одан басқаға қысыла қоймайды. Өз деспоттығын жөн деп жориды. Ағыл-тегіл ойдың тағы бір ұшығын ұстады. «Бүгін мардымды ештеңе бітірмеспін. Кетсем қайтер екен. Манағы жылтындаған екеуі бірдеме-сірдеме деп қылқылдап жүр... Олар күтіп қалды-ау. Күтсін. Күтуге міндетті... И-и, біздің бухгалтер шұлғауына оратылып жүр ме? Тездетіп әкелмеді-ау... Әлгі екеуі арқылы біраз қаражат қалтаға түспек... Оқасы жоқ, бухгалтер де келер, банкі жағдайын тоқтатуға болмайды. Содан кейін де уақыт жетіп жатыр... Күнделікті саудада мыңдар, миллиондар операциясы өтіп жатады. Сол бір миллион өзімде болса...» Біртүрлі шырайы кіріп сала берді. Ойын жиғанша бірінші «ювелирный» магазинінің директоры Берекетов кіріп келді. Оң көзінде тарының қарасындай ағы бар. Құс мұрын, ат жақты,

қарасұр өңді. Әр сөзін қорғасындай құйып, салмақпен сөйлейді. Ішкі есебіне келгенде алдына жан салмайды. Ақпаров өзіне бірінші орынбасарлыққа дайындап жүр. Емін-еркін арсалаңдай кірген ол:

— Ағаеке, қуатты барсыз ба? Біз сіздің ден саулығыңызды тілеп жүрген пендеміз, — деп жылы амандасты. Ақпаровтың да мінезі әп-сәтте өзгере қалды. Әмпай екенін әлпетінен-ақ таныта бастады.

— Е-е, жақсымыз. Өзің келіп қуанып қалғаным, — деп Ақпаров орнынан тұрып аса кішіпейілділікпен қарсы алды. Іле сөзін жалғап:

— Зады тілегің түзу, әйтпесе кетіп қалайын деп отыр ем. Ақ келіннің ден саулығы қалай? Қара домалақ балалар санын шапақтап шауып жүр ме? Дәулетіміздің мұрагерлері солар ғой. Олардың жанына жамандық бермесін... Айтпақшы мына есіктен кіріп келе жатсам Игісіннің ер жеткен ұлын көрдім. Марқұмның аузынан түскендей дерсің. Бейне терісін сойып қаптап қойғандай. Игісін барында күндіз-түн демей судай араласып жататын едік... Ал, сенің Қиқымбайың айтуынша Игісіннің орнын жоқтатпаса жақсы болар еді. Өлер адам өлді. Оны ойға алып уайымдау бекершілік, құр пендешілік. Әлгіндей баласы тұрғанда ешкім де өлмейді. Сонымен біз өлмейміз деген қорытындыға келдім.

— Әрине, әлбетте дұрыс айтасыз. Өліп шайтан нектеп пе? Ұлықпан пайғамбар ойын-сауық, ырду-дырдумен мың жасапты, дейді ғой. Сондықтан сіз де құдай біледі мың жасайсыз... Игісін болса өзіне өзі істеді. Адам деген елу мың сом мойныма мінді деп тоққа түсіп өле ме? Ең болмаса асылып өлсе бір сәрі. Қорқақтық. Барып тұрған қорқақ...

— Қорқақ екен. Әйтпесе, құтылуға да болатын ба еді?

— Мүмкін... Бәрі өтті, кетті... Мың жаса дегеніңе аузыңа май. Айтпақшы жуырда сенің мәселең шешіледі. Келісім болатын түрі бар. Ағаңның оң қолы бола-

сың. Түнде біреулермен карта ойнап, ептеп сөз арасында құлаққағыс еткен едім. Бағыты жаман емес. Ал, енді прогрессивті мағынада айтқанда Сейдалиева Қалампырды да басқа жұмысқа ауыстырып «ізін» жасыра тұрамыз ба? Көп жорғалаған жыланның аяғы көрінеді, деген. Ол бір сенімді адамымыз деп, өзін қуаттаған соң айтам,— деп Берекетовке күле қарады. Жасыратыны жоқ екеуі де кез-келгенге сене бермейді. Әсіресе, әйелдерге сенуі қиын. Олар қыспаққа түссе шыдамайды, біреу-міреуді құлай сүйсе қуаныштан жүрегі жарылып кете жаздап бар сырын айтып қоюы ғажап емес, деп есептейді.

Берекетов «Қазақстан» сигаретінің бірін тұтатты.

Ақпаров сәл үнсіздіктен соң жымың етті де:

— Әлгі Сейдалиеваның кеше маған көзін қысқанын байқадың ба? Әлде менде ойы болды ма? Түгіне түсінбей қалдым. Бір важный шаруасы бар ма деп те ойладым. Таңғалатын жәй. Өзі күлімсіреген кезде, естен тандырады екен. Таң-тамаша күлкісі жаныңа өмірбақи ыстық қуат беретіндей, ә? Біздің сатушыларымыздың бәрі осылай күле білсе товар айналым жоспарын орындамайтыны болмас еді,— деді.

Расында несіне тесіле қарап қалғанын түсінбеді. Әлдеқалай пайдалы пікірі бар ма? Тым құрыса... бармағын басып, көмекейін байқап, ептеп-септеп сыр тартып көрсе ғой. Ұсақ нәрсемен мазаны алып жүрмесе?.. Оны Ақпаров қайдан біледі? Айтайын дегені пенденің рухани санасы мен инстинкттері арасында болып тұратын белгісіз дисгармонияның барлығы еді. Кейде нәзік деген сезімнің де қара иірім тәрізді екенін кейін ұғынады емес пе... Өмір инстинкттерінің терең сырына кім қаныққан. Ол әйелдің жәй-жапсары қандай? Онымен сөйлесуді Берекетовтың қалауына салған жөн, деп ойлады. Сосын жәй күліп:

— Сейдалиевамен сөйлесіп көр. Саған сенбейміз бе? Ха-ха-ха,— деді.

Сөйтті де хрусталь күл салғышты Берекетовтың алдына жылжытып қойды. Сосын стақанды толтыра су құйып, бірін өзі жұта бастады. Берекетов бастығының соңғы сөзіне көңіл аудармағандай қалып танытты. Ақ сазанның басқа қармаққа түскенін емеуіріннен білсін, деуі еді. Оны қабағынан ұққан Ақпаров Сейдалиева туралы неге айттым, деп ойлады да үндемей қалды. Аз ғана тыныштықтан соң іле-шала:

— Басеке, ертең астанаға жүреді, деп естідім. Онда жақсы қарым-қатынастағы дос, жолдастарыңыз көп дегендей... Әрине, қарымтасы қайтатын адамдармен көбірек бірге боласыз. Мәселен, балаларымыз ер жетті, оны оқуға түсіру, жұмысын жоғарылату, бәрі де біздің парызымыз. Мына «жаман» ініңізді де ойлай жүрерсіз. «Үй жарлығын берсе де, түз жарлығын бермесін», деп қалаға барғанда қалтаң қалың боп, төгіп, шашып жүрмесең, атың да шықпайды, жолың да бола бермейді. Құрғақ қасық ауыз жыртады, терлемесең тебіренбейсің, терлеу үшін ішіп-жеу керек. Бұл менің принципім, тұрмыс пен өмір... ақша... адамшылықпен сосын санасуға болады. Шашу керек. Сонда ешкім де олай-бұлай деп бұлтара алмайды. Ия, бергенінен жазбай, келер жері кең болсын. Бұл жерде бөтен ешкім жоқ. Баршылықты пайдаланайық тағы. Бү дүниеден ат басындай алтын, жер қайысқан жылқы жинаған байлар да күні иттен әрі, кісіден бері боп өтіпті. Аулақ, беті әрмен оның...

«Алтын» деген кезде Ақпаровтың көңілі толып, Берекетовтың жүзіне жұмсақ пейілмен қарады. Бірақ өзі де бір нәрсені мезіреті ғып айтқанын сезіп, шыдап қалды. Сабырлылық жасады. Мүмкін қадірінше бастығын ұғып отырған Берекетов те әңгімесін алыстан орағыта келіп, жүйелеп байланыстыруға тырысты. Алым-берімнің де қадірін білдіруді ойлады.

— Біле білсек адам күні адаммен өтеді. Оның қадір қасиетіне біреу жетеді, біреу жетпейді. Жетпейтіні

кейде біреулердің ішкі сырына үңілмей тым егіліп, асығыстау нанымға ие боламыз. Немесе, біреулердің айтқанына табанда сене қалып қателікке ұрынамыз. Оның қасында біз қашаннан сыралғы, арамыздан қыл өтпейтін, өзекке теппейтін, құлпырма тонның ішкі бауындай нұсқалы дәрежеге жеттік. Осы қазақтың өлеңдеріне қайран қалам. «Арадан қыл өтпейтін тату едік, біздерді араз қылған қай ант ұрған», дейтіні бір ғажап дүние емес пе? Құдірет!— деп Берекетов делебесі қоза түсті. Ақпаров:

— Құдіреттер көп қой,— деп Берекетовке тесіле қарады да қойды.

Бастығынан жан аямас достық ниетпен:

— Сонымен біздің арамызға ақ сайтан түссе де от сала алмайды деп сенемін. Оған көзім жеткен,— деп Берекетов қайта-қайта пысықтады.

— О да жөн. Бізге не жетпейді, ха-ха-ха,— деп бастық өзгеше көңілді пішінін жария етті. Осы кезде Берекетов те әбден ықыластанып:

— Тоқсан ауыз сөздің тоқ етерін айтайын, басаке. Мен де жөн-жобаны жақсы білемін. Кеше магазинге әрқайсысы 1780 сомның алтын сағаттары браслетімен, сосын қырық мың сомның хрусталь ыдыстары түсті. Сіз, әрине, шөлмек шылдырлатып жүрмейсіз, дос-жаранға сыйлыққа әдемісі алтын сағат браслетімен,— деді де біреу-міреу тың тыңдап жүрген жоқ па, дегендей сезіктеніп сыбырлай сөйледі.— Тым болмаса алтын браслетті сағаттардың бесеуін ала кетіңіз. «Берген перне бұзады» деген. Біреулерге сыйларсыз.

Берекетов бастығының тықырши бастағанын аңғарды. Бұрын өйтпейтін. Алым-берім жұмысын өзі бетпепет, көзбе-көз емес, анау-у киім ілгіште тұрған қара қоңыр костюм атқаратын. Бірдеме бергісі келгендер аңлысын аңдып соның қалтасына сүңгітіп кететін. Ондай тәсіл қаншама жылдардан бері қалыптасып келеді... Пендешілік сасық ойын Берекетов аңғартады.

Дәл сол бойдағы мақсаты әлгі айтқан сыйлықты Ақпаровқа қолма-қол өткізу еді. Ақпаров болса жорта қипактай бастады. Неліктен? Бірақ, абыржып қысылған жоқ. Талайды көріп, ортақтасып жүр емес пе? Біраздан соң ешнәрсеге зәру еместей боп:

— Былайша браслеттің, сағаттың жобасы, түр-түсі әдемі, сәнді ме екен?— деді Ақпаров міңгірлеп.

— Несін айтасыз, ғажап дүние,— деп Берекетов жаны қалмай мақтады да өз ойын дәлелдей бастады.— Хрустальдың біразын сынды делінген актіні де қатырып жасап қойдық. Өзіңіз білесіз, шөлмек қас пен көздің арасында сына бермей ме? Оған ешкім де қарсы дау айта алмайды. Сатушы өзіміздің Сейдалиева айтқанымды екі етпейді. Өзінің де бас пайдасы шығып тұр. Одан басқа тірі жан білмейді.

— Асыл бұйымдардың жалпы сомасы қалай?— деді Ақпаров тағы да пысықтай түсіп.

— Есеп дәлме-дәл. Саудада әр затты түр-түрімен тексере бермейтінін, жалпы сомасын ғана есептейтінін өзіңіз де білесіз...

Ақпаров саусағымен әуелі мұрнын, одан соң аузын сипап өтті. Бәрі де түсінікті, дегендей сыңай танытып, көңілдене қалды.

— Өз дегенің болсын. Әйтеуір байқатпассың,— деді Ақпаров аса сақтық жасап.

Бірақ, екеуі де өз сөздерінің үшінші қабаттағы ре-визорлар бөлімінің қарсы есігіндегі (ЭВМ) электронды есептеу және ой зерттеу аппаратына жазылып жатқанынан мүлдем бейхабар еді. Ақпаровтың секретарша қызды шақыратын электрлі қоңырауына қосулы тұрған қылдырықтай желі онсан жұмысты атқарып жатты... Ақпаров болса 2000-жылдың ғылыми, техникалық жетістігін болжауға ой жіберіп қайтеді. «Сауда сақал сипағанша» деген тозығы жетіп, ескірген қағидадан аса алған ба? Ойласа да ештеңе шықпас еді.

Үш қуаныш

Берекетов өзінің дағдысы бойынша бір мезгіл магазиндерді аралап, төбе көрсетіп қайтады. Өзі құлқынының шаруасын бүтіндей тындырмаса ішкені ас болмайды. Оның ұйымдастырушылық қабілетін Қиқымбай да жақсы біледі. Қиқымбай қаланың орталығынан шеткірек азық-түлік магазинінің сатушысы еді. Өмірінде қолына қалам алып ашық сөйлеуді де, немесе туыстарына хат жазуды да ыңғайсыз көретін. Бірақ, мына шектен тыс үш қуаныш еркін алып, бойын билеп әкетті. Сосын қолына қалам алып жазғысы да келді... Пенде болған соң қуанады, күйінеді, бәрі де заңды құбылыс. Қайтсе де қақысы бар. Қиқымбайға салса кіріспен шығыс сандары орын орынында заңдасып жатса жететін еді. Соңғы кезде ақ сайтан иектеді ме, әлде Берекетовтың ықпалына ерді ме, бір желпіл пайда болды.

Әрине, бал ұстаған бармағын жалайды, әйтпесе көңілі көншімес еді. Ақша тиыннан құралып жатады, одан арғысын айтпаса да түсінікті. Онда тұрған ештеңе жоқ, мемлекеттің дүниесі түгел болса жетеді. Мақтанғаны емес, қанша ревизор тексерсе де тап-таза болған соң, ешкім аузын ашып қорқыта алмайды. Сосын құдайың болса да Қиекең тайсалмайды. Мәселе қайда жатыр дейсіз ғой, ең бастысы ебін таба білуде.

Алдымен дефицит товарларды кімге сататынын өзі біледі. Оны катты қадағалап отырады.

Міне, сөйткен Қиекеңнің бір күні бағы жанып, еңбегі бағаланып кете барды. Оған Берекетовтың да септігі тиді. Бұрын да іш тартатын еді. Бір күні арсалаңдап жетіп келді де:

— Қиеке, сүйінші,— деді екі көзі оттай жайнап. Өңі бал-бұл жайнап тұр. Тілімен ерінін жалай береді. Қалтасына оң қолын салып, кілтін шылдырлатады. Ол өзінің сүйегіне сіңген дағдысы екеніне Қиекең көптен

таныс. Егер бірінші көрген адамға интеллигент, әжептәуір кісінің бұл қылығы тым ерсі көрінер еді. Сол Берекетовтың қуаныштан есі шыққандай боп тұрғанын аңғарып:

— Бөкесі-ау, сенен аяйтын нем бар. Қалағаныңды ал,— деп жайылып қалды. Қиекең жұрттың бәріне өйтіп мырзалық жасай берсе шыр жұқпас еді. Ал, өзім деген адамға аянып көрген жоқ. Бала-шаға асырап отырған пенде емес пе? Ерге ерден хауіп деген, кімнің бетіне қарсы келе алады. Оның үстіне өзі ақ жұмыртқа, сары уыз болса бір сәрі. Күндердің күнінде өзінен бір шикілік шығып қалса, сосын ерегіскен адамды оңдырмайды ғой. Телпегін теріс айналдырып кигізер. Ондайда есепке себеп табыла береді. Егер таразының астына бес тиын жасырып сауда жасамасына кім кепіл, жасап та жүр анда-санда. Оны шырақ алып іздесе тауып та алады. Бар айла-амалыңды тас-талқан етеді. Сатушы қанша қулық жасамайды дейсің. Әйтеуір өзі сөйлесіп, ұтылмауы керек қой. Сонымен Қиекең кіммен қалай сөйлесіп, байланыс жасауды өзі біледі. Ақпаровпен де таныстырған Берекетов. О жақсылығын да ұмытпайды. Бастықтан зиян тимейді, деп топшылайды. Сол сәтте ойланып тұрған Берекетов:

— Біздің үйдегі, былайша келініңізге құлпырма тон кигізсеңіз де артық емес-ау,— деп жәй езу тартты. Әуселесін байқап көрді.

— Мақұл, келінге тон, оған қоса өзіңе шапан, тіпті биылғы соғымың да мойнымда. Ағаңның желкесі жуан,— деп қалай айтқанын қапелімде өзі де білмей қалды. «Әй, артық кетсе Бөкеңе, өйткені керек адамым ғой. Осыны сауда жөнінде бірінші бастық болады деген лақап бар. Сонда ағаңның маңдайына шаң тимейді»,— деп жаңсақтау шыққан сөзін іштей жұптайды.

— Әп, тфу, әкел қолды,— деді Берекетов көздеп тұрған ойындағысы орындалғандай пішінмен. Сосын Қиекеңде іркілместен:

— Мә, бесің — деді. Сол заматта Берекетов ылдым-жылдым қимылмен:

— Қиеке, «Жигули» аласың, інісі бардың тынысы бар, деген емес пе? Ретін келтірдік, жап магазиніңді, ақша қайда, сыртта «Волга» күтіп тұр. Қазір аламыз машинаны су тегін, «списать» етіліп арзандатылған, — деп бар ілтипатын көрсетті.

— Айналып кетейін, садағаң болайын, алғыр жігітсің-ау, — деп Қиекең мәз-мәйрам. Сонда жасыратыны жоқ, қуанғаннан жүрегі жарылып кете жаздады. Тіпті Бөкеңнің бетінен, ол-ол-ау, есі ауып кеткен шығар, көзі дым көрмегені ғой, ерінінен сүйіп алды. Не бетімізді айталық. Қиекеңнің мұнысы тым ерсілеу еді.

— Қи-еке, ме-мен қыз емеспін. Ух, шегім-ай, бірақ түк те емес, сүйгеніңе ақшалай айып төлейсің. Егер сөйтсең ерсілігі жоқ, жарар уақыт оздырмалық, — деді Берекетов бетіне жұққан Қиекеңнің сілекейін жиіркене сүртіп.

Не басыңды ауыртайын, желмен жарысқан «Жигулиді» тегін алғанда Қиекең осылай бір қуанды.

Арада күндер өте берді. «Кәрі қыз бала тапса, қоярға жер таппайды,» деп гараж тағы басқа шаруалары да оңынан келіп жатты. Шүкір, дефицит товарлар өзінен-өзі-ақ көмектесіп, алған қолым, берген болды. Қоймада жең ұшынан жалғасқандары да жететін еді. Оны да Берекетов ұйымдастырып қойды. Олар да обалы не керек аянған жоқ, Қиекеңнің қолын қақпады.

Біраздан соң Қиекеңнің ағайын, тумаларға жол тартып, көрімдік, сөрімдік жинауға ойы кетті. Ой, жарықтық ел адамдарының несін айтасың, қолдары ашық емес пе? Оның үстіне үнді шайын апарса ештеңені аямайтынын да біледі. Ал, Қиекең ғана дүниеге жақын десек, әйелі жүз есе асып түсетіні машина алғанда анық білінді. Қит етсе:

— Есікті қатты жаппа. Артқы орындыққа екі

адамнан артық, көкең болса да мінгізбе! Машинаның пружинасы майыспасын, жүкті көп салма! И-и кір қолыңмен ұстама! Бояуы оңып кетпесін, шұқымандар. Тентек балалар тас лақтырып бір жеріне зақым келтірмесін байқа. Менен өзге әйелдерді туған қарындасың болса да мінгізбе! Әйелдің жолы ауыр болады деген бар,— деп қақсайды да отырады. Өзінің жағы да ауырмайды екен, машинадан басқа әңгімесі де түгесілді. Балалардың да зықысын кетірді, былай тұрсаң арба сынады, былай жүрсең өгіз өледі, дегендей бажақтап Қиекеңнің де құлағын жеп бітірді. Ер адам әйелдің орынсыз мылжыңына төзе алмайды екен. Әсіресе Қиекеңе әйелінің жоқтан өзгені шатып-бұтқаны батты.

— И-и, фу, мына иіс судың иісі қайдан шығады? Қай ашынаңды тасыдың, се-сенің көзің жаман күлімдеген. Кәне, шыныңды айт, қандай әйел машинаға отырды? — дейді қадалып.

Бір айтып қана қоймайды. Ертеңгісін сөзді бастаса, түннің бейуағына дейін ызындайды да жүреді. «Күйгелек әйелдің күйеуі тез қартаяды» деп Қиекеңнің шашы ағарар болды. Бірақ, оның да қырсықтығы бір машинаға жүк боларлық еді. Ерегісіп, қарсыласып бақты. Қиекеңнің мұнысы психологиялық шабуыл еді. Әйелі магазинге кетсе, тіпті есіктен қия аттаса болды:

— Әй, жаңағы сөйлесіп тұрғаның қандай еркек. Ол неге сенің қасыңда жарбиып тұрды. Мықыныңды ұстағаны несі? Неменеге ауыз жаласып әңгімелесіп қалдыңдар. Ол неменеге бүйірін таянып, қолын сермеп сөйлейді. Шамасы мені жамандап тұрсыңдар ғой, ә? Солай ма, шыныңды айт, әйтпесе қиғылықты салам,— деп әйелінен бұрын шабуыл бастайды. Ия, елуге келсе де көңілдері жасқа бергісіз. Екеуіне ондай-ондай жарасады. Сонымен ағайындарын аралағанын айталық.

Берекетов екі қолын қысып, оң сапар тілеп шығарып салды:

— Қиеке, олжаңның мол сарқыты менікі. Оны есіңнен шығарма.

— Келістік. Бөке.

— Туыстарың өңкей ығай мен сығай, бұйырса үлкен олжамен қайтасың. Міне, менің де ақша ұстайтын оң алақаным қышиды...

— Айтқаның келсін, Бөке,— деп аттанып еді Қиекең.

Ел іші алтын бесік, тік тұрып сыйлап, жол-жоралғысын істеді. Қиекең ондайда қалаға мал айдап келмейді. Ақшасын алады-дағы, қалта көтереді. Алып жатты, сый-құрметке де қарық болды. Соншалық құрмет, ықыласты көріп жүріп қалай ғана ішпессің. Ел адамдары сірә да автоинспектор дегенді біле бермейді. Тіпті жүк машинасының кабинасына он шақты адам араққа тойып алып отырады да тарта береді. «Арақтан елген кісінің моласы жоқ» деп бөседі-ай келіп. Сонда да кейде авария болып тұрады. Қиекең де басына «тарақан» кірген соң рульге отырып ауыл арасында тарта берді. Өжектеп әйелін де тыңдай қоймады. Әйелі ауылға барған соң арақ ішпе, қырып тастайсың, дей беруші еді. Ағайындары қойны-қонышына тыққыштап төгіп салып, жомарттығын көрсеткен соң оның аузына құм құйылды. «Енді бір рюмка ал, сосын зорлық жоқ»— дегенге Қиекең де көніп қалады... Сосын іркілмей тарта береді. Араққа көңілшектігі бұрын-соңды мұндай болмаған шығар. Берекетовтың «Қиеке, сізге ішу жараспайды, ақылыңнан адасып, ләйліп қалады екенсіз. Бүйте берсеңіз абыройдан жұрдай боласыз. Байқаңыз»,— деген ескертпесі де жайына қалды.

Иә, бәрі ойдағыдай басталып еді-ау. Қиекең соңғы күні жақын туысының үйінде ішпесті ішіп, киместі киді. Үлкен құрметпен отырды. Түннің бейуағында оңбаған Кәлен деген шопан құрдасы он шақырым жердегі үйіме апарып таста, деп қиылып тұрып алды. Машинасына көрімдік деп сиыр атап, соның пұлын Қие

кеңнің қалтасына салған сабаздың өзі. Әйелі «ішіп отырсың, көзің аларып кетіпті, массың» деп басу айтқанына, құлағына қайта-қайта сыбырлағанына күйген терідей тырыса қалды. Қиекеңнің жыны қозды. Сол кезде Кәлен көксоққыр:

— Е, Қиқымбай, осындай заржақ қатынды қайдан таптың. Оның сандырағын тыңдап сорлап қалған екенсің-ау. Қадірің кеткен екен, байғұс шіркін. Содан көсегең көгерсе көрерміз. Естірміз ел алдына шыққаныңды. Саған мен айтпасам кім айтады. Қайта кейбіреулер көлгірсіп сенікі жөн дейді де отыра береді. Мына жаман машинаң кімге таңсық. Сені баяғы пәленшенің баласы деп ел сыйлап жатыр. Әкеңнің елге сіңірген еңбегіне, аруағына рахмет айт. Оны бір деп біл.. Бармасаң машинаңның ішін ұрайын... бірақ жолдастық қымбат еді,— деп жұрттың көзінше масқара етіп, бетіне түкіргеніне Қиекең шыдай алмады. Өн бойын ыза, кернеп атып тұрды да:

— Әй, оңбағыр, жүр кеттік,— деді. Іле-сала машинаның моторын от алдырып жүруге ыңғайлады.

Кәлен қасында, машинаны зырлатып келеді. Кәлен сөз бастады:

— Баяғыда осы жерде өгіз арбамен жүретін едік. Бүгінде машина мініп келесің. Құдайдың бергенін де ұмытасың, ә? Өзіңде шүкірлік, тәуба бар ма?— деді әжуалап.

Қиекең иығын қиқаң еткізіп рульді мығымдап ұстап:

— Уақыт етеді, ескі тозады, кәрілер өледі, жастар өседі, үнемі жаңарып жатады. Оның бәрін еске қалай сақтай бересің,— десе де кеудесін мақтаныш қоздыра түседі. Төбесі көкке жетіп, оның әңгімесіне ден қойып, өзі де ойына түскенін соғып келеді. Бір сәт Кәлен қарап отырмай:

— Машинаңның жүзі қайда? Кәне, көрсетсеңші? Өзің дүниеқор боп кеттің бе? Е, несіне дірілдеп-қалты-

райсың,— деп тілін тигізді. Қиекең намысқа басып, әрі қызулығы бар жүз жиырмаға салып кеп жіберді. Қарсы алды саяндау жер сияқты еді, тіп-тік жарға қалай келіп қалғанын аңғармай тормоздың орнына газдың барынша басты келіп... қас қағымда әңкі-тәңкісі шығып машина ұшты да кетті.

Қанша уақыт өткені естерінде жоқ. Қиекеңнің жасы қалыпты. Кәленнің өлі, тірісімен шаруасы болғандық жоқ. Төрт аяғы аспаннан келіп, умаждалған қағаздай болған машинасын ойлап күйіне бастады. Қиекеңнің іші удай ашып барады. Еңкілдеп жылағысы келеді. Шорту көзінен жас та шығар емес... «Қайран Берекетов әй, әулиесің. Айтқан ақылыңды да тыңдамадым. Обал жоқ өзіме»,— деп ішін ит жалағандай күйінді. Шыбын жанынан дүниені артық бағалайтынын пәндеге сездіргісі келмейтін еді. Айдалада, жеті қараңғы түнде оның күбірін кім естісін. Бір сәт абдырап: «Құрғыр басым орнында ма?— деп сипап көрді. Қиекеңе басы бөлек жатқан тәрізді көрінді. Сипап қараса жып-жылы қан. Бірақ басы орнында сияқты. Оған да шүкіршілік етті. Машинаның терезесі күл-талқан болыпты. «Енді несі сынды, қай жері бүлінді. Пайдаға асатын несі қалды?» деп ойлады. Сол кезде Кәлен ыңырсыды. Оған Қиқым бай кіжінді. «Өрем қапқыр әлі тірі. Бәрі сен шошқаның қырсығы. Өзі ыңырсыды, әй». Қайтадан қараңғы да қарманып машинаның қай жерлері сынғанын сипалап қарай бастады. Бірақ артынша және ыңырсыды. Ойпырмай, иығым қозғалтпайды. Қара тас байлап қойған сияқты. О-о, зіл көтерем. Не пәле? Еңсемді руліз езіп тастаған ба? Тіпті желкем де ауырады, жұлыным аман болғай. Оң көзімнің орнында шоқпардай ісік пайда болыпты-ау. Қан содан зулап жатқан шығар. «Қай жерімнен мін таптың, қалқатайым», деп әндеткенде, көзіңнен, деп жұрт күлетін соқыр болып қалсам тірі масқара. Машинасы құрысын, бас садақасы. Өзім аман болсам, дефицит товарлар әлі талай машина табар. Бұл

енді пайдаға асар ма, әлде түкке қажетсіз болды ма? Есіл дүние-ай!» — деп ойланды. Қамығып біраз жатты. Сосын: «Пәленің бәрі осыдан. Қолымды қағып жіберді, ұдай мас еді, деп сотқа арыз беріп, Кәленнен машинаның құнын өндіріп алсам ба екен. Кеше қосымша ақының өзіне он бір мың сом ақша алам, адал еңбек деген осы деп көкіп отыр еді. Ақшасы бар, несі кетеді. Төлейді де шығады. Өзі тірі ме? Өлген адамды сотқа беріп тірі масқара болармын. Тірі шығар... Қайран машинам. Қаншалық өкініш. О, құрып кеткір арақ. Қанша залаы тиді. Айналайын Ерекетов, әулие екенсің-ау. «Ішпе арақты, сақ бол. Екі елі аузыңа төрт елі қақпақ қой» деп едің. О, сорлы басым, тыңдадым ба оны. Сосын ма-на албасты Кәлен, жағыңа жылан жұмыртқалағыр Кәлен. Неге арам қатпады екен. Қимылдайды, көрер қарығының таусылмауын. Әлі тірі... Арам неге қатпадың. Қайран машинам-ай!» — деп айқай салып, дауыстағысы келді. Бірақ үні шықпайды.

— Әй, сабака, маған тірімісің деуге ауызың келісей машинаңды айта беретінің не? Әкеңнің... машинаң құрысын. Тірі қалсақ... О, белім, ух, ішім,— деп Кәлен жарманды да: — Мә, саған, мына төгіліп қалған ішек-қарын сенікі ме, менікі ме? Астағыпыралла тәубе, қанымыз ақтарылып қапты,— дегенде Қиқымбайдың әресі зәр түбіне кетті. Қарынын байқап еді, аман сияқты. Ішек қолына ілігіп еді, иманы ұшты. Ішін қайта ипалады. Өзі аман. Сосын сасқалақтап: «Мына сорлы орлап қалған екен. Сотталу деген осы ма?» — деп жан шырып Кәленнің қарынына тап беріп еді. Ыңырсыды. Өзікті ештеңе жоқ сияқты. Қарыны жарылмаған... Ішек қайдағы пәле, Қиқымбай қайта сипады. Кәлен өзін ашып:

— Сабака, әкең аштан өлген жоқ. Әкең азамат еді. Мен сабака машинаның ішіне қойдың ішек-қарынын алыпсың ғой. Мынау қойдың ішегі емес пе? — деп қолындағы ішекті айдың жарығына тосып қарады.

Қиқымбай да анықтап көрді... Сонда барып есіне түсті. Мана әйелі ішек-қарынды жақсы көрем, деп қағазға орап машинаға тыққыштап жүр еді. Бір заматта екеуі де жын ұрғандай сақылдап күлді. Сөйтіп, Қиқымбай тірі қалғанына екінші рет қуанды...

Не басыңды ауыртайын, Қиқымбай сынып бүлінген машинаны қалыпқа келтіремін деп біраз әлекке түсті. Ақшасын қойшы, — елдегілер есесін қайырды. Кәленді сотқа беруі де ықтимал еді... Бәрінен бұрын машинаны жөндетем, деп ұйқысы қашып, табаны тозды. Азар дегенде жөндеуді ойдағыдай жайғастырды. Сосын жора жолдастары да, туыстары да:

— Бұл машина құтсыз болды. Қырсық шалғап екен. Мұны енді қайтып мінбе? Қу дүние басыңды жұтар. Атадан жалғыз едің, ақылымызды тыңдасаң сатып жібер, — деп қолқалады. Бірақ, әйелі сазарып, көгеріп тырс етпеді. Тіпті Қиекең кісі екен, деп сөйлеспейді. Ала көзімен анда-санда бір қарайды да қояды. Үйге де қонғысы жоқ, қорыққанынан кіріп, шығады. Мейлі оны қойшы. Көріп жүрген, үйреніскен құқайы ғой. Әрі ойлап, бері ойлағанда, жұрттың сөзі ме, әлде сәтсіздіктің зардабынан ба, өзінің жүрегі машинаны мінуге дауаламайды. Бойды секем билеп алды. Машинаға аяғын салса аударылып бара жатқан сияқты. Тіпті талай адамдардың бәрі қарадан қарап:

— Қиеке, машинаң құтсыз екен, — деп аяр көзі салатындай сезінеді.

Ақырында оны сатуға бел байлады. Оның да рет кездесе кетті. Оны да Берекетов ұйымдастырды. Воңзал жақтағы сырахананың сатушысы өз бағасыны үстіне мың жарым сомды қосып берді де мініп, қай қайып тұрды. Өзінің «Волгасы» бар еді. Мұны бір туысына алыпты. Оның несі таң... Сатушылардың барлығында дерлік машина бар ғой. Солардан қалмаймы деп бәсекелесіп Қиекеңді де құдай атты емес пе? Ақырында ақшасы өзіне олжа болды. Берекетов аман болс

ағы да машина алар-ау. Ендеше «құтсыз» машинасын з бағасына сатқанына қалай қуанбасын. Нансаң жы-ап жібере жаздады Қиекең. Үшінші қуанышы сол еді. манда қуанғанға не жетсін. Бірақ бір тақыс қудың қай олжа оңалтпайды деп суырылғаны Қиекеңнің жү-егіне шаншудай қадалды. Сол сөзді ойласа жаман үстер көріп, ас батпайды. Ұйқысы қашып қуарып, сүдеп барады. Ішінде жыланы бардай алдына келген сты талғамай соғушы еді. Тіпті астан қалып, жүр. Абырой болғанда Берекетов келген сайын:

— Саспа, бәрінің де түбі қайыр, ештеңе етпейді, өрін де тезірек ұмыт. Таяуда бәрінен де қымбат қуа-нышқа жолығасың, — деп күпінтіп кетеді. Оған да шү-ір дейтін... Бірақ, аяқ астынан облыстық тұтынушы-лар Одағының ревизорлары оңдырмай қолға түсірді... Бұдан аман құтылуы неғайбыл-ау...

Көзіңе қара

Қиекеңнің дайындау кеңсесінің қойма меңгеруші-гігіне орналасқанына да біраз болды. О да Берекетов-тың қамқорлығы арқасында... Бұрынғы Игісіннің ұс-тап, тұтынған қоймасы. Елу мың сом мойнына мінді. Салақтығы ма, ішіп, жеудегі олақтығы ма, кім білсін. Бірақ, табыс мол болатын түрі байқалады. Демек, май-ы жіліктің басын ұстаған екен дей көрмеңіз. Магазин-дегі ревизия әбден титықтатып, зәре-құтын алған. Енді ала жіпті аттамауға ант, су ішті. Оның үстіне жаңа мекемеде күн сайын шабылып, шаншылумен өлуге қалды. Табаны күлдіреп жүр. Елуге келсе де елу грамм салмағын жоғалтпай, қайта май үстіне май жамаушы еді. Саудадан басқа бейнет, ақша санаудан басқа азап көрген жоқ. Егер олжасын азырқанса үйін басына кө-теріп бажылдаушы еді. Мына жұмысқа келгеннен бері бес айда бес грамм салмағын жоғалтыпты. Бәрі маши-на авариясынан соң, дефициттің де қырсығы тиді ме?

Ревизор да келе қалды... Ойға шомды. «Ревизоры ант атқан көкбет екен. Өзі мысықша басып жаймен есіктен кірді. Киім киісі де жұпыны. Тым қарапайым. Зат сатып алған адамдардың затын қайта өлшетті... Әкелерінің құны қалғандай жұрт та көп зат алған екен. Әр килограмнан бір тиыннан кем шықты. О да сөз бе екен. Ант атқан неме магазиннен ай сайын сатылатын отыз, қырық тонна азық, түлікпен салыстырып бір тиынды көбейтіп кеп жіберді. Пәлен жүз боп сарт ете қалды. Ал құтылып көр... Оның үстіне Наржан көдімгі көріп кел, менің үйімдегі пәнде білмес жердегі қанша сом ақшаның қалай тығылып тұрғанын айтып берді емес пе? Құтылып көр... Қиекең көзіне қара шыбын үймелегендей қатты налиды. Соры қайнағанда оны біреуге айтса үлкен пәле екенін де ескертті. Берекетов те араша түсе алмады. Оған Наржан жәйін айтуға жүрегі дауаламады. Біраз уақыт жұмыссыз жүрді. Ақырында осы қоймаға орналастыруға мұрындық болған Бөкең еді. Жаны ашыған шығар... Қайтеді, ішпесімді ішіп, кимесімді киді. Олжаны қылдай қақ бөлісті. Қиекең соны ойлап еді, бір сәтте басы айналып, көзі қаруытып барады. Басын қисайтып, көзін жыпылықтатты. Сол заматта телефон шылдыр ете қалды. Апыр-ай, жүрегі зырқ ете түсті, сонда да қолы қалтырап телефонды көтерді. Пәленің бәрі осы телефоннан басталғанын іші сезіп жүр. Не айтып, не қойғаны биопленкаға түсіп жатса қайтеді. Амал қайсы:

— Ало-у, Қиқымбаймысың?— деді біреу байсалды үнмен.

— Ия, ия, дәл соның езі,— деді Қиекең елбең қағып.

— Маған келіп кетші,— деді.

— Маған келіп кетші,— деп қақсайды да отырады. Бұл не пәле,— деп ойланды Қиқымбай. Шақырып тұрған Берекетовтың қазіргі досы Сәдір. Дайындау конторының бастығы. Қиекеңнің күндегі ораза ашуы

осылай сөйлесуден басталады. Бастық шақырады екен, бармасқа лажы жоқ. Аяғының ұшынан басады. Қиекең елбең қағып қойманың есігін ұқыптап кілттеді. Кеңсеге жортақтады. «Шұлғауыңа сүрініп жүрсің бе?» деп ұрсып тастағалы аяғын асыға басатын әдет тапты. Кеңсеге кіріп, еңтігін басып отыра бергенде Сәдір:

— Неғып хабарласпай кеттің?— деп тесіле қарады. Күркірегенде адамның зәресін алады. Құлағының жарғағын жаратындай қатты айтады. Түр-түсі де ызғарлы. Қиекең тура қарауға да тайсақтайды. «Қара сұр неменің өңі қандай суық, қанжардай жарқылдауын пәленің»— деп ойлады. Сосын:

— Қоймадағы тері, терсектерді сұрыптап қолым тимеді,— деді.

— Адамның жанына тиіп, нервін қоздырып қайтесің. Онсыз да адам мың жасар деймісің. Одан да өзге дәлел айтпайсың ба?— деді.

Сәдір танауы делдініп Қиқымбайға ала көзімен жақтырмай қарады.

— Ал-оу, Жүке, қойма меңгерушісін шақырып алдым. Сіздің қолыңыз босаса кіріп шығамыз ба? Он бес минуттан кейін дейсіз бе? Өте жақсы, Жүке,— деп Сәдір әлгіндегі қаңтардың аязындай қатулы мінезін өзгертіп жібекше есіліп жатыр. Қиекең Сәдірдің сөйлесіп отырғаны Ақпаров екенін іші сезді. Сәдір екі минут үнсіз отырды да:

— Кеше кеште қоймаға келген кімдерің?— деді түксие қарап. Тағы да күрке тауықтай күркілдеді. Шабынып орнынан түрегелді. Әр сөзін бұршақша жаудырып:— Ол кімдер... интересно, беймезгіл қоймаға бөгде адамдар келеді. Бұған кім шыдайды. Мұншалық еркінсуді үзілді-кесілді тоқтату керек. Бүйтіп қалай жұмыс істейміз,— деді зіркілдеп.

— Бәрі де ауданнан тері, терсек әкелгендер. Өздері теріні сапасыз дайындайды. Одан қандай сапалы

былғары шықпақ, кәдімгі көн тулақ дерсің. Дайындаушыларды тәртіпке шақыруға көмектессеңіз. Онымен қоймай қайтсең де аласың, деп мені қыстайды,— деді Қиқымбай қайта төте жауабын қайырып.

— Терінің сапасына басың қатпасын. Арнаулы заводы бар, оны ешқандай желеу етпе. Өйтіп-бүйтіп өткізе салсақ жетеді. Ал, ондатра, қасқыр, түлкі, құндыз терілері аман ба? Басқа жұмысты маған үйретпей-ақ қой.

— Сізге үйрету қолымнан келмес, дегенмен сапасыз терілерді завод алмаса қайтеміз?

— Уау, әуелі сұраққа дұрыстап жауап бер!

— Аң терілері ме, бар ғой,— деп Қиекең міңгірледі.

— Түп-түгел қабылдадың ба?— деді Сәдір бақшаңдап.

— Ия.

— О-оу, қылжақтайсың, ә. Дефицит терілер болушы ма еді. Біразы қолды болып келмеске кеткен шығар. Сенің қырсығыңнан бір күні бәріміз сотталамыз. Қалай сатушы болғаныңа қайран қаламын,— Сәдір қобалжыған сыңай байқатты.

— Ау, жарқыным тиісті қағаз бойынша санап алуға сауатым жетеді,— деді Қиқымбай іштей қатты қиналып.

Сәдір шемішкі шаққандай тамсанды. Галстугын түзеп сағатына қарады. Бөлме ішін кезіп жүрді. Уақыт өтіп жатыр. Бір заманда ресми әлбетпен:

— Қанша уақытым текке кетті. Сені қалыпқа түсіреміз деп болдырдық. Бұдан әрі төзуге болмайды. Бастықтарға барамыз, жүр,— деді.

Бұ да Қиқымбайдың күнде көріп жүрген құқайы еді. Бірақ, бүгінгісі өрлеп барады. Ақпаровтың кабинетіне сүйреу тым өрескелдік... Мұның астарында оңай олжаны бөлісу сыры жатқанын Қиқымбай біледі. Өзі-

нің іші жек көрмейді, бірақ Наржанның сиқырлы аппаратынан қатты қорқады...

Міне, бастықтың кабинеті. Терезеден түскен күн сәулесі бірте-бірте қысқарып, талтүсте жұмыртқадай аунап түскен еді. Ақпаров алтын жиекті кезілдірігін қолына ұстап сынай көз қиығын тастады.

— Сіз хабарласпайды екенсіз, оның мәнісі қалай? Берекетовтың талай жақсылығын да ұмыттың ба? Адамға тоғыз мәрте жақсылық жасасаңыз аз, ал, бір рет жамандық жасасаң көп болады, ә. Ашығын айтыңыз, дәл солай ма? — деді Ақпаров.

— Білмеймін, — деді Қиекең әбден жүйкесі жұкарып ештеңе де ойланбастан. — Менің ешкімге де жазығым жоқ... Өз басымды қақбақылдан қалай құтқарарымды білмеймін...

— Естіп отырсыз, расында да бәсеке, осыдан секем алам. Тері-терсекті бір жаққа зытырып жатқан жоқ па, деп күдіктенем. Сізге айтуға бата алмай жүр едім, — деп Сәдір мүләйімси қалды. — Бұл қойманы қағаберісте қалдыруға болмайды, — деп тапқырлық жасағандай сыңай танытты.

— Аң терілері көп пе? — деді Ақпаров сызданып.

— Біраз бар, — деді Қиқымбай дағдылы бірсөзділіктен танбай.

— Біз қай терінің үстіне қандай тышқан жорғалап өткеніне дейін біліп отырамыз. Ау, Жүке, марқұм Игісіннің қадірі өтті. Барлық жай-жапсарды тез ұғып, көздегіні емес, көңілдегіні де білетін еді, — деді Сәдір.

— Өздерің біліңдер. Берекетовпен ақылдас, — деді де Ақпаров кетуге ыңғайланды. Үшеуі де ақтарылып шығып кетті. Берекетовтың кабинетіне келді. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай Сәдір жанталасып жүр.

— Кіруге бола ма?

— Кіріңіздер...

— Бөке, ден саулық жақсы ма? Бала, шаға қалай? Сіздің ден-саулығыңызды тілеп жүрміз. Келініңіздің

түсіне еніпсіз. «Ағайдың өмір жасы ұзақ болады және жұмысы жоғарылайды» деп түсін жорып отыр. Міне, ғажап емес пе?! Бөке, қойма меңгерушісі Қиекеңді білесіз... Түскі үзіліс те болып қалды, тығыз-таяқ болса да сөйлесіп көріңіз. Ақпаровта болдық, өздерің шешіндер деді.

Әдеттегіңше Қиқымбай шеттеу орындыққа отырған-ды. Сәдір Берекетовтың қарсы алдындағы шолақ столға қойылған орындыққа қарама-қарсы жайғасқан болатын.

— Қиеке, бері жақын отырыңыз... Магазиндегі күнің кайтіп келмейді. Осы жерге көндіруге тура келеді. Солай ма?— деп Қиқымбай арнайы айтты.

— Бағалы аң терілерінің бүлінетіні, тіпті біреуінің екеу болатыны, егер жақсылап керіп тастаса, оны тиісті қағазбен есептен шығару деген бар емес пе? Тіс қаққан адамның түсінбеушілік азабына қашанғы көнеміз. Басеке, қоймадағы қымбат терілер түгел емес пе деп те қорқам,— деді Сәдір өзінен-өзі күйіне сөйлегендей болып.

— Түп-түгел,— деді Қиекең дауысы қаттырақ шығып. Әбден қажыса керек. Сәдірдің әрі итеріп бері жығуы, мысыққа ойын керек, тышқанға өлім керектің кебі. Ақырында түскі үзіліс болып қалды. Сағатына тынышсыздана қараған Берекетов:

— Қиеке, шегінетін жер жоқ, жарылатын бас жарылды, деп бір тентек төбелесе беріпті ғой. Сол айтқандай «біздің» адам екеніңізді ескересің. Былайша айтқанда тағдырың қолымызда болғандықтан Сәдірдің айтқанын орындауға тиістісің,— деп сұс көрсете айтты. Бір ауыздан Қиқымбайды сынай тұруға келісілді. Сонымен Қиекең жұмысқа аспан болып барып жер болып қайтып жүрді. Тәңіратқыр үйде әйелі де бұрқылдап самауырынша қайнауын көбейтті.

— И-и, жұрттың әйелі андатра, қаракүл тон киін

шалқақтап жүр. Сен болсаң қымбат терілерді қоймана сірестіріп қойып бір тон тіктіруге құдыретің жетпейді.

— Қызық екенсің өзің,— деп шытынай тіл қатады.

Әйелі одан сайын ызылдауын үдете түседі. Қиекен әйеліне:

— Далада жатқан тері бар деп отырсың ба өзің... Сатушы кездегі кінәм да жетер. Енді әділетсіздікке қия аттай алар емеспін. Өз басым, жаным қымбат.

— Далада жатпаса, қолыңда тұрған жоқ па, сіресіп. Солардың бүлінетіні, істен шыққаны болмайтын ба еді. Талай килограмм шай, қант, конфеттерді «спитать» етуші ең. Бөкең қайныммен тіл табысып келісең жетпей ме?! Олардың да іздейтіні сол шығар... Бөкең негізсіз ұрынбайды. Қолына түскен олжаға ортақтаса бер, нең кетеді, көз жұмбай дария кешпейсің,— деп әйелі сумаңдайды. Берекетовтың әйелін үгіттеп қойғанынан бейбахар Қиекең сіркесі су көтермей жүйкесі құрып:

— О қу дүние-ай... үріп ішіп, шайқап төгер күн қайда?— деп Қиекең ауыр ойға шомады. Су түбіне біржола батып бара жатқандай сезінеді. Бүгінде терінің жолы бөлек, Ақпаровтардың түпкі сыры аң терісін бөлісіп алу екенін де біледі. Қу балық қармақты құйрығымен қозғаса, облыстық тұтынушылар қоғамының бастығы Ақпаров «жер одақтары» арқылы небір пәлені істеді. Берекетов одан өткен. Оған көз жеткенді... Құмырсқаның илеуіндей қылмыс құпияларын Наржандар біледі. Ойшыл, зерттеу аппараттары арқылы түлкіге түтін салғандай етулі. Ал қылмыс үстінде ұсталғалы Қиекең тырп ете алмайды. Наржанның қимылы басқаларын торға осылай түсірмек... Соңғы кезде Қиекеңнің өңі шүберектей қуарып, жұқа танауы қусырылып, әбден басы қатып жүр. Адалдық пен арамдық арпалысы... Ізгілік пен зұлымдық күресінің соңғы тұяқ серпері... Соны ойласа жүрегі дір ете қала-

ды. Істі болмай тұрғанда, басы аманында бұл «жеродақтан» сырғып кетуді армандайды. Қайдам. Берекетовтей көлденең тұратын кедергіден де қатты қорқарды. Игісіннің қалай өлгенін де естіді. Сосын жанынан хауіптенетіні де бар. Өзі де сау емес... Біраз жалған документтер Қиекеңнің атымен өтіп кетіпті. Оны Берекетов тайға таңба басқандай біледі. Қалай ойласа да болашағы сөніп бара жатқан күннің қызылы тәрізді... Қайткенде де Қиқымбай адам аяр күйде... Көзіңе қара деу — олжаны бөліселік деген емеуірін екенін де біледі. Сөйтсе де амалы қайсы?.. Қиқымбай бәрінен бұрын жуадай солам ба, деп қорқарды.

«Жеродақтың» кеңесі

Бірде облыстық тұтынушылар одағының отырысы болды. Онда сауда орындарындағы жұмыстың осал жақтары қаралды.

Тәрде обадай боп отырған Жүкен Ақпаров алдымен өзінің алты орынбасарының мінез-құлқын мініскердей бақылады. Қара костюмінің түймелерін ағытып, ақ көйлекке жарастыра таққан галстугін түзеді. Қалтасынан ақ жібек орамалын алып қолын сүртті. Өз столына ұзынынан түйістіре қойған жып-жылтыр қоңыр столдың екі жағына жайғасқан орынбасарлары бастарын түйістіріп отырған сықылды. Алдарында қағаз, қаламдар жатыр.

Ақпаров мұрнының үстіне аунақшыған алтын жиекті көзілдірігін түзеп, мәжілісті бастауға кірісті. Бірінші орынбасары Берекетов сауда жұмысының барысына қысқаша шолу жасай келіп:

— Өздерің білесіндер, дайындық орындарының жұмысы оңбай тұр. Үнемі жоспар орындалмайды. Қазір алтынның сынығындай боп отырған аң терілерін дайындаудан үміт үзілді. Жүке, өзіңіз де бұл мәселені аралап көрдіңіз, қабылдаушылардың жұмысы адам

түңілерлік, — деп иығын қиқаң еткізді. Бір жәткірініп, отырғандарға біраз қарады да: — Мына отырған Сәдірді соншалық құрметтейміз, әрқашан іскерлігін айтып жүрдік. Бірақ, қазірде қарауындағылары жұмысты бүлдіріп жатыр. Менімше Сәдірдің қашанғы тілеуін тілеп, жұмсақ орынға жайғастыра береміз... Ревизорларымыз болса осындай өрескелдікті түзетудің орнына бірге жүріп, бірге тұратын әмпей деседі.. Мұның аяғы неге соқтыратынын кім білсін...

Берекетов кішкене тыныстап әдейі Ақпаровқа қарады. Сол минутында Ақпаров оның әңгімесін бөліп, біртүрлі ызбармен:

— Берекетовтың айтып тұрғаны рас па? — деп Сәдірге сұрақ тастады. Шүңірек көзін жыпылықтатқан Сәдір:

— Бәрі де рас... Кемшілікті мойындаймын... Көбіне ревизорлар жұмысымызға кедергі етеді, — деді жүрегі мұхиттай толқып. Сөз бағыты, ойларына қарағанда алдын-ала келісіп қойғандай бір жерден шығып жатыр. Ақпаров болса осы отырған үш орынбасарының ішкі сырын, пікірлерін толық біле алмайды. Себебі, жұмыс істегендеріне көп уақыт өте қойған жоқ. Шынтуайтында олардың айтқанына оншалық мән бере де қоймайды. Аз-кем пікірлері болса жорта құптаған боп жеңіл құтыла салады. Қалған үш орынбасары Ақпаровтың ойына зәредей де қарсылық етпейді. Не айтса да рауа деп құптайды. Соның бірі, ең сенімдісі, Берекетов. Зады өзінің пиғылына қайшы келе беретін, немесе, сауда саласында білгірлігі мықты кадрларды Ақпаров онша ұнатпайды. Оны басқаларынан бұрын Берекетов әбден зерттеп, біліп алған. Сосын да Ақпаровтың сөзін бөліп, тежегеніне ләм-мин деместен, қашан ықылас білдіргенше тауықша мойынын ішіне тығып тұрып алды.

— Товар ассортименті қалай? — деді Ақпаров отырғандарды бір шолып. — Сауда жасаудың жаңа

әдістерінің жүзеге асырылуы барысын ұмытқан жоқсың ба? Ғылыми-техникалық прогресс бөліміндегі Наржан мен Иванның құлағына алтын сырға. Қымс етсе біз болашақ жолына қызмет етеміз деп сөзімізге онша құлақ қоя бермейді... Көздері де, көкіректегі ойлары да алысқа шырқап бара жатқан шығар...— деп Ақпаров әдейі тигізе кекесін түрде сөйледі. Екеуін қосақтап зілмен айтты. Қайтадан мырс етіп:— Біздің кейбір жігіттер тәйтiк сөзге үйiрсек, Берекетов, солай ма? Одан да пайдалы iске кешкен жөн... Көне, айтатын ендi нең бар?— деп Ақпаров маңғазси қалды.

— Магазиндерде товар ассортименті жаман емес,— деп Берекетов ішіне сыйғыза алмаған біраз кем-кетік жәйларды бастықтың ыңғайымен ақтара бастады,— азық-түлік дүкендерінде сауда жұмысын автоматтандырудың қағазда аты бар да, заты жоқ. Мәселен, нан дүкендерін алалық. Әркімнің нанды қолымен шұқылап қарауы, не деген сұмдық. Техникалық жабдықтар қаңтарылып тұрады да, сатушы да, тұтынушы да ескі дағдыдан аса алмайды. Қоймалардан зат түсіру, зат тиеу механизмдері жұмыс істемейді. Сатушылардың өшпес арманы сол. Қайтеді, мықшындап жүк түсіру оңай болсын ба? Айта берсе әр сатушының өз мұңы, талап-тілегі ұшан-теңіз. Оның қайсыбірін айтып түгестіресіз. «Биопленкалық жүйемен сауда жұмысын жүргіземіз» деп желпінушілер бүгінде құлағын мақтамен тығындағандай. Басекең, дұрыс айтады. Ғылыми-техникалық жаңалықтарды өндіріске тездетіп енгізудің орнына Наржан мен Иван босқа жүреді. Көңілдері жайбарақат... Аспаннан аяқтары салбырап түсті ме, соншалық? Бүйтіп еркінсіте беруге болмас.

Берекетовтың біреулердің қытығына тие сөз саптауы да түсінікті. Ақпаровпен келісіп алмай аузын ашпас еді. Сырт көзге бір-біріне кейіс білдіріп, әлкем-

шәлкем сөйлесіп қалатыны да бар. Ол кемеліне келген «жерсдақ» шарттарына нұқсан келтірмейді, жақтас-тық қалыптан тайдырмайды. Берекетов айтарын айтып орнына отырды. Адамдар қозғалақтап қойды.

— Ал, жолдас Берекетов, «ювелерный» магазинінің директоры кезінде іскер сияқты едің. Әлгінде айтылған ойдай кемшіліктерді түзетудің орнына бұл-бұлдай сайрап өзіңді ақтап, кінәлі адамдарды масайратып жібергенсің... Сауда саласындағы «дерт» тез ушығатынын білмейсіздер ме?— деп Ақпаров аралары суық адамдай сыңай танытты. Кәдімгі бақталас пенденің қолма-қол ойлап табатын кесапаты осындай-ақ шығар. Екеуін де сыбайлас екен деуге ешкімнің де аузы бармас еді. Ақпаров ішкі сырын бүгіп ойға шомып отырды да:

— Наржан мен Иван не айтар екен? Тыңдап көрелік. Әр сатушы қылығын мақтайды, әр тұлкі құйрығын мақтайды, деген бар,— деді бейжай күйде. Үніндегі жек көруді дағдысы бойынша сездірген жоқ.

Әуелі Наржан орнынан тұрды да:

— Сын орынды,— деп қаймықпай сөзін жалғады,— техникалық жабдықтарды кәдеге жаратуда, жаңалық табуда құралақан емеспіз. Бірақ, сауда орындарындағы, әсіресе басшы жұмыста жүргендердің көбінің арнаулы мамандығы жоқ. Зоотехник, агроном, мал дәрігері, мұғалімдік дипломы барлар толып жүр. Олар біздің жаңалығымызды іске асыруға ынта қоюдан гөрі кекесін араластыра күлкіге айналдырады. «Бес тиынның затын сатып, он тиын алғанымыз жанымызға жәйлі» дейді ауыздары қисаймай. «Айна менен тарақ бар, алмасаң да қарап қал» деп сауда дүкенінде прилавка, таразы, зат тұратын орын, сатушыдан басқаның бірде-бірі біздің жағдайымызға жараспайды, дейтін кертартпалықтан тауымыз шағылды. Атақ-даңқтан артық дерт жоқ. Өз мамандығын ұқсата

алмай ұмытқандар, өзге саланы басқарып қандай опа бермек. Осы жәйтті де ойланатын кез жетті ғой деп ойлаймын...

Наржанның қызбалығы ұстап айтқан сөздері Ақпаровтың жүрегіне шаншудай қадалды. Дәл қазір атарға оғы жоқ, тойтарып тастауға батылы жетпеді. Мұншалық батылдыңтың тегін еместігін сезіп қалмаса қайтсін. Дегенмен Наржанның оң пиғылын теріске шығармақ болып:

— Наржан сауда жұмысына зерек екен. Сондықтан да жоспарлы істерді жүйелі атқаруға кімнің жаны ашыса, соның бетінен қақпауымыз керек. Сәдір дайындық мекемелерінің жұмысын ақсатты екен, оны орнынан босатып Наржанды жіберген жөн. Сәдір жұмысқа салқын қарады. Сауда да қылмыс жасаған Қиқымбай сияқты қуларды алтын сырыққа қонақтаған торғайдай паналатып отыр екен. Осындай барлық кем-кетікті Наржан түзетсін. Бірақ, естеріңде болсын, торғай жүзге келгенше секектейді, деп көп білем деген адам түк білмейді,— деді Ақпаров. Ол өз ойын өлшеп-пішіп сөз салмағын үміттен гөрі күдікке тіреді. Екі-ұшты пікір жұмбақ болмысқа бағышталғанын өзгелер де аңғарулы еді. Сәттік кездегі үнсіздікті бұзып:

— Ау, жолдастар, сау жерден саңылау іздеудің қажеті қанша?

— Жүке, Наржанның пікірі орынды емес пе? Кадр мәселесін қайта қарап, көп нәрсені бірігіп шешу керек шығар,— деген сөздер айтылып еді. Бірін-бірі аңдыса қарасып отырғандар қозғалақтап қойды. Ақпаровтың күдігі молайып, сұп-суық сөздер жанын іскектегендей, тіпті пышаққа түсер күйде болатын.

Бұдан әрі мәжілісті созуға зауқы шаппады. Ақпаров қара басқандай қалтырап барып, буынын қайта бекітті де:

— Ал, жолдастар тым асығыс шешім қабылдамалық. Әлі де көбірек ойланып, келесі мәжілісте нақты пікірге келерміз,— деді Жүкең. Әзірге өз тізгіні өзінде тұрғанда өз дегенін істетпей тына алмайды. Басынан сөз асыруға тиісті емес. Наржанның көлеңке жәйттерді тілін безеп, жанын қажай айтқанына қыңа қояр ма екен. Ақпаров осындай егестің іштен тынбай жария боп тұрғанының тым пайдалы екенін біледі. Ондайда көзі жайнап кетеді. Қарсыласына шабуылдың сан түрін пайдаланады. Қандай мықты болса да өзінің жел жағынан шығып, айтқанына көніп, айдағанына жүрмесе табанын тайдырып жіберуі оп-оңай. Қажет болса ендігәрі сауда маңына жуымастай етіп, костюмін теріс айналдыра кигізе салуға да құдіреті жетеді. Бәрібір өз қолымен от көсемейді. Қайта торға түсіріп тұрып жылы жүзбен:

— Бұлай болады деп ойлаған жоқ едім. Өзінді орайы келгенде өсіру де ойда жүрген еді. Дегенмен үмітінді үзбе, хабарласып тұр,— деп қимас адамындай шығарып салуды да Ақпаров ешкімнен сұрамайды. Азын-аулақ сыйлық бергізіп, еңбек кітапшасына алғыс жазудан да тайынбайды, қайткенде де алдап-сулаудың барлық амалын қолданады. Отырғандар мәжіліс тарады деген соң орындарынан тұра бастады. Ақпаровтың аузынан көбелекше ұшқан сөзді Берекетов бағып қалған. Мына жұрттың ақтарылып шығуының да аңлысын аңдыды. Жұрттың соңын ала жылыстады. Өңі солғын, қабағында аздап кейістіктің ізі бар. Берекетов үн-түнсіз кетіп бара жатыр еді. Әлдекімге тісін қайраулы болатын. «Бұ, жұрт ішінде ит өліп жатса да білдірмейді екен-ау, Наржандарың батыл қимылында гәп бар»— деп сиқыр ойға батуы сол еді. Ақпаров шақырған соң жалт қарап, кідіріп қалды.

— Ана Сәдірді де шақыр!— деді әмір ете.

— Ау, Сәдір, бері кел,— деген Берекетовтың келте

қайырылған даусын естігендердің ешбірі де мән бере қойған жоқ.

Манағыдай емес Ақпаровтың күреңіткен жүзінде күлкі ойнайды. Төтенше киліккен кәдімгі ақмылтық күлкіге көбірек ұқсайды.

— Байқайсыңдар ма, мына Наржан мен Иванның аспандағы жұлдыздарды товар ассортиментіндей санағысы келеді екен, ә? Өздігінен өрт шықпайды. Өз обалдары өздеріне, ию-қию қашып жатқан экспериментті магазинге айдап жіберу керек алдап-сулап. Ол жұмысқа барлық кедергіні жан-жақты істеңдер, даулы дүниеден қалай шатылмай құтылар екен,— деді Ақпаров.

Бұл сөз Берекетовке өлгені тіріліп, өшкені қайта жанғандай әсер етті.

Сәдірдің де жанына майдай жақты білем, Ақпаровқа қарап жымың-жымың етті.

— Өте дұрыс, бәсеке. Бәлем кемшілікке белшесінен бір батса өзін ақтап алар дәлел таппас,— деді Берекетов тісін ақсита күліп.

— Сәдір,— деді Ақпаров,— Қиқымбаймен тағы да сөйлесіп көр. О есалаң көңгісі келмесе қарасын ыңшыңсыз батыру жағдайын ойластыр. Өзіміздің ревизорлардың магазинін тексергендегі қылмысты істері арқылы бір жәйлі етсек, ә? Дегенмен оны пайдаланып жарқабаққа әлі де шығару керек еді. Одан әрі итере салу оп-оңай болады. Әлі де екеулеп алдап-арбап көріңдер.

— Мүлдем көнер емес. Төрімнен көрім жуық, бұрынғы күнәм да жетер. Енді ешкімнің ала жібін атамаймын,— деп шіренеді.

— Өзі танауын көтергісі келеді де,— деп Берекетов суқаны шын сүймейтіндігін сездірді.

— Көерерміз әлі... бізсіз қалай күнелтер екен,— деп Ақпаров сөз аяғын ауырлата түсті.

— Дегенмен тағы бір сөйлесеміз,— деді Берекетов.

— Сәтті табысып едіңдер, енді басқа секіреді деңдер,— деп Ақпаров кері тарта бастаған «жеродақ» ісінен секем алғандай тыжырынды. Бірақ, оған кімді айыптайды, әзірге дәлелі де жоқ. Өзім деген адамдарынан сезіктену және қисынсыз...

Шақшадай басына бірі келіп бірі кетіп жатқан ойларды бажайласа денесін тік көтеруі неғайбіл. Ақпаровтың ширек ғасыр бойғы сұрқай істерін көз алдына бір елестетсе жаны түршігіп тоққа түсіп, немесе сірке суын ішіп өлер ме еді. Әй, қайдам. Оңай олжа кілтін өзі билеп, өзі төстеді.

Шынтуайтына келгенде қылмысты істердің бірінде, тіпті иненің жасуындай кінәні Ақпаровқа ешкім де арта алмас еді. Оған дәлел таппайды. «Жеродақ» мүшелерін қылмысқа белшесінен батқанша қолдап, қолпаштап, әбден шегіне шыққан кезде өзі-ақ ысырып тастап тазартып отырады. Қылмысына қарай жазасын тартып кетеді...

Ақпаровтың ондай тәсілін Берекетов жақсы біледі. Сыйға тартқан алтын браслетті сағаттардың номері, оны кімге сыйлағанына дейін анықтап алуы да Берекетовтың сақтығы еді.

Дәл осы минутта «су түбіне кетсем де өзінді бірге ала кетермін»,— деп Берекетовтың ойлап отыруы да ғажап емес-ті. Оның сыртында Берекетов Қиқымбайды қалқан ғып ұстап отырған.

Оны сауда дүкенінен дайындау конторының қоймасына әкелуінде гәп бар-ды. Көп ұзамай мойнына гас байлағандай етіп біржола аластату еді. Дүкенде мемлекет дүниесі түгел, Қиқымбай тұтынушыларды ғана сүлікше сорды. Оның бұл озбырлығын мойындату қиын болатын. Ал қазір дайындық қоймасында бұлк етсе құрулы қақпанға өзі түскелі тұрған-ды.

«Жеродақтың» үш мүшесі қай-қайдағы жұмбақ дүниенің түйіншегін шеше алмай қапалақтап сасып отырғаны сол болатын. Ашық белдесуге шығуға татымайтын, айла-амалмен тұзақтайтын әрекет те оңай емес.

Үшеуінің Қиқымбаймен қайта-қайта сөйлесетіні содан еді.

Бірақ, олар Қиқымбайдың «Жеродақ» кеңесінен біраз күн бұрын Наржан мен Иванның алдында ант-су ішкенін білмейтін. Құйтырқы ой, қылмысты оқиғаларды айна-қатесіз зерттейтін аппарат арқылы Қиқымбайдың үйіне тығып қойған қырық бір мың сом ақша, алтын, күміс бұйымдарын және не айтып, не қойғанына дейін, қандай айла-тәсілдермен тұтынушылардың адал еңбегін жеп келгенін, бәрі-бәрін нақпа-нақтап мойнына салған. Содан-ақ, Қиқымбайдың жаны түршігіп:

— Аққан жұлдыздай ғана жасым қалды... Аяңдаршы мен сорлыны, — деп өкпе-жүрегі аяғына түскендей болды.

Бордай тозып, жуадай солды. Иегі кемсеңдеп ақ күмістей шашын сипай берді де:

— Не істеймін енді? — деген сөзді Қиқымбай онсан қайталаған шығар.

Ақырында оңай олжаның бәрін банкке өткізіп қай-қайдағы зиянкес әдеттен біржола безуге бекінді. Қиекнің енді қалған ғұмырын саналы өткізуге арнағанын әйелі де білмейтін еді...

Еменге жармасатын шырмауықтай бір-бірімен мата-сып жатқан жемқорлардың жіптері шіріп, осылай үзіле бастағанына Наржан мен Иван қатты қуанулы еді.

Ендігі көлденең тұрған кедергі Ақпаров пен Берекетов.

— Сәл шыдай тұру керек. Шыдам, шыдам... — деді Наржан ойшыл ойнақы көзін алысқа тастап.

Ойлау аппараты...

Бүгінде ғылыми-техникалық прогресс бөліміндегі Наржан толғақ қысқандай онсан ойлар құшағында жүр...

Саудадағы қулық-сұмдықтың ақыр-соңына жетуді Наржан армандайды; жатса-тұрса, электронды есептеу машинасы есінен шықпайды. Биопленкалы аппараттың сауда саласындағы алғашқы қызметтері туралы Орталық «Уақыт» телевизия программасы көрсетіп те үлгерді.

Наржан ғылыми прогресс жолында шырт ұйқысынан талай рет шошып оянды. Талай түн көз ілінбей өтті. Дәл осы минутта өзімен-өзі күбірлейді. «Статистикалық тепе-теңдікті жүйе механикалық мағнадағы тепе-теңдікте болмайды. Оның себебі дүниеде азды-көпті флуктуациялар кездесіп тұрады. Ол жөн. Ал баланс әдісіндегі төрт топты қайта қарастырған жөн-ау. Жо-жоқ, бұдан ештеңе де шықпайтын шығар. Сонда аққұла еңбек пе?

Сарыла іздену керек әлі. Шіркін, ЭВМ-нің нәтижесін шұғыл көретін күн жетсе... Дыбысты магниттік жолмен жазу. Ендеше әр адамның ойын білу жолы — ең сезгіш, бір өзі онсан операцияларды атқаратын биопленка екені даусыз. Демек ақылды аппарат. Қолдан келгенінше тездетіп бітірсек. Кемшілік жіберген, немесе, сауда тәртібін бұрмалаушылардың бар кінәсін түгін қалдырмай мөлдіретіп, көзге шұқып көрсетіп, өз сөзін өзіне естірте — кінәлінің мойындамай кетпейтіні белгілі.

Әне, тұтынушыларды сүлікше сорып келген жемқор Қиқымбай қалай тығырыққа тірелді. Тырп етпеді. Тіпті тіршілігінен жеруге дейін барды...»

Наржан сәлден соң Иван Давидовичтің жанына

келді. Ол аппараттың стереофонды дыбыс жазу бөлігін тексеріп, қарап отыр еді.

— Ау, бауырым, бүгінше қойсақ қайтеді. Шаршадық. Давай, киноға баралық. Бәлкім серуендеп, сенделіп жүргенде әдемі ойлар келер, — деді Наржан.

Досының ұсынысына Иван тырс еткен жоқ. Өз-өзінен күбірлеп сөйлеп қояды. «Сигнал-хабарлар тасқыны. Хабарды тыңдау және хабарды беру жүйесі. Микромир... микромир... Ура!»

Аздан соң Иван жирен шашын сипап Наржанға күлімсірей қарады да:

— Сонымен ойшыл аппарат іске қосылды делік.

Наржан қабаттаса сөйлеп:

— Милиция қызметкерлерінің жұмысын біржола жеңілдетсек екен, — деді.

— Олардың жұмысын кибернетикалық «темір адам» басқарып тұрса, милицияның қажеті де бола қоймас.

— Көзінің алдындағы қылмыскерден айырылып қалатын кейбіреулеріне қиын болады десеңші. Жемқорлардың да соры қайнар енді, — деді Наржан.

— Егер барлық операцияны бір орталықтан аппарат арқылы басқарсақ сауда қызметкерлерінің де нобайы қажет болмас. Наржан, көріп тұрсың ба? Аппараттың сигнал жүйесін қалыпқа келтіру бас қатырып тұрғаны. Секунд сайын әрбір адамның миына жиырма бес рет сигнал — белгі келіп түседі екен. Сонда бір мидың құрамындағы нейтрондар қаншама? Оған соншалық көп бөлшек керек. Аса қиын... бірақ, іске асырылады...

— Әрине. Шіркін, өндіріске тікелей пайдаланып іске қосып көрсек, — деді Наржан күлімсіреп.

Талай түндер, күндер...

Көз майын тауыса сызылған схемалар, кестелер. ЭВМ механизмдері. Техникалық прогрестің жаңа жетістіктері бұлар.

— Иван Давидович, дыбыс қабылдау жүйесін бақылап көрелікші. Мәселен, ауа толқынында бастықтың кабинеті. Шамамен мұнша метр делік. Сізгіш қабылдау тетігі іске қосылды. Міне дыбыс шықты. Тездетіп дыбыстарды жазу аппаратын іске қос. Суретке түсіру нүктесін бас. Телеэкран...

— ...сенің сұқтанған көз қарасың ұнамайды. Көкейіңде бір әулие бар. Бәрі де жалғыз мен үшін бе? Бұлтақтама, Қиқымбай! Басыңды бәйгеге тігу оңай емес шығар, жемқор жолдас. Сиыр мүйізінен байланса, сен жемқорлығыңмен біржола байланғаның...

— Кімге, не дейді? — деді Наржан.

— Өзінің адамдарына айтады тағы. Бірін-бірі піспелеп жатыр...

«Одан кейін дыбыс жоқ. Электронды шамда ток жүйесі шатасып қалды. Қатты шатасу...»

* * *

Иван мен Наржанның мұндай ғылыммен айналысып ойшыл аппаратты байқаудан өткізіп жүргенінде ешкімнің шаруасы жоқ еді. Эксперименталды магазинге телевизиялық қондырғы орнатқанын, оның робот арқылы жұмыс істейтінін, бүкіл тетігін Иван мен Наржанның құрастырып жатқанын көбісі білмейтін. Ақпаров пен Берекетов болса бұл магазинге басын сұғып та көрген жоқ. Иван мен Наржанды алаңғасар, тіпті есалаң сияқты көретіні де бар. Бірде Берекетов осы бөлменің алдына келгенде Наржан жүгіре шықты. Екеуі соқтығысып қалды.

— Ау, баламысың?! — деді Берекетов.

— Е, болсақ болармыз, — деді Наржан аузына сөз түспей. Анау күлді де жүре берді. Наржан:

— Таптым... таптым. Дәл солай, — деп құбақан жүзі құбыла қалды. Берекетов бұрылып келіп жүзін суыта:

— Нені таптың? Кәне, айт, нені таптың?— деп ежірейді.

— Нені болса да таптым. Бәлкім адамды.— Сосын Наржан үн-түнсіз кабинетіне кірді.

— Вот это жастар. Не айтатындарын да білмейді. Бозөкпелер,— деп Берекетов басын шайқап, қозы қарнын алға шығарыңқырап мамырлай басып бара жатты.

«Таптым... Нені айтып, неге меңзеп тұр, жап-жас жігіт шалдығудан сау емес шығар. Осыны жұмысқа алып жүрген Ақпаров та өте-мөте қызық адам. Облыстағы мықты қызметтегі туысы звандады деп шыбындай қалды. Лауазымы үлкендерге сұмдық бас шұлғиды. Мен болсам кейін хабарласып тұрыңыз, орын босай қалса бірінші аламын, тіпті документтеріңізді де тастап кетіңіз, есте болады,— деп шығарып салар едім. Онда тұрған не бар,— деп Берекетов бұлыңғыр ойлады.

Дегенмен сол күннен бастап Наржанды бөтенсініп, кейде сезіктеніп қуыстанатын сияқты. Қалайда бір ретін тауып жұмыстан шығарса ғой. Ақпаров еркіне көнбей сорлатар ма екен? Мүмкін емес, о да құтыла алмай отыр...

Ақпаров та алпысқа шықты. Өзі тезірек заңды демалысына кетсе екен. Билік өзімде қалар еді. Аяқтан шалып «ыңқ» еткізу де оп-оңай. Әй, қайдам, қулық-сұмдығы жетіп жатқан пәле емес пе?! Берекетовтың қиямпырыс ойы да Наржанға көптен мәлім...

* * *

Наржан ұзын бойлы, қара торы, бұйра шашты жігіт. Иван оның қасында соқталдай, бір көргенде еркін күрес, немесе самбодан чемпион екен деп қаласыз. Алып тұлғалы, жұп-жұмыр...

— Үстіңе қара тас артса да арымайтын шығарсың,— деп Наржан әзілдейді. Жұмсақ мінезді Иван бәріне де былқ етпейді. Езу тартып күледі де қояды.

— Әй, саған сөз шығын, тілің мен жағыңа сүйенгенше «ИН» ойлау аппараттың коэффициентті бөлімін қайта қарап жетілдіруді қолға алалық. Білесің бе, бұл магазин сатушыларының бір ай ішінде атқарған адамкүнін анықтайды. Сонда магазиндегі есеп жұмысын да жетілдіреді. Егер құдай жарылқап бұл тетік іске қосылып кетсе ревизорларың да керек емес. Есептің дұрыс-бұрыстығын тексеріп, механизмнің қатесіз істеуін бақылайтын бірер адам ғана болады,— деді Иван тетіктің кнопокасын сарт еткізіп басты да.

— Оның дұрыс ақыл,— деді де Наржан сөзін жалғап,— мен әуелде айтқан ем ғой. Бөлшектердің кванттық жүйелерінің ұқсастығы неғұрлым аз болса, алмасу әдісінің ықпалы да солғұрлым төмен болады. Сондықтан бұл тетіктен ешқашан күдіктенбеңіз.

— Статистикалық есепті жақсы білетініңе сенемін. Бірақ, мына тетігі түскірдің мардымай тұрғанын көрдің бе?— деді Иван.

— Ол тетікке әзір тиіспе. Бұл істің құпиясын сақтайды... Өзіміз ойлап тапқан төл туынды аппарат...

Мұны екеуі Наржан мен Иван деген сөздің бас әрпімен құрастырып «ИН» деп атандырған болатын-ды. Екеуі қазірде осы аппаратқа атом шамын пайдалануды іздестіруде.

Қайткенде де бар ықыластары, ынтасы ойлау тетіктерін жетілдіре түсу. Наржан аппараттың атмосфералық акустика, яғни өндірістік шудың тигізетін әсерін байқайтын бөлімнің тетіктерін де ойлағандай құрастырып шықты. Ғылыми-техникалық жұмыста кідіріс жоқ. Үнемі даму үстінде.

Қайткенде де дүниеге ойшыл аппарат келері анық.

Мұның толық аяқталып, іске қосылатын күні де таяп қалды. Ойшыл аппараттар...

Оны Ақпаров пен Берекетов білмейді. Ертеңі емес, бүгінін ойлап саудадағы ескі тәсілдің етегінен ұстап ел-пеңдеп құлқын құмарлықтың шырмауынан шыға алмай сорлап жүр...

Соңғы тұяқтың серпердей алас ұруы шығар, тым өрескел кетіп барады. Оңай олжа жолында көздері жайнап, тіпті ақыл-есінен айырылып қалатынын қайтерсің.

Олардың қылмысты істері — мыңыншы жылдың ұрпағына сілтідей тұнып, жағасын ұстайтын хикая болар-ау.

Өзгенің ойы

Берекетов бастықтың кабинетінен ойға шомып шықты.

«Ерте ме, кеш пе, орайы келгенде отқа өзің түсер ме екенсің. Әй, кәрі қусың-ау. Сені отқа түсіру де оңайға соқпас. Қайткенде де оңдырмай сүріндірсем бе екен. Өзіме зияны тие ме, қайтеді?» — деп дегірсіз-денді.

Ақпаровтың уысынан қалай шығып басын аман сақтарын білмейді. Қайткенде де Ақпаровты бірден омақастыратын айланы басы қатып ойлап жүр. Өйткені жүрегінде күдік көбейіп, күпті болуға айналды. «Біреудің қолымен от көсеуді білмейсің бе?» дегені есіне түссе жүрегі шаншып күйректікке салынады. Егер олай-бұлай болса Ақпаров өзін қорғап шығады да Берекетовке бар кінәні аудара салады. Жаман айтпай, жақсы жоқ, сөйтетіні кәміл.

Рас, біраздан бері жасырып жеді, қулығын асырып жеді, әзірге алдырмай, шалдырмай келеді ғой. Езінің қылмысты істер қағазына қол қойған кезі жоқ. Өте мөте сақ. Бір сенімі сол ғана...

Кейде майдан қыл тартқандай іздесе бәрін де табады деп ойлайды. Жүдә болмаса Ақпаровқа жалынып жұмысқа ауысып із тастай қойса қайтер еді. Осы ақылым жөнге сайып жүр.

Бірақ Ақпаров жіберер ме? Ей, жүрексінетін ештеңе жоқ, деп Бөкен жүлқынады. Басқаны былай қойғанда этикетка операциясынан сасуға болмайды. Мұны жүзеге асыруға ырыс қашса да, туыс қашпайды, деп қарындасы да көп көмектесті. Арақтың тығыны, этикеткасын жасайтын жерде істеген соң бәрі қолында емес пе? Өзі де олжаны бөліседі. Молодец, деп Берекетов іштей күбірледі. Бұл шаруаны бұрын сотталған Абзиадзе мүлтіксіз атқарып отыр. Бір кездесуде ол ешнәрседен жасқанбай:

— Оңай олжаның көкесі, мұндай сиқырлы әдісті ешкім білмейді. Ғылыми прогресс дамыған сайын біздің де айла, амалымыз дамып келеді, ә? — деді емін-еркін. Берекетов бүлк етіп:

— Тсс... тісіңнен шығарма. Тс... тс, біреу-міреу білсе құртады. Дегенмен қалай өзі? Алғашқы нәтижелер қуанта ма? — деді.

— Біз маубас түк білмейді екенбіз. Ақшаның өзі осында, — деді де Абзиадзе балаша мәз болды. Қарағай қаласынан жымы бір жылпостар тапқанын да айтты. Қарындасыңыздың еңбегі де ұшан-теңіз, деп қойды. Расында сол күнгі қуанышында шек болған жоқ еді. Зоны есіне алды. Өзінің жекеменшік «Жигулин» оқшаулатып, ыңырсып махаббат жәйлі ән айтып келе жатқанды.

Кенет өзі тұратын аудан орталығына кіре бөлісте милиция қызметкерлері тоқтатып тастады. Олардың біреуі көз танысы екен. Соған арқа сүйеді. Абзиадзе тексеріс кезінде:

— Нақақ жолдан қалдыруды қашан қоясыздар? — деп әзілдеген болды.

— Біздің де іздеген жоғымыз бар,— деді орнықты сөйлеген танысы.— Бірақ, әрине сіз емессіз ғой. Сізді мен өте жақсы білемін, жыға танымын.— Сонда о дорбаға салынған этикетка қағаздарын көріп қалды ма, қайтті? Абырой болғанда шөлмектің тығындары бөлек жерде болатын. Әйтеуір, ләм-мим деген жоқ. Шамасы түгіне түсінбесе керек. Немесе елемеді. Әйтпесе, туысы болса да заң қызметкерлері еркіне жіберсе қояр ма?

Бәлкім бірдеме дәметіп қалды ма, деп ойлады. Ия, жұтқаным жұмырыма дейтін іші қуыс пендеден бәрін де күтуге болады. Сол кезде милиция танысы күлімсіреп:

— Бұл тексерістің сізге ешқандай қатысы жоқ, бір жұнды қашып кеткен,— деп мән-жәйін айтып Абиадзеның арқасынан қақты. Көмекейі бүлкілдеген, бірдеме дәметкен адам арқасынан жұмсақ сипаушы еді. Дәл солай етті.

Милиция қызметкерінің меселін қайтармай аздап сыйлық ұсынды. Онда тұрған не бар. Табыс толық жатса, жолың болып, құсың қияға қонып жатады.

Береген қолым алаған, ісімді оңғарса ұмытылмас ау, деп ойлады. Сосын бұлар кідірмей жүріп кеткен.

Осыдан кейін-ақ шұғыл шаруаға кіріскен. Халықтың қалтасы кең, дариямен тең, елден жеген елеусіз дегенге сенген. Оның бәрін тапқырлығымның жемісі деп Абиадзе есептейді.

Мемлекет қаражатына зияны тимегендіктен он қылмысты іске жорымады. Айтқандай-ақ бір түні өзінде он мың «экстра» арағына «операция» жүргізіп жапырайған ақ қалпағын сыпырып, жартылай ет құйып араластырса бес мың сом ақша өзінің қалтасына түседі. Үшеуі ортақ болғанның өзінде қаншама байлық! Оның сыртында арзан араққа қымбат арақтың этикеткасын алмастырып жапсырса төрт-бес мың сом қалтаға және құйылады деп ойлады.

Онысын іске де асырып көрді. Абыр-сабыр басылып, жұрт орынға отырған кезде қойманы сыртынан әйелі кілттеп кетеді. Қойма ішінде оңаша қалған Абиадзе таң атқанша талай жұмысты атқарады. Сол күні жәрдемшісі екеуі қалып еді. Қоймадағы сіресіп тұрған арақты жалғыз иемденді. Саусақтап кигізіп жатты. Су мен арақ араласып зырлай бастады. Оны түннің бір уағында атқарып тынды. Енді басқа бөлмеден тағы тасу керек болды. Ырсылдап-күрсілдеп оны да таси бастады.

— Мен де ортақпын ғой. Солай ма?— дей береді жәрдемшісі. Осы бір сөзді мың рет айтқан шығар.

— И-и, жағың қарысқыр, қылқылдай береді екенің. Күніне жүз рет сөйлеген адам өледі деуші еді, қара басты ма сені?— дей беріп еді. Қараңғы жерде бір нәрсеге сүрініп кетті. Қалтасындағы фонарын өте-мөте сақтықпен жылт еткізіп, сөндірді. Серіктесі шыж-быж боп «өй» деп қалды.

— Әй, түннің бейуағында тірі жанның бәрі ұйықпаған шығар. Сайтан болмаса,— деп жәрдемшісіне алара қараған.

Бірақ, пәленің шетін бассаң, ортасы қозғалады. Жарқ өткен сәуле түнгі күзеттегі милиция қызметкерлерін ойландырды. Ертеңіне іздеу басталды, ақыры Абиадзе қылмыс үстінде ұсталды...

Бұл оқиғаны естігенде Берекетовтың екі көзі байлақтай боп Ақпаровқа жетіп барды.

— Не істейміз, Абиадзе сорлап қалды,— деді өңсүссіз күйде.

Оның діріл қағып тұрғанына жақтырмай көз таспаған Ақпаров ашу шақырып, ызаланды да:

— Есінде болсын, сен оны білмейсің. Дәлірек айтқанда аудандық тұтынушылар одағының ашық ауыздығы... Басқадай ештеңе былшылдамайсың,— деді. Көзі шарасынан шығып қалтырап тұрған Берекетов:

— Түсінікті,— деп қостай қойды. Әйтпеске лажы

қайсы. Абиадзенің осы «операцияны» жүргізген бір айдың өзінде тоқсан мың сомның оңай олжасы «жеродақ» мүшелерінің қалтасына түсіп үлгеріп еді. Ақпаровтың ұсынысымен операцияға түскен арақ жәшік-жәшігімен облыстың әр ауданына жөнелтіліп жатқан. Қылмысты істің төбесінен түскендей болған оқиға екеуінің де жанына қатты батты. Әрқайсысы өз басын қорғаудың амалын қарастырмаса жағдай ауырлайтыны түсінікті еді. Соған іші қылпылдаған Ақпаров:

— Аналар да сақ болсын. Аузынан қағынып жүрмесін. Әбден нығырлап айт, бізді қоса қабат күйдірмеу жағын ойластырсын. Олай-бұлай боп кетсе істерін бұздырып шығуға да адам керек шығар,— деп қабағын шытты.

Абиадзе бастаған істің қиюы қашқанына опынады. «Жеродақ» мүшелерінен торығып, зығырданы қайнайды. Сосын сөзін жалғап:

— Анау-мынау деп жұрттың алып қашты сөзіне абыржып, құлақ аспаңдар. Мен демалысқа кетем. Өзім келгенше ешбір «операцияны» ойламаңдар,— деді терісіне симай тырсылдап.

— Айтқаныңыз болады,— деп Берекетов тілегін табанда орындауға дайын екендігін білдірді.

Жоғалған костюм

Ақпаров Қырым курортына баруға қызу әзірленіп бастады. Пішен шабудың қауырт кезі болатын. Бірақ, оның орынын жоғалтпайтын Бөкен Берекетов бар ғой.

Ертеңгісін Бөкен мен Сәдір бастықтың кабинетіне тоғызға он бес минут қалғанда жұрттан бұрын ертелеп кірген еді. Жұмекең сыртқа шығып кеткен бе, орнында жоқ екен. Бірақ, қара костюмі киім ілгіште ілулі тұрған. Демек көп ұзамай келуге тиісті.

— Сәке,— деді Бөкен,— мына костюмнің тегін ілінбейтінін білетін шығарсың.

Сәдір күле сөйлеп:

— Сонда не айтпақсың? Бастықтың костюмін тырысып қояйын деп пе едің. Онда ойының осылып қалар, байқа?!— деді.

— Оу, өле алмай жүрмін бе?

— Әйтпесе, оны сөз ғып қайтесің?

— Түк білмегенсін, жол жүретін адам. Мына конвертімізді қалтасына сала сал. Басекең көрсетіп алғанды ұнатпайды ғой.

— Аздап олқы соқпай ма?

— Қанша еді?

— Мың жарым...

— Одан артық қайдан табамыз. Айтпақшы концерттің сыртына екеуіміздің белгімізді білдіріп қол қоятық,— деді де Бөкен сөзін жалғап:— Басекең костюм арқылы алым алудың оңай тәсілін тапқалы қашан. Қолма-қол, көзбе-көз дегенді жақтырмайды. Оның үстіне Наржан дегеннен қорлықты көріңкіреп жүр. Бастық кеткен бойда барлық жұмыс атаулыны қойып, осы Наржанмен айналысамын. Алдымда құрдай қорғалатамын әлі. Ал, басекеңнің сәтті кезеңді «жердақ» мүшелері арқылы пайдаланатынын білмейсің пе?— деді жүзін құбылтып.

Соңғы кезде Бөкен өзім дегендерден де сезіктеніп жүр. Бәрінен де түңіліп болды. Сонан ба кей-кейде қаны құлазиды. Жұртта жалғыз қалғандай жабығанды. Оны былайғы жұртқа сездірмеуге тырысады.

Осы кезде шашын жылтыратып майлап, жылмита палқасынан қайыра тараған ақ сары жігіт есікті тырышып, қайта жапты. Наржанмен бірге істейтін жігіттердің бірі екенін Берекетов аңғарып қалды... Біраздан оң жарқылдап күле сөйлеп Ақпаров келді.

— Амансыңдар ма, жағдай қалай?— деп сөйлей басына отырды.

— Курортқа жүреді, дейді, жолыңыз болсын, бәсеке!— деп Сәдір жылы жүзін аударды.

— Дем алған жақсы ғой. Өмірді кем дегенде он жылға ұзартып, тіпті жасарып келесіз,— деп Бөкен ықыласын әзіл араластыра білдірді.

— Рахмет,— деді Ақпаров.— Сәдір, жағдай қалай? дегенді және қыстырып қойды.

— Әзірге жақсы,— деді Сәдір көзін аунақшыта түсіп.— Бірақ, Қиқымбай кетіп қалды.

— Нан заводына барыпты.

— Байқау керек еді,— деді Ақпаров.

Сырттай бірімен-бірі арбасып, бақталастың уын ішіп уланған дерсің. Кейде бірінен бірі қылмыскердей қысылады. Қаймығады. Айтар ойына аузы бармай, сырын бүгіп мелшиіп те қалады. Тайсалмайтын шыншыл ой жоқ. Бәрін де жасандылықтың ықпалы жеңген. Көзін ойнақшытып Ақпаров:

— Сәдір, мына отырған Бөкеннен асып түсесің-ау, деген үмітімді жасыра алмаймын. Көптің көз алдында да мақтауға ілініп жатырсың,— деді де Бөкенге назарын аударып:— Нан заводына барып тастай батып, судай сіңген Қиқымбай Елеуов туралы мәселені шешу керек. Жарқын ісімізге қара дақ болмасын. Бөкен, оны өзің ойластыр. Ондай нәрсенің ізіне байқап түсетін ең. Қабырғаңмен кеңес. Айтпақшы, ұмытып барады екем, менің орныма өзің қаласың. Сауда мәселесі аманат. Қысқасын айтқанда дымың ішінде болсын. Сәдірден басқаға көп сене бермейтініңді өзім де білемін. Сәл нәрсені ойластырамын деп жүргенде шымылдыңтын шеті ашылып обадай нәрсе көзге ұрып тұрмасын. Оған ой, өрісің жететін шығар, ә? Сақтық керек. Шеберліктің әлдеқайда пайдалы екенін білесіңдер.

— Пайдалы ақылыңыз жадымызда болады.

— Бәрі тап-тұйнақтай орындалады,— деді Сәдір мен Бөкен ант берген адамдай. Үлкен шабытпен жа-

рамсактанып айтты. Әйтеуір, үшеуі де түсінісіп болып, кабинеттен қотарыла шықты...

* * *

Ақпаров бірер сағаттан соң кабинетіне келсе ілулі тұрған костюмі ұшты-күйді жоқ. Секретарша қыз Ақпаровқа билет аламын, деп жүріп кідіріп қалған екен. Сол кезде кабинетке кімнің кіріп шыққанын ешкім білмейтін тәрізді. Бірақ, Ақпаров костюмінің жоғалғанын Бөкеннен басқа жанға сездірмеді. Сау басына сақина тілеп алып қайтеді. Бұйырмаған тісті жарып кетеді.

«Тарықпай тұрсаң өмір әдемі» деген оймен Ақпаровтың көңілі судай тасушы еді. Оның да арнасы келіп, көз алдында үрейлі қорқыныш бұлдырлайды. Шынымен сүрінетін кез жеткені ме? Бұлай болады, деп күтпеп еді. Костюмінің ілгегін ағытты. Тынысы тарылып, қарадай қалтырап барады. Ішкі сезімі тасталқан боп, жүрегі түскір зарын шағып жылай ма? Мүлдем мазасыз, онсыз да көтеріңкі қан қысымы әбден тасып кетті ме?.. Қалтасын қарманып еді, жүрек ауруы дәрісін де таба алмады. Шырағы сөнгендей көзі жұмылып барады... Ақпаровтың аузына не айтар екен», деп емексіп қарап отырған Берекетов өз көзіне өзі сенбеді. Шошып кетті. Өлгінде сайрап отырған Ақпаров еңтігіп екі иығынан дем алды да гүрс ете құлады. Берекетов жалма-жан басын көтеріп еді. Бәрібір Ақпаров бұ жарық дүниемен біржола қоштасқан екен. Сол заматта кеңседегілер у-ду боп жиналып қалды. Наржан кенеттен кеткен Ақпаровтың денесі жанында тұрып: «Иттеніп жүріп өлмей ме, өлсе бәрі қалмай ма» — деген Абай өлеңінің жолдарын оқығандай болды...


* * *

Сол жылы сентябрь айының оны күнгі сотта Ақпаровтың парақор костюмі Берекетовтың қылмысты істер делосына куә есебінде тіркелді. Наржандардың ойшыл аппаратының күшімен «жеродақ» операциясы осылай әшкереленді. Ақырында оңай олжа оңалтпады...



СЫҚАҚ ӘНГІМЕЛЕР





БӘСЕКЕ БӘСІ...

— Ешеке, қызықтың көкесін естімеген шығарсың. Өзі таңғаларлық оқиға, — деді Қожбан күлмің қағып. Танауы делдіп, делебесі қозып, көрген-білгенін жөп-пелдемде айтқанша асығыстығы аңғарылады.

— Е, не боп қалыпты? — деді Ешкібас әңгімеге құлақ асқысы кеп.

— Бұ Дәдебектің жүрген жері өрт қой. Өртеніп кете жаздадық, — деді де Қожбан бір күрсініп алды. — Мына Сыр бойындағы «сары сиыр» атанған бөшкемен сыра сататын жерде Дәдебек, Кәдік, Бәдік үшеуі жоқ жерде бәстесіп қалмасы бар ма?

— Неге? — деді Ешкібас таңырқағандай боп.

— Әуелі, тыңдасайшы. Айталық, маса дегенің кеше кешке таман қара бұлттай жыртылып, айырылды. Соның мың-миллион масасы сыра сататын жерде болған шығар. Шаққан жерді ұрғылап, есіміз кетіп, әбден зықымыз шықты. Бір қарасам Дәдебек мыңқ етпейді. Сыраны сіміреді де, қақталған балықты үзіп-жұлып тамсанады. Сосын езуін жыртардай боп тісін шұқиды. Құжынаған маса оған тиіспей ме? Оңбаған қаннен-қаперсіз. Ішіме пышақ айналмай, тіпті қызға-

нып кеттім. Сосын Дәдебектің мысықтай жылмиған алдампаз жүзіне қарап:

— Осы сені маса шақпай ма? Әлде бір амалын тауып, «тілін» білесің бе?— дедім қытығына тие.

— Мені маса қайтеді. О да шағатын кісісін, қалт-құлт еткен дәрменсіздерді жыға таниды,— деп Дәдебек қажай сөйледі.

— Бұ оңбағырдың қаны ащы. Несін шағады,— деді Кәдік.

— Наоборот, қаным тұщы, сендердің қандарың оңбай тұрған шығар,— деді Дәдебек көзін бақшаң еткізіп.

— Бір пәлең бар,— дедім мен де жағымды қарыстырмай. Сол сәтте Дәдебек қабағын шытып:

— Давайте бәс тігіп серттесейік,— деді мықтымсып.

Осыны Кәдік пен Бәдік күтіп тұрғандай еді. Бір сұмдықтың боларын сол бойда ешкім де ойлаған жоқты.

— Кәне, не тігесің?

— Дәдебектің өзі айтсын.

— Жоқ, сендер айтыңдар. Менің мойыным жуан, бәрін де көтереді,— деді Дәдебек шіреніп.

— Онда шарт былай,— деді Кәдік сөзін жалғап,— Сырдың бойындағы қалың шалғынға апарып шешіндіреміз. Аяқ, қолыңды тырп етпейтін етіп байлаймыз. Егер бір сағатқа дейін масаның шаққанына ыңқ деп үн шығармасаң мына Бәдік екеуіміз екі бұзаулы сиырды үйіңе өз қолымызбен жетектеп апарамыз. Ал, бір сағатқа шыдамай үнің шықса бізге екі бұзаулы сиыр бересің. Енді түсінікті ме? Осыған тәуекелің жете ме?

— Е, о да сөз бе екен?— деп Дәдебек нығын қомпаң еткізіп, бір қомпынып алды. Мал дегенде екі көзі жайнап: — Әпкел қолды. Қол құдайдың мөрі деген.

— Құдайыңды білмейміз. Мә, бәс,— деді Кәдік. Бәсекенің тығыны осылай атылды.

— Кәне, төреші кім болады?— деді Бәдік мойынын созып.

— Мына Қожекең бар ғой...

Қол алысып, серт байлаған соң — Сыр бойындағы қалың шалғынның қақ ортасына бет алдық. Дардай адамдардың бәсекесіне кім бөгет болады. Сыраны төңіректен сапырылысқан адамдар артта қалып барады.

Міне, ит тұмсығы өтпейтін қалың шалғын... Тамыр дәрідей нетүрлі шөптердің иісі қандай. Күн екіндіге таянған шақта Дәдекең шешіндіріліп байлап, маталды. Бәстесу шарты түгел қайта айтылып, барлығы магнитофонға жазылып, Дәдекеңнің бас жағына қойылды. Өзен маңы оңаша. Өткелдің бергі бетінде тірі пенде көрінбейді. Бір-екі бұзау ғана жайылып жүр...

Торкөздегі арақ-шарап, піскен, ысталған, кепкен балық, ол-пұлымызды алып жел соғатын қыраттау жерге жайғастық. Масаға түтін салдық, әрине, Дәдебектің ық жағы ескерілді. Кәдік «Москва» арағының тығынын тісімен ашты. Онсыз да қызу едік. Әуелгі жай әңгімеміз уіл-гуілге ұласатын болды. Сөйтіп бірінші сөз, жасының үлкендігі ескеріліп Кәдікке берілді.

— Ал, жолдастар, бұйырған ырыздық тісті жарып кіреді, деген бар. Мына Дәдебек масаның талағанына шыдамай қазір-ақ шыңғырады. Екі бұзаулы сиырды үйге айдап барамыз. «Өлетін бала молаға қашады» деп өзін сор тұртті. Сол үлкен ұтысымыз үшін алып қоялық?!

Бір кезде Бәдік жай ғана үн қатты. Жадау жүзінен қаперсіздік байқалады.

— Мен Дәдекеңнің қасқа құнажынын аламын. Сүтті сиыр дейді. Ерте туған бұзауы тайкардай іп-ірі. Бұзауын өгізге айырбастауға болады. Шүкір, зоотех-

ник ініміз бар... Басқа — бас, құлаққа — құлақ... Егер бұзауымен өйтіп, бүйтіп сатсам екі мың сом қалтада тұр деген сөз. Бәлем, Дәдебектің қолға түскен жері осы. Тсс... тсс, тыңдаңдар. Ей, магнитофон бәрібір жазып жатыр екен-ау. Хош, олжаның баяндылығы үшін алып қоялық,— деп Бәдік күбідей күмбірледі. Әйтеуір қаталап келген өгіздей араққа шүйілдік-ау.

— Ей, қазір-ақ шыңғырады... Дәдекеңді өлген кісіні тонаған деп атап жүргені қалай? Әлде сараңдығы ма? Түгіне түсінбеймін. Бет әлпетінен залымдылығы танылады, мейлі... арағынды құйсайшы,— деді Кәдік. Әйтеуір, есі-дертіміз бәсекенің ұтысы.

Дәдебек те қу бастан қуырдақ ет алатын қу емес пе? Ол маса шақпақ түгілі етін найзамен шабақтаса да тырп етпей, нық демеске бейіл. Бұқа мұрынын мүйізімен қорғайды, деп Дәдебектің қара бұлттай масадан қорғанар халі де жоқ. Масалар да әбден тойынды. Арақтың көжетөғы да тарады. Масаға таланған денесі ұйқыдай ісінген; бейне беті бет емес, түйенің көн табаны тәрізді. Қалың ісіктің арасынан көзі үмітсіз ғана жылтырайды. Ара-тұра арқасын қозғап қояды. Шыдаймын, деп өзін қанша жұбатса да, темірдей төзімділік танытса да қаптаған қара маса жақсылық күттірер емес. Сонда да өзінше қиялданады. «Екі бұзаулы сиырды ұтып алып Ташкент базарына апарып сатам. Бұйырса, төрт-бес мың сомға аяғын да жимайды. Міне, науадай құйылған олжа. Сосын «Жигули» сатып алам. Қолыма ақ түстісі тисе, ә?! Сосын балаларым, күн сайын машинаны тілімен жалағандай тап-таза етеді. Үкінің жүніндей жұп-жұмсақ мақпалмен сүртеді. Үлкен ұлым машинаны мен айдаймын дер ме екен? Жо-жоқ, рульге өзімнен басқа ешкім тиіспейді. Өлім аузында жатып тапқан ақша бұл... Машинаның жолында жан пида. Ешкім де машинаны айдаймын дей алмайды. Егер байқаусызда соғып алса, қайтем. Аударып бүлдіріп тастауы да мүмкін ғой. Бүйтіп бәстесетін

май шелпектер табыла бермес. Өзім айдаймын. Сонда бәлем жұрт көзін сатып:

— Дәдеке, машинаға мінгізе кет?

— Дәдеке, бір жерге апарып келші?— деп жұрт дәке-дәкелейді. Қазір мені менсінбей мұрнын шүйіріп, сыртымнан талай сөздерді қоздатып жүргендер бас иіп ізет етеді. Алдыма жығылады. Бірақ жүрегім жылымас. «Табалдырықтан асқан тау жоқ, ағайыннан асқан жау жоқ» деген аталарымыз. Сондықтан машинаға ешкімді де мінгізбеймін»,— деп ойға шомған. Дәл сол кезде Әкімнің жетім, әрі жебір бұзауы маңдайынан иіскеді. Дәрменсіз екенін білді ме, әйтеуір егеудей тілімен жалай бастады. Егер қытығы мықты адам болса шегі түйіліп өлер еді. Дәдекеңде қытық қайдан жүрсін. Өмірінде бір рахаттанып, шын ниетімен күлмеген де шығар. Кенет сиырдың емшегі деді ме, малғұн бәс салып сорғылай бастады. Мейлі басқа түскен соң көнеді. Дыбыс шығарса ұтылғаны. Қыпқызыл зиян, одан өлгені артық. Сондықтан ептеп мұрнын қозғап пыс етті. Бұзау басын тартып алды. Мына жебір пәле мұрынмен кетсе жақсы, тірі масқара етпесе жарар еді, деп ойлады. Жүрегі өрекіп барады. Жанын ойлап емес, малды ойлап зықысы шығады. Сөйтсе, балаша жылағысы келді. Осындай қиналған сәтте уақыт та өтпейді. Әлгі оңбағырлар арақ ішіп, анарша қызарып отыр-ау, тамақтарыңа тас кеткірлер, деді. Бәлем, екі бұзаулы сиырыңды бас жібімен жетектеп әкетермін. Қара албасты баспаса шыдауым керек,— деп өзін-өзі қайрап жатыр. Бұл жебір бұзауы түскір емшегінің үстін бір жалап өтті. Жүрегі зырқ етті. Бірақ қимылдауға дәрмен жоқ. Дыбыстың бәрін магнитофон пәлесі жазып жатыр. Тырп етпейтіндей етіп таңып тастады. Ең болмаса қырылдай да алар емес. «Бұл иттің малы әбден басынып алған. Мана әжептәуір жерде қағаз ба, шүберек пе, әйтеуір бірдемені қаужындап тұрғанын көргенде-ақ киімімді жеп қоймаса жарар еді, деп ой-

лаған-ды. Бірақ, тірі адамның денесін тікендей тілімен бүйтіп жалайды, деп үш ұйықтаса түсіне кірмеді. Балалар қолын сордырып жамаң үйреткен иттің малы, қорлықтың көкесін көрсетті. Әлгінің арасында көйлегін, костюмін де пәршалап тастады. Бәрі де бас садақасы. Екі бұзаулы сиырды ұтса түк те емес. Сондықтан тілге келмей өліп кетсе де дыбысын шығармауға тиіс. Жебір бұзаудың қарынына қара пышақты салар еді. Әттең аяқ, қолы матаулы. Сонда да шыдамақ болды.

— Уһ, алла жаным,— деп дыбысын шығармай тістенді. «Енесінің емшегін ембеген малғұн»,— деп іштей күбірледі. Одан арғысы есінде жоқ...

— Бұл кезде Кәдік, Бәдік үшеуміз әбден маспызау, деймін. Бәріміз Дәдебектің бәстесіп ойша ұтып алған екі бұзаулы сиырды Ташкент базарына сатып, қалтаны қалыңдатқан екенбіз. Бір кезде ұйқылы-ою болсам да есіме Дәдебек түсті,— деп Қожбан сөзін жалғады.— Соғыс уақытында ерлер Отан үшін отты кеудесімен жапты... Бүгінгі Дәдебек жеке басының қамы үшін бәстесіп, қатерге басын тіккенін білсекші... Ойбай-ау, Дәдебектен дыбыс жоқ,— деп тұра жөнелдік.

— Оңбағыр үн шығармайды.

— Өліп қалған жоқ па?

— Сайтан қалай шыдайды. Айтпақшы сағат не болды?

— Бұ оңбаған ұтты... Бірақ, жанына қойған магнитофонға ыңқ деген бір дыбыс неліктен түспейді, ә!— деп атып тұрып, жедеқабыл жүгіріп бардық-ау...

Содан соң Қожбан жағасын ұстап, түңіліп ауыр күрсінді де:

— Ешеке, одан арғысын сен сұрама, мені айтпайын. Тірі масқара. Мал құлағы саңырау, жебір бұзау Дәдебектің... Барсақ өлі мен тірі арасында екен. Масғымыздан қалай айыққанымызды білмеймін, жал-

ма-жан киіндіріп құрақ ұшып жүріп емханаға әзер жеткіздік. Жүрегі ептеп соғады екен... Содан сасқаны ма, әлде сотталып кетуден қорыққаны ма Кәдік пен Бәдік екі бұзаулы сиырын жетектеп Дәдебектің үйіне дереу жеткізді. Әйелі соры қайнап қалғанын қайдан білсін, құрдастың әзіліне жорып:

— Ей, қағып кеткірлер, бұларың не? Сиырларыңды әкелгендерің қалай? — деп аржайы күлді.

Басқа сөз айтуға тіл де келмей, тура қарарға бет те жоқ Кәдік пен Бәдік қабаттасып:

— Бәсеке бәсі екі бұзаулы сиыр боп тынды. Күйеуіңнің ерлігінің садақасы, жеті атамыздың құны кеткендей бәстесіп, — деді.

Мен осы оқиғаны көзіммен көріп, құлағыммен естігенде күлерімді, жыларымды білмей, ойыннан отшығады екен, — деп ойымды жиғанша белдеушесінде «Милиция» деген жазуы бар машина үшеумізді де мінгізіп әкетті... Бәстесудің аяғы басымызға пәле тілеп алу болды. Мен өйтіп-бүйтіп құтылдым-ау. Бірақ, Кәдік пен Бәдіктің жайы не болар екен... Ал, бауырым, азап іздегің келсе, оңай жолмен машина мінгің келсе бәстесіп көр...

ЖЕТИ ЖІГІТ, ЖЕТИ ҚЫЗ, ЖЕТИ ҮЙДЕГІ ӘБИГЕР

1

— Сәлима-ау, мына сұмдықты естідің бе? — деді суылдай сөйлеген келіншек.

— Жәй ма? — деді Сәлима сүлесоқтана. Мария бетін сызып:

— Жәй болушы ма еді, жеті жігіт, жеті қыздың сауық-сайраны басқаша көрінеді. Масқара, не бетімді айтайын, соларды бригада болады, қой бағады деп

жүрген бастықтардың басы істемейді. Әлгі біздің үйдің жүзіқарасы да бар ішінде. Әке-шешесінің ойы балада, оның ойы далада екен, бейбақ. Бүгінгі жастар бұзылған, жігіттермен құшақтаса отырып ас ішетін көрінеді. Ойбай-ау, не бетімді айтайын, үлкендерден де қымсынбайды деседі. Құрысын-ай, ертең жігіттері алмай, ұятты боп үйде отырып қалса, тірі өлім сонда болатын шығар. Бәріміз де жас болып көріп едік, бірақ мұндай желікпеген шығармыз. Бір еркектің етегінен ұстағанша, адалдықты сақтадық.

— Әзәзіл, жел сөз шығар,— деді Сәлима онша мән бермей.

— Ә, шынымен нанбайсың ба? Е, бригададағы балаларың еркек болғасын не зиян шегем деп ойлайсың-ау. Менің ата-енемнің жаны тырнағының ұшына ілігіп, қартаюға қалды. «Сүт кенже қызымды тұлымшағынан сипап қолымнан құтты жеріне қондырмадым. Қайдағы пәлеге ұрындық», деп енем түн баласына көз ілмей күрсінуге шығады. Жұлдызы жанбаған сорлы қайын сіңлім-ай! Сары ауыз балапандай сіздің үйдегі Қасым махаббат қадірін біле ме? Алғашқы ыстық ықласпен алданып қалады-ау осы қыз, деп қорқам. Қасым болса ертең армиясына, немесе институтына кетеді, сосын бәлду-бәлду бәрі де ұмытылады.

— Тәйірі-ай, бірге оқыған балалардың жарасымды гатулығы, достығы болмай ма? Оған несіне дауласып, қызыл кеңірдек боласың...

— Қойшы, сен де бір қайдағыны айтады екенсің. Әтірік болса айтқан адамның иманы күйсін. Қайның Қасым біздің үйдің қызы Сәніммен сөз байласыпты деді. «Әкесіз жас ақылынан адасады» деген, Қасымға қызымды бермеймін, деп, атам бүгін шопандар бригадасына кетпекші. Енем директордың «шаңын» қағып селем деп отыр...

Бұл кезде Қамажайдың мамасы да бүйі шаққандай дөңбекшіп, қиғылықты салып жатыр еді. (Әрине, әйелді ашу қысса, күйеуіне тиіседі ғой).

— Жортқанда жолың болмағыр, барғаныңнан келмегір Насат-ау, ауданға барып, товар әкелу не теңің. Алдымен бригадаға барып қызды алып кел деймін. Ой, адырам қал, «бала менікі, ақыл өзінікі» деуін сумұрынның. Қаршадай қыздың басын қатырар жайым жоқ...

— Не деп отырсың-ей?— деді қара мұртты жылтыр қара Насат сабырлы түрде. Әйелі самауырынды қойып жатып:

— Елдің бәрі шулап жүр, тегін дабыра емес. Бригададағы қыздар мен жігіттер бір-біріне ашына дейді. О, құдай-ай, маскүнем зоотехниктің сиықсыз баласы сүйріктей қызымызға қырындайтын көрінеді. Екеуінің қойды бірге бағып, оңаша жүргенін жұрт талай көріпті. Не бетімді айтайын енді, өлдемаған... Сенін қаның жоқ, жігерімді құм қылдың-ау, әйтеуір... Ерегістірсең, жаяу барсам да қызымды алып келем. Ішшайыңды, ындының кепкір. Әнеукүні Қамажай үйде ме деп жылмаңдағанынан ішім мұздап еді. Сол сұрауы тегін емес екен.

— Қойды бірге бақса, бақсын. Екі жас бірін-бірі ұнатса барған жері баянды болсын, амал нешік. «Қызым үйде, қылығы түзде» демей ме? Ал жұрт не деп оттаса да, ауыз өздерінікі, оттай берсін. Ел аузына қақпақ болар жайым жоқ. Егер, сен қатын, бригадаға аяғыңды қия аттап бассаң, бұл үйге қайтіп кірем екен деп әуре болма, білдің бе?!— деп Насат қатуланып еді. Әйелі:

— Мықтымсуын қарай гөр... Ибай-ау, ішіңнен шыққан қызыңды қалай ғана көзің қиып біреуге тәлкек етесің,— деп күрсінді.

— Ештеңе де жоқ, сабыр ет, шыда. Елдің өсегі таусылмайды. Оқыған, тоқығаны бар қыз да, ұл да өз жөндерін біледі. Білмесе мейлі...

— Қайран, Қамажайым-ай, он ай көтеріп, омыртқам үзілген құлыным,— деп жеңгей егіліп қоя берді.

3

Ақ жаулықты апай директордың алдында отыр. Екі сағаттан бері екеуі түсінісе алар емес. Шопандар бригадасындағы Әсем деген группа комсоргының қарт әжесі, есімі Науша. Осынша жасқа келгенше бастық алдына келмеген екен. Соны айтып:

— Айналайын балам, ұят та болса айтайын, ер балалардың жатқан жерлері ыңғайсыз көрінеді. Қызы да, ұлы да бір есіктен шығып, бір есіктен кіреді дейді. Екеу-екеу боп жұптасып қой бағып, кино көріп, ойынсауықтарын бірге өткізеді дейді. Ел сілтідей тынып айта алмайды... Жалғыз немерем еді, жас қой, бір жаманатқа ұрынбай тұрғанда қызымды қайтар. Совхоздың қойын бағатын адам табылар.

— Апай, балалардың тәртібі жақсы. Барлық жағдай жасалған. Бригадада жастардың жүріс-тұрысын бақылап отырған адамдар бар. Сеніңіз, апа.

— Сенбеймін, шырағым...

— Ендеше бригадаға апарып өз көзіңізді жеткізейін, апа.

— Сүйт, балам, реті келсе ала қайтармын...

— Сағынғансыз ғой.

— Елдің сөзі жанымды күйдіріп, мазалап барады. Үйде қызыма сақтаған дәм бар еді, ала шығайын. Уһ, алла, белім-ай,— деп апай орнынан тұрды. Директор не күлерін, не күйінерін білмей елдің орынсыз өсек-аяңына қайран қалып отыр.

— Әй, осы өңірде тентек — дөй Қырқымбай, ер Қырқымбай атанып жүргенде, келінді болайын деп жатқан көрінесің, алдын-ала тойыңды бастай бермейсің бе? Бір жартыдан үйің құлап қалмас,— деді магазин алдында кездесе кеткен қисық ауыз Қиқым. Іліп-қағып шүйліге кеткеніне Қырқымбай таңданды да тесіле қарады.

— Не деп божырап тұрсың, ей? — деді түксиіп.

— Түк білмегенсің, ә. Жорта істеп тұрсың ғой. Әлде дәулетің жетпей ме, жалғыз ұлыңа. Қатираны жек көруші ең, жесір әйел, тәртіпсіз, осыны желкемнің шұқыры көрсін дейтін едің. Енді ұлың соның қызын әкелейін деп жатыр дейді ғой. Бәлем, ертең-ақ Қатира баса-көктеп төріңнің алдында отырар...

— Оттама, шошқа, тфу,— деді де Қырқымбай морт мінезіне басып, қатты шамданды. Алпамса денесін шұғыл бұрды. Бағанға байлап қойған қылаң атына қалай мінгенін білмеді. Совхоз орталығынан сыпыра желіспен өтіп, «Қарасайдағы» шопандар бригадасына тартып отырды. «Мен ол шірікке үйленудің не екенін көрсетейін» деп кіжініп келеді. Бірде «ұлым ұнатса үйленсін. Әйтеуір, келін түсірген қызығы да үлкен қуаныш-ау. Немере сүйсем... Жоқ, ат байлайтын жер де қажет. «Қатын алма, қайны ал», деген бар емес пе деп те қояды. Ал, өзі ше? Әйелі де өзі сияқты жетім қыз емес пе еді. Неден кемдік көрді. Ұл керек пе ұл, қыз керек пе қыз тапты. Қойны құтты болды. Әй, не болса да баласына барып, оңаша, ерлерше сөйлесуі керек. Әйтпесе, отқа май құйғандай лаулаған ашуы басылмайды...»

Бригаданың бір мүшесі Қанзипаның анасы да кешеден бері толғақ қысқандай аһылап-уһлей береді. Сыртқа бір кіріп, бір шығады. Ал қыздың әкесі Салық пен есепші Халық кешеден бері жата-жастана ішіп

отыр. Әбден бөртіп алған. Бір жақсысы жанжалсыз, құр мылжыңдасу ғана. Салықтың әйелінің шыдамы таусылды. Оның үстіне ауылдың «радиосы» атанған Әлима мен «телефон» атанған Бәлима екеуінің: «Назира-ау, жұрттың бәрі бригадаға кетіпті. Балдарын әкелетін көрінеді. Шамасы ұятты болып қалған бейбақтар да бар-ау деймін» деген ұнамсыз сөз көкірегіне қатудай қатты. Өзіне арнайы айтқандай болды. Соны ойлады да Назира:

— Салық, а, Салық. «Әйел ерге қарайды, ер жерге қарайды», деген бар. Сенің бұл ішісің қай ішіс. Неме-неге қағанағың қарқ, сағанағың сарқ,— деді де көз жасын төгіп-төгіп жіберді.

Салық оқтау жұтқандай сазарып:

— Неме-не, қапыда әк-әкең өлді ме!— деп зекіді.

— Әкем өлгеннен кем емес... Ұят та болса, Халық қайным ғой. Шопандар бригадасындағы балалар арасында өсек көбейіпті. Жұрттың еркегі қыздарын алып келуге кетіпті. Сен болсаң отырысың мынау...

— Ей, жұрт айта береді, жеңгей,— деп Халық қолын сілтеп, ерініндегі насыбайын сұқ саусағымен сыпырды да, іргеге лақтырып жіберді. Араққа қолын созып:— Кәне, Сәке, ішіп жіберелік. Дүниеде ер адамға бұйыратын ырыздық ішіп-жеу ғана. Ертең өлсең шүберекке орап көме салады. Сосын бәрі де ұмытылады.

Салық түтігіп ауыр ойланып отырды да, орнынан атып тұрды. Ызбарлы үнмен:

— Бұл не тәлкек. Ме-мен қызымды бригадаға бұзылсын деп жіберіппін бе? Жо-жоқ, егер рас болса атып өлтірем. Ал өтірік болса, өсек айтқан адамның қанын ішем. Әй, катын, мылтық қайда?!— деп күркіреді.

— Ой, қара қасқа-ау, кісінің қанын жүктейсің бе?! Қой, әрі... Ойбай-ей, Халық-ау, жаның бар ма, ұста-

сайшы, ағанды! Бұл бірдемеге ұрынар. Ұста... Әне мылтықты алып кетіп бара жатыр...

— Торғай өлтіре алмайтын жасық Салықтың қолынан не келуші еді. Одан да бері келші, құлағыңа бірдеме сыбырлайын, тіршілікте ойнап-күлгенге не жетсін...— деп Халық қызыл барқытпен тысталған жастыққа қисайып жата кетті. Ал Салық болса күн батысқа қарай мылтығын асынып жүгіріп барады. Әйелі «тоқта, тоқташы», деп жалбарынып біраз жергіліесті де, жер соққандай көгалға отырып қалды. Өкпесінің дімкәсі бар еді, демігіп, күркілдей жөтелді...

5

— Мен ол жүзіқараның шашын жұлып, екі аяғын бір етікке тығып, бүгінін көп етейін,— деп Қаным кей байталды ерттеп жатты. (Қаным бригададағы ең жуан Зылиқа деген қыздың анасы).

— Апа, қайда барасың?— деген кенже қызын сұрлана қарап:

— Сен де шошаңдама! Немене, мені тексеретін кімнің едің сонша. Әкеңнің де айтқанын тыңдаппын ба! Аң көкбет қараң батқыр апаңды алдыма салып, қамшы лап жаяу қуып келем. Жүгенсіз кеткен немелер. Қандай пәле болса да сайтанын қағамын. Есіруін, жиырма беске келгенше байсырамай-ақ отырып едім. Сонда да теңімді тапқанмын. «Тесік моншақ жерде қалмайды»,— деген де, атқа қамшы басты. Ауылдың шәуі: дек иттері шапқан атқа ілесе үріп, біраз жерге шығырып салды да, бір-бірімен ырылдасып, таласып тынды...

6

Ақ үйдің жанына «Беларусь» тракторы кілт тоқтады. Екі-үш рет газды басыңқырап дырылдатты; моторды сөндірді. Төртпақ денелі бұжыр бет Көл

трактордан түскен кезде аспан түстес көйлек киген қара торы әйел қарсы жүрді.

— Қыз қайда?— деді. Қолындағы ожауын қазандық басына лақтырып жіберді...

— Осындай суық сөзді саған кім айтты?

— Әйелдердің бәрі шулап жүрген жоқ па? «Ұят жоғалса — пәле жолығады», балалардың тәртібі нашар дегендерін құлағыммен естідім. Мен оған қандай жазықтымын...

— О, оңбағандар-ай, пәлеқордың бір сағаты — бір айлық машақат, деген бар. Сендердің өсектеріңді өрт сөндіргіш машина да сөндіре алмас. Елді босқа дүрліктіріп, қаншама әбігерге түсірдіңдер. Бәрінен бұрын директордан ұят болды. О да сонда екен. Жердің жарығы болса кіріп кететін едім. «Көзі ашық, көңілі ояу, өнегелі» деген сен де өсекке ердің бе?— деді-ау. Мас-қара-ай!

— Он жыл бірге оқып, бір ұяның балапанындай болған балалар бір-біріне қыастық істеп жын ұрып па деуші ем. Сол ойым рас екен. Енді есуас әйелдің сөзіне сенсем, әйел болып кетейін...

* * *

Балалардың дін амандығына көздері жеткен соң барып жеті үйдегі әбігер осылай басылды. Олар қазір бір-біріне кездесе қалса өсекке еріп, есек бола жаздадық-ау деп тәубаларына келіп, жымың қағысады.

Асылы, осылардың сөзінде жан бар.

СҮРІНІП КЕТСЕҢ СӨГІС

Қаламыздағы коммуналдық шаруашылық мекеме-сіне (өздерің қалай ойласаңдар да қақыларың бар) бастық бірер жылдан артық тұрақтай бермейді. Бәрі-

бір табысы мол орын бос тұрмайды. Сол орынға екшелген тағы бірі келген-ді. Міне, бұл соңғы бастық жәйлі хикая еді.

Кәрекең орта бойлы, төртпақ, қоңыр көз, ақ сары реңін аздап әжім шала бастаған. Шамасы бұрын әр жерде бастық, немесе бастықтың орынбасары болып ысылып қалса керек. Креслоға отырудың, алдындағы жазу столының үстін реттеп ұстаудың қилы сырын жетік білетіні көрініп-ақ тұр.

Кәрекең телефон трубкасын қолымен ұстап бір жермен сөйлескелі келді. Бірақ қаламыздың телефоны кейде құдай атып дыңылдайды да тұрып алады. Бұл жолы да дыңылдады. Кәрекең қабағын шытып іштен тынып отыр еді. Сол сәтінде есік ашылды. «Ішке кіруге бола ма?» — деп күлімсірей сөйлеп бас бухгалтер баса-көктеп кіріп келеді. Басеке оны жылы қабылдады да:

— Әлгі бұйрықтар кітабын әкеліңізші? — деді.

Ақ өңді, тамағының астында бармақтай қалы бар, тоқаш мұрын бухгалтер әйел:

— Қазір әкеле қояйын, — деп құрақ ұшты.

Бастық оның жүрісіне, сырттай қарап зер салды: «аса тәтті болса шыбын тынышыңды алады, деген бар. Бұған да сыр алдыртатын адам емес-ау. Байқау керек», — деп ойланды.

Осы екі ортада бір жас техник кіріп келді. Оған ілесе бухгалтер қайта енді. Басекең шөлмекше сынды:

— Әй, шырағым... бұл неғылған басыну. Есік неге қақпайсың. Бұлай болмайды. Тәртіп, ұят керек.

— Ағай, оқушы емеспін есігіңізді қағатын, жатақхана керек еді, — деді жас техник.

— Есік қағуға ерінбеген жөн. Маған ақыл үйреткің келе ме?

— Жоқ, ә.

— Адам қайда барса, аяқ сонда бастайды. Өзіңе өзің қожалық ете алмайды екенсің, қарағым. Ұзақ

әңгіменің дәмі кетеді, сондықтан сөгіс жариялаймын!— деді Кәрекең шытынап:

— Не үшін, баспана сұрағанымға кінәлімін бе?— деді анау жыламсырап.

— Тәртіп... этика керек. Мәселен, жағдай талап етесің, екілене сөйлейсің. Мұнша пысықсу қажет емес,— деді де бас бухгалтерге:— Техник Қилыбаеваға тездетіп сөгіс жаз,— деп әмір етті.

— Дұрыс, бәсеке. Өкпелеме, Қилыбаева, адам өз қылығынан табады,— деп бухгалтер бастығын қоштап қойды.— Бастық төрт-бес күн жұмысқа өз жағдайымен келе алмаған екен. Соған бола менің мазамды алдың. Оны Кәрекең білмей отыр ма?

Жас техник біраз үнсіз тұрды да: «әр сөздің де сұрауы болар»— деп шығып кетті. Кәрекең болса «бұлар бұрын бет-бетімен кеткен екен. Бәрін де тәртіпке келтіріп тастайын. «Текеге шарап берсең — қасқырмен төбелеске шығады», деп ешкімді еркінсітіп, едіреңдете алмаспын»,— деп ойланды. Осы кезде бас бухгалтер жақсы атты көрінгісі кеп:

— Әлгі завхоз жұмысқа кешігіп келді. Дәрігерге бардым дей ме, әйтеуір мың сылтауы таусылмайды,— деді.

Түтіннің де қалай ұшатынын болжайтын сыңаймен Кәрекең:

— Оған да бір сөгіс жаз!— деп бір қойды.— Тіс пен ерін бір-біріне жәрдемші. Біз бен сіз тәртіп мәселесін осылайша қатаң ұстауымыз керек. Әсіресе, қаражат жағын да өзіміз бірігіп шешеміз. Бұдан былай есінде болсын...

Обалы не керек, басбух ондай-мұндайға жанып түседі. Бастығын жанын сала жанығып қорғайды. Онысы көмейінен беп-белгілі.

— Кәрсек, төрелігіңізге құлдық. Сеніміңізді ақтауға әзірміз,— деді бухгалтері.

— Сөйткен жөн,— дей беріп еді. Есіктен алпамсадай шикіл сары жігіт жөтеле кірді.

Кәрекең оған тыжырынып қалды да:

— Әй, әкем болсаң да сыртта неге жөтелмейсің. Тәртіп қайда. Демек сізге де қатаң сөгіс,— деді.

— Інім, отыз жыл электрик боп келем. Бір сөгіс алған жоқ едім. Сіз сөгіс түрлерін шүлен ғып таратып жатсаңыз мен де құр қалмай-ақ қояйын,— деп Майқан терезе алдындағы орындыққа жайғасты. Қоңыр қалпағын шешіп, күректей бет орамалымен терін сүртіп, тағы жөтелді.— Қырсық шалып, тұмау-сұмау пәле болғаны. Дәрігерге барайын десем инженер бастықтан лұқсат сұра,— деп сөйлескісі келмейді.

— Ақсақал, сізбен қалжыңдасар уақытым жоқ. Рет-жөн, тәртіпті түсінбегеніңіз, орынсыз жөтеліп, кабинетте теріңізді сүрткеніңіз үшін сөгіс жариялаймын дедім. Айтқаным айтқан, кабинеттен шығып тұрыңыз,— деді Кәрекең кәріне мініп.

— Інім, өзің де темір адам емессің, талай күн жұмыста болмап ең. Ертең не боларыңа көзің жетпес еді,— деп Майқан күбірлей сөйлеп шығып кетті. Кәрекең мен Майқанның алғашқы күннен қаны ұйымай бір-біріне оң қабақ танытпай-ақ қойды. Кәрекеңнің басқару тәсілінен мұндағылардың зықысы шыға бастағаны қашан. Әрине өзінің жағымпаздары жапа шекпейді, қайта шалқақтап барады.

Әлгінде есік ашылған кезде секретарша қыздың үсті-үстіне түшкіргенін Кәрекең естіп қалды. Қоңырау басып қызды дереу шақырып алды.

— Қарағым-ау, жап-жас болып бұл не сұмдық. Адам деген жұмыс уақытында түшкіре ме? Неге бай қамайсың? Таң атқанша түшкірсең де үйің бар емес пе. Өнеукүні де замечание жасап, сөгіс бердім. Апырай, ақылсызға айтқан сөз желге кете ме? Сұмдық-ау жұмыс уақытында ысқырып-пысқырын, түшкірі отыру деген ұят...

— Ағай, кешіріңіз...

— Жо-жоқ, кешірмеймін. Егер бұдан былай түшкірсең жұмыстан шығасың. Кәне, түшкіруіңіздің жан-жақты себебін көрсетіп тездетіп түсінік жаз. Аңдамай түшкірген ырымға жаман, — дей беріп еді, коридорда біреудің сақылдап күлгені естілді. Оны Кәрекең кешірмейді. Дереу шақырып алды, ол өзінің шофері екен.

— Жігітім-ау, бұл қалай? Саған сөгіс жариялай беруге менің уақытым жете ме? Оу, неменеге ыржыңдайсың. Сен өзің күлкіге тоймайтын пәле екенсің. Бұл әдетің машинаның соры. Бұдан былай күле берсең жұмыстан шығасың. Шырағым, күлкінің зияны — бұрыштан да ащы. Тіпті маған күліп тұрсың ба, деп қарадай қысылып қалам. Давай, бұдан былай орынсыз күлмеуге ант етем деп түсінік жаз...

— Құп болады, — деп шофер шығып кетті.

Не басыңды ауыртайын бір жылда біздің коммуналдың шаруашылық мекемесінде мың бір сөгіс беріліп, жұмысшы, қызметкерлерден бес жүз түсінік алыныпты. Тегін сөгістен құр қалған адам сірә жоқ шығар. Айтпақшы өз басы туған, туыстарын аралап он-он бес күндеп кетіп қалса да, кейде басының «сақинасы» ұстап жұмысқа себепсіз шықпаса да сөгістен дін аман. Басбухтың да әзірге жұлдызы оңынан туып тұр. Таудай кемшілігі болса да түгі білінбейді. Өйткені бұйрық кітапшасы бірінің қолынан біріне көшіп, бір-бірін жоқтатпай келеді.

Байқандар, бауырым, сүрініп кетсең сөгіс қайдан дей көрмеңдер. Әнеукүні бастығымыз бір сөзінде жаңа жылдан бастап сөгісті азайту керек деп қалды. Басекеңнің қалжыңы шындық болғай, деп тілеп жүрміз...

СЫБЫСТАН ШЫҚҚАН ШЫҒЫС

Көшенің бұрылысында кездескен Қалима танысына:

— Ибай-ау, көрмегелі көп болды, өзіңнің өңін жасарып, сұлуланып кетіпсің, — деді ерінін сылп еткізіп: — Қызық айтайын ба? Ешкімге айтпа, абысын.

— Айта ғой, тісімнен шығармаспын, — деді қара торы келіншек.

— Ендеше, тыңда. Жанымдай жақсы көретін абысыным-ау, екі жылға дейін магазиндерде сабын болмайтын көрінеді. Қоры таусылыпты, заводтары жөндеуге тұрыпты. Апыр-ай, аяқ астынан ойыма ой түсе кетіп саған айтқаным мұнша жақсы болар ма. Ниетіміз түзу екен. Кемді күнге болса да бала-шағаң бар, сабынның қорын молынан жасап ала көр, мен айтты деме, — деді.

Бұл сыбысты естіген Бағира жол-жөнекей Қатираға айтты. Қатира қасын керіп:

— Ибай-ау, бұл дүние не болып барады. Рас па, ей!

Бағира сепкіл басқан бетін шымшып:

— Сорлы-ау, дүниеде не жұмысың бар. Күн бұрынғы орнынан мінсіз шығады, бұрынғы орнына қонақтайды, таң атады. Бәрі қалпында. Ішкенің алда, ішпегенің артта. Шүкір, баршылық. Оның бәрі сабынға байламысты емес, — деді.

Қатира басын изеп:

— Кімнен естідің? — деді сөз төркінінің қайдан шыққанын білгісі кеп.

— Әй, ашық ауыз, әйелдің жер астында жеті құлағы бар емес пе? Оның ішінде мына біздің. Сондықтан кім айтқанын қайтесің, әйтеуір анық-қанығын білетін адам. Қапы қалма.

Қатира екі өкпесін қолына алып Сәлимаға жетті.

— Ішім пысып, жалғыздықтан жарылып кете жаз

дап отыр ем. Жақсы келдің,— деді Сәлима күлмнің қағып.

— И-и, «бойдақ әйелдің түске дейін есі бар, түстен кейін есі жоқ»,— деп отырмын десеңші!

— Дұрыс-ау, Қатира, күлкі болса да күйеуің болған жақсы екен ғой.

— Мен саған айтпадым ба, «бала— көз бақытың, күйеуің — өз бақытың», деп. Бойдақтықтың ау-жайын байқап көрем, деп желігіп желпілдедің де тұрдың.

«Кісі жары кісіге жар болмайды, балапандай бауырыңа басқанменен» деп Сәлима ыңылдап әндетін жүріп шай қойды.

— Тілеуіңді берсін шай ішпеймін. Үйде балам жылап қалар. Дос ниетіміз қабыл боп, тату-тәтті жүрген соң, сенен несін жасырайын магазинге көпке дейін сабын шықпайтын көрінеді, деп естідім. Тездетіп қорын молайтып ал,— деді де құбаған жүзді Қатира есікке беттеді.

— Рас па, ей, сұмдық-ау, не дейді... Айтпақшы, нан ауыз ти, байың тастап кетер.

— Ей, о сүмелектің қолынан не келеді. Бір жәшік сабынды өзгер алдырдым.

— Ендеше кішкене ғана сабыр ет. Кідіре тұр, мен де тез киіне қояйын,— деп Сәлима құрақ ұшты.— Айтпақшы, Бәлимаға да айту керек. Өзін қатты аяймын. Күйеуінің түбіне арақ жетті, он баламен басы қатып қалды, сорлы шіркін. Етегіме оралып мешайт етіп жатқан бала жоқ, сенен несін жасырайын біреу сөз салып жүр. Бірақ, көңілім толмайды.

— Әй, сенің көңілің толатын еркек дүниеде туманған шығар. Болсаңшы?— деп Қатира асыға түсті.

Айна алдында тұрған Сәлима:

— И-и, құрбым-ау, шиңдей ерінің, талдырмаш сұп-сұлу денең, қиғаш қас, ақ өзек өңіңе сай келетін

сұлу жігіт кездессін деп тілесеңші?— деп жұмсақ күлді.

— Сәлима деймін, сабын өтіп кетеді, әлгі сүмелектің бір айлық зарплатасына сабын алам,— деп Қатира дызақтады.

Сөйтіп, абысын-ажын тез құлақтанып үлгерді де магазиндердегі сабынды әп-сәтте жылан жалағандай етті.

Бір сатушының желбуаз сөзі дүкендегі сабынның түгел өтіп кетуіне себепкер болды. Ал, қазір жұрт ауыл-ауылдан сабын іздеп сабылып жүр...

ШИФОНЬЕРДЕН ШЫҚҚАН...

Зымзия екі қолын желкесіне қойып, көк мақпал жапқан диванда жатыр. Дөңгелек стол үстіндегі хрусталь вазадағы қалампыр гүлінің жанында шоңқиып ақ төбел, қара мысық отыр. Бес тармақты люстрадан көк, ақ сары, қызғылт, қоңыр, ақ түсті сәулелер бірінен соң бірі төгіліп бөлмені түрлі-түсті нұрға бөлейді. Әсіресе, болгарлық гарнитураны сәндендіріп, ажарландырады. Осындай әртүрлі сәулелерге мысықтың да көзі үйреніп болған; кешкі шамның алғашқы жануын дөңгелек стол үстінде қарсы алады да, секіріп түсіп креслоға отырады. Өзі осы үйдің «еркесі» сияқты. Ал, екі креслонның арасында стол тұрады. Онда «мода» журналының сандары мен газбен тұтынатын зажигалка, «қазақстан» сигареті жатады. Қара телефон да сонда.

Зымзияның нарттай өңі таймаған; баяғы қыз күніндей денесі де жинақы; қасы, көзі қиылған, оймақтай жұп-жұқа ерніне көгілдір бояу жарасады. Тоқаш мұрнының оң жағындағы меңді қара бояумен сәндендіріп қояды, кішкене ғана қара торы бетінде сынық

әжім жоқ, сәбидің алақанындай десе де болады. Қазір ол үйдің төбесіне қарап ойланып жатыр. Кенет жастық шағы есіне түсті ме, көз жасы сынаптай домалап кетті.

Қара мысық аяқ жағына секіріп түсіп еді, «тырш» деп теуіп жіберді де, қарақаттай қара көзін жұмып бір жамбастап аунады. Мысық мияулап: «қартайған соң менен басқа жанашырың болар ма екен?» дегендей болды. Әйел өз ойынан шошынды. «Ұйықтап кетсем екен... Мұншалық алақызғаным несі? Қайтесің, жалғыздіктен қиын не бар,» — деп ойлайды. Кешкі ала көлеңкеде қалай ұйықтайды. Студент кезіндегі у-ду қалың достарын есіне түсірді. Бүгінде әркім өзінің ошағының отын маздатып, күйтің-күйтің тірлігімен әуре боп кетті. Уылдасып-дуылдасып жүретін базарлы шақтың алыстағаны осы тағы. Қатарынан кем осал емес еді, ажар-көркі бәсекелестерінен асып түсетінді. Неге екенін пайымдап болмайды, жігіттер дегенің Зымзияға тым үйір еді, біреудің қайғысы, біреудің бақыты болған-ды. Сұлулық ерекше құрметті күтеді екен.

Сол қызықты күндердің әлегімен жүріп уақыттың өткенін де аңғармады.

Жылдар өте берді... Әйтеуір, Қырқымға дәм-тұзы жарасты. Көк етікті, көне етікті деп қараған жоқ, өзінен си бес жас үлкен болса да тұрмыс құрды. Қай қылығымен ұнағанын да есіне түсіре алмайды. Әйтеуір, күйеуге шығу керек деген қорытындыға келді. Оның үстіне Қырқым да жарғақ құлағы жастыққа тимей, тектен-текке уақытты өткізбей семья болалық деп қыр соңынан қалмады. Жә, онда тұрған ештеңе жоқ, екеуінің де қызметтері ел қатарлы, үй, жайлары бар. Қырқым болса ноқтаулы ботадай жетегіне ереді, сілтегенімен жүреді. Дегенінен шықпайды. Басқадай ұя бұзарлық одағай әдеттен аулақ. Сондықтан үріп ішіп, шайқап төгіп дегендей ешнәрседен түңілген жоқ,

ойы тұйыққа қамалып қамыққан кезі де некен-саяқ. Осы бір жалғызділіктік болмаса әттең жас кезінде құлын мүшем бұзылады, деп бала көтермеді. Қазірде қартайып тұрған жоқ, бірақ ерсілеу сияқты көреді. Әттең, әттең, Қырқым жоқта жетімсірейді. Қырқым болса қаңғыр-күңгір, оны балаша жұмсайды, беймазаланып ұрысып та алады. Қырқым қандай еркелігі, ерсілігі болса да көтереді.

— Қырқымның мінезі жақсы ғой!— деп сәл езу тартты да, көңілін сергіткісі келді. Неліктен өзіне-өзі сөйлегенін аңғармады, дағдылы ұғым екенін соңынан түсінді...

Орнынан тұрды. «Өлердей қымбат күндерім, қайда-сың. Қайран жастық», деп үшінші бөлмеге барды. Қою қара шашын сипады. Әлі де бірде-бір талын ақ шалмаған-ды. Қайраты қайтпағанын танытады. Осы бөлмеде қоңыр түсті «Қоғалы» мебель фабрикасының шифоньері тұр. Өткен көктемде алған еді, жылға жетпей есіктері қисайып барады. Тартпалары сірескен. Бәрінен бұрын есіктің тозуы тым сиқын алады. Қырқым «қисық ауыз» деп әзілдейді. Сонда да жолаушылап келсе осы шифоньерге киімін іледі...

Жә, дүниені қойшы, Зымзияға жалғызділіктің зардабы батып жүр... Тіпті, іші пысып, абажадай үйге симайды.

Дәл қазір не істеп, не қойғанын, неменені ойға алғанын да білмейді, жапа-жалғыз жүріп кейде жынымен сөйлескендей күбірлейді Зымзия.

— Алтын білезігімнің өрнегі жақсы, мұндай өрнекті және әдемісін ешбір әйелден көрген емеспін. Талайларды тамсандырдым. Киіп жүргенде кәдімгідей жарасады,— дей беріп еді, телефон шылдыр ете қалды. Сүрініп-кабынып трубканы көтеріп алды.

— Ало-ау, тыңдап тұрмын!— деді Зымзия. Сол кезде жан тебірентерлік биязы үнді жігіт:

— Мен Ақпармын, ақ жеңеше,— дей берді. Зымзия.

— Иә-нә, енді есіме түстіңіз, сәлемдесіп шықсам дейсіз бе? Оны өзіңіз білесіз... Ағаңыз командировкада...

Зымзия құстай ұшып жүріп үйдің ішін реттеді. Шай қойып та үлгерді, суық етті турап, жеміс, жидек тағамдарын да әзірлеп қойды. «Кіріп шықсам, ақ жеңешем», дейді. Өзі қандай болды екен, өзгерді ме, жоқ па? Ғашықтық сезімдерін айтқанда, әсіресе, домбырамен ән шырқағанда «менің жарым болса шіркін» деп армандаушы еді. Оған да біраз жыл болыпты-ау. Алыстағы ауданға кеткелі көрген жоқпын. Бүгінде оның бәрі түс сияқты,— деп ойын жинағанша есіктің қоңырауы шылдырлады. Зымзия «қисық ауыз» тіпті кісі шошитындай шифоньердің шаңын сүртіп үлгермеді. Асыққанда кілтін кілттеп шапыраштанып тұратын есігін де жаба алмады. Сонда да есікке жүгіре жөнелді. Кісіні қалай күттіріп қойсын.

— Сәләмәтсыз ба, ақ жеңеше. Хал қалай?— деп Ақпар мойнына оралды, арсалаңдап келді. Баяғы күйі, түк те өзгермеген. «Бұ ер адам деген қартаймайтын сияқты»,— деп Зымзия таңырқай қарады. Ақпар құшағына қысып, бетінен де сүйіп алды. Сағынып қалған сияқты...— Мұнымды ағай көрсе,— деп жымыңдап еді.

— И-и, уақа емес... Онда тұрған не бар,— деп Зымзия күлді.

Зымзия сүйегіне сіңген кербездік қасиетін сақтап отыр. Ақпар онымен сөз тауып сөйлесе алатынын, жастық кезіндегі таң-тамашалы кезеңін еске алып қызықтыра түсуде.

— Өмірге бір-ақ келесің, мол қарману керек, бірақ жанға бататын жәйлар көп. Қажыдым, жүйесіз тірлігіме өкінем,— деп Зымзия өз басындағы мұңын шақты. Осы кезде қара мысық шифоньердің есігін қозғады

да, сықыр-сықыр етті, бейне сыңсыған тәрізді. Зымзия: «Мына шифонердің үнін өшіріп келсем бе? Ұят болды-ау...» деп ойлады. Иті құрғыр да қыңсылап мазаны алды. Есік тағы шиқылдап миды шемішкеше шағады. Зымзия қымсына ойлана беріп еді. Ақпар күлімсіреп:

— Ана бөлмеде біреу сыбызғы тарта ма? Ит қыңсылайды...— деді қуақыланып.

— Біздің мысығымыз шифонердің есігімен ойнамаса мазамызды алады, сол үшін бір шифонерді артық ұстаймыз,— деп Зымзия да ойын әзілге айналдырды.

— Қызық екен!— деді Ақпар. Сосын сөзін қайта жалғап:

— Ағайдың аты кім?— деп қойды.

— Қырқым Жарбаев... Білуің мүмкін, көрген де шығарсың-ау,— деді Зымзия Ақпарға бұрылып. Сосын:

— Неше балаң бар?— деп сұрады.

— Жетеу,— деді Ақпар шындығын жасырмай.

— Ендеше жоспарды артығымен орындаған екенсің,— деді де қырықты алқымдап қалған ақ сары, әдеміше жігітке сыздана қарап, содан соң бұрынғы өткен-кеткенді еске түсірді. Осы кезде есіктің қоңырауы екі қабат шылдыр ете түсті. Зымзия қапелімде сасқалақтап қалды. Әлгіндегі қуанышты көңілі су сепкендей басылды. Жауаңдаған көз жанарын Ақпарға тастап:

— Қырқым келіп қалды,— деді.

— Не істейміз, жағдай қиындады ғой,— деп Ақпар да естілер-естілмес үн қатты.

Заматында Зымзияның ойына шифоньер түсті.— Жүр,— деп қолынан ұстап,— шифоньерге ілінген костюмнің ар жағына тығыл,— деді...

Қырқым қаннен-қаперсіз ішке кірді де әйеліне жағымды бірдеме айтпаққа окталды. Мүлде абыржып тұрған әйелінің жүзін көрді де:

— Зәке, бір жерің ауырып тұр ма, ұйқыңды бұздым-ау, жата ғой,— деп міңгірледі. Сосын сырт киімін шешіп қисық ауыз шифоньердің есігін ашып ілуге ыңғайлана беріп еді.

— Сәләматсыз ба? Қырқым Жарбаевич,— деді.

— Өйт, өй, мына жігіт қызық, әй? Өзі сынғалы тұрған шифоньерге кіріп алған несі, баламысың, ей?— деді Қырқым жуасып.

— Шифоньердің есігі жабылмай қапты. Көрдіңіз бе, ішкі бетіндегі төрт бұрышынан бекітетін винттері босап кетіпті. Соны жеңгей қатайтып бер деген соң бұрап жатыр едім...

— Е, бәрекезде... Зәке, Зәке, шынында есік дұрыс жабылатын боп қисық-мисығы түзеліп қапты... Нанбасаң, көрші өзің,— деп Қырқым әкесі базардан келгендей қуанды.— Мына шифоньерден шыққан жігіттің қолының еп-септігі бар екен...

— Кәке, шынында да шифоньер сияқты болыпты, рахмет сізге,— деді Зымзия ерінінің ұшымен, ұйқылы-ою сезімде...

Осы кезде жұлып алғандай Қырқым:

— Пай, пай, амандасуды ұмытып кетіппін, кешір. Сәләматсыз ба? Жігітім, таныс болалық,— деп басын шұлғыды...

— Таныссақ танысалық,— деп Ақпар дарбиған қолын ұсына берді... Зымзия түк білмегендей ас үйге шығып бара жатып: «О, жасаған-ай,— еркек болып қызғануды да білмейтін бейшара, осыны да күйеуім бар деп жүрмін-ау»— деген ой құшағында еді...

БЕДЕЛ

Беделді болсаң, ешнәрседен кенде қалмайтыныңды білесің ғой, бауырым. Сондықтан қаракан басыма лайықты бедел іздегеніме табаны күректей жиырма жыл

толады. Әкем марқұм бала кезімде айтатын еді; мінезің жатық болса, өмірің қатып тұрады, сорпаңның да дәмі татып тұрады,— деп. Бірақ, сол бедел желден келе ме, жерден бе, әлде елден бе, ешнәрсесін бажайлап аңғарып жатпай, көзімді тырнап ашқаннан есепке жетік болдым да, сауда жұмысына араласып кете бардым. Әкемді білетіндер шетқақпай жасамай, араға бірер жыл түскенсін-ақ, біреуі жетектеп, біреуі желке-легендей сауда базасының галантереялық қоймасына меңгеруші етті де жіберді. «Кеше емессің, тәжірибең толысып үйреніп кетесің», — деп арқамнан қағып күнініп те қойды...

«Жақсы сатушы құрметті, жаман сатушы елге салар дүрмекті», — деген сөзді құлағыма құя бастады. Содан ол-пұл сұрап келушілердің ешқайсысының көңілін жықпай қажетті товарын қолдарына ұстата саламын. Сонда олар бірдеңесін өткізіп қойғандай рахметін де айтпайды. Қаншама көкірегімді ашып, аржайы күліп, аңқылдап тұрсам да қадірімді білдіре алмаған есіл күндерімді айтам-ау. Ел аузына қалай қақпақ боласың.

— Ешкібастың ақыл-есі кем-ау, әкесіне тартпаған шорту, үнемі сойған қарсақтай ыржияды да жүреді.

— Бас пайдасын білмейді, тұзы шамалы. Дәу де болса осы сотталып кетер әлі.

— Әй, оны қойшы қолында тұрған ен дәулетті ұқсата алмай жүрген. Ақылынан шатасқан шалағай емес пе? — дейтіндер де көрінеді. Олар қайдан білсін күліп-ойнап тұрып қалталарын қағып күңдірентіп тастайтынды. Шүкір, бақай есепке жетікпіз. Мақтанғаным емес, талай ревизор тоқсан тоғыз аударып, төңкеріп тексерсе де иненің жасуындай кінәрат таба алмаған еді.

Иә, жұмыстың аты жұмыс, тұрмыс, тіршілік аты бір басқа, ең қиыны беделден кенже қала беретінім. Әлгі өзім қатарлы шаруашылық товарының қойма

меңгерушісі Қожбанның есімі ауыздан ауызға тарап, дүрілдеп-ақ жүр. Біреу қыз ұзатса, келін алса, шілде-хана, тіпті туған күн сияқты той-томалақ онсыз өтпейді. Бәрінде де Қожбан төрден орын алып, көкірегін көтеріп, көңілі өсіңкіреп отырады.

— Қожеке, әңгіме айтыңыз.

— Қожеке, сөз кезегі сізде, — деп жәпектеп жататын бір адам. Ал, мен болсам, одан жасым да үлкен, ептеп домбыра шертіп қоятыным да бар, бірақ тойларда бала-шағаның қасынан аса алмай-ақ қойдым. Қожбан бас табақтан бас ұстап жатса, маған асық, немесе кәрі жілік, кейде қабырға тигенде ішімді ит жалағандай, нансаңыз жынданып кете жаздаймын.

Осындай қасіретті жағдайым жаныма батып, Қожбанның беделді болу сырын сұрастырып көрсем, ізіңе шөп шықпағырдың ысқаяқ қара сұр жүзі мың құбылып:

— Шырағым, жақсы мінез, құрмет, бедел базарда да сатылмайды. Оның жолы оңайлықпен келмейді, ол қанаты бар құс, оны қолыңа қондыру арыстанның аузында, асқар таудың адам баспас шыңында, шын сырын білгің келсе көп ақшамен көмекейімді тығында, — деп кекетіп, мұқатады. Несі кетеді, сырын жасырғаннан мүйіз шығып кетпейді. Қыңыр, қисық сөзінің өңменімнен өтіп, жер-жебіріме жетіп, миымды шағатынын қайтерсің. Басқадай бір құпия ұға алмай, күз бен жаздың біразын шығарып салдым. Күндердің бір күнінде, әншейінде менің қоймама түсетін балалардың қол шанасы ұшты-күйді жоғалды да кетті. Оны елең ету қаперімде де жоқ еді. Бес жастан асқан немерем шанадан шана таңдап есімді шығарды. Оның үстіне қартайғанда кәрі тарлан жорға шығатынындай бүгінде менен гөрі балалары қымбат, соларға бүйрегі біржола бұрылған әйелім Зымзия борандай үскіріп:

— Әй, қақпас, магазиндерде балалар шанасы құ-

рыды, құдай сені тас төбеден ұрып қалды ма, қыз, қырқынға шет елдік ниссуларды жымқырып бергенше шана таппайсың ба? Өзге жұрттың балаларын ойла-масаң да, өзіңнің балаңнан ештеңені аямай үйді шана-ға толтырып қоймайсың ба?— деп зіркілдеп шақша-дай басымды шана жолына құрбан етті.

— Шана келмей тұр... іздерміз.

— Аспанға ұш, жерге кір, қайтсең де ертең шана әкел,— деп бұйрықты бұрқылдатып, жанымды картоп-ша қуырды. Онымен қоймай бір сөйлесе, аспанды ая-дай, жерді тебінгендей ететін әдетіне басып:

— Кейбір мекеме басшылары шананы қайдан та-бады, балалары әп-әсем шананы сүйретіп жүр,— деді.

— Е, ел іші табады тағы...

— Әй, өзгеде болмаса да өзімде болсын, деген тео-риямды неге ұқпайсың, миыңнан ағып кете ме?— деп біраз адамдарды да маған қосып шабақтап шатып жа-тыр.

Ертеңгілік қоймамды ашып едім, көп ұзамай мәде-ниет үйінің директоры, оқу бөлімінің бастығы, бас дә-рігер сау етіп «хозтовар» қоймасына кіріп барады. Үшеуі де керек адамдар. Ендеше алым жоқ, бүйім жоқ, сарала таңнан Қожбанға не шаруалары тіреледі. Балта, пышақ, шеге, ол-пұлсыз үй таппайсың, оған ешкім де ділгер емес. Есіктен сығалап біраз қарап тұр-дым. Абырой болғанда оңаша еді. Бір уақытта әлгі үш бастық бір-бір шана алып шықты. Ішім өртеніп, безгек болғандай қалшылдап, тіпті күйіп кеттім. Ара-ға біраз сағаттарды салып Қожбанға бардым. Саған өтірік, маған шын, көзің жамандық көрмесін, әдемі қол шаналар қоймада тіреліп тұр. Көзіме оттай басы-лып:

— Қожбан, шана саған неғып түсті?— дедім.

— Онда тұрған не бар. Түскісі келді түсті, шана-ның тегі ағаш пен темір емес пе?

— Қашан түсті?— деп алыстан орағытып едім, о да ку емес пе, сылтаудың себебін алысқа тастап.

— Өткен түнде,— дей салды.

— Магазинге шығармайсың ба?

— Асығатын не бар.

— Е, жұрттың қолы жеткені қоймадан да алады десеңші!

— Әрине... өзіңе түскен құнды заттарды магазинге бірден бере қоятын шығарсың?

— Бергенде қандай, тіпті тоқтаусыз.

— Оқсатқан екенсің.

— Сонда қоймада сүр ғып сақтауым керек пе?

— Онда шаруам қанша... Ағатай, жалпы өзің біл...

Енді ойласам «дефицит» товарларды (жасыратыны жоқ оны өзіміз істейміз) ел құлақтанып болғанша қоймада сақтап қоюға болады екен ғой. Сонда ғана беделім шарасынан асып, төгіліп олжаға батады екем... «Беделіңнен айырылғанша, беломыртқаңнан қайырыл» дегендей, алдымен бедел жолының құлығын тапқанға не жетсін!..

ӨЛІП, ТІРІЛУ

Біздің Қожбанның мінезі де қызық, «түске дейін көл, түстен кейін шөл» болатын әдеті де бар. Ортан қолдай құрылыс мекемесінде прораб болған соң жолдас, жоралары да көп, қалтасынан ақша да арылмайды. Бүгінде екінің бірі айналасы ат шаптырым үй салуға әуес, бар болған соң тіршілікте үйіміз тар болмасын, деп құрылыс материалын жымқырып-қымқырып алуға жаны құмар ағайындар жетіп жатыр. «Береген қолым алаған» деп құрылыс тоқтап тұрса да Қожаекең «ерлік» жасап ағаш, кірпіштерді ызғытып та жібереді. Сондықтан өзінің қылмысы ашылмауы үшін

керекті адамдардан Қожбан да ештеңе аямайды, қолы ашылып, ақшасы түскір қаншама шашылып кетеді десенші. Ондайда Қожекең:

— Жолдастар, келер жері кең болсын, ер табысына мырза,— деп құбақан жүзіндегі күлкіні жарастыра түседі.

— Қожакең дұрыс айтады.

— О, Қожеке, өлме, өлсең қайтып келме!

— Егер өле қалса Қожекеңдей дос табарсың,— десіп жолдастары да оны гулетіп бәсін жоғары көтеріп жатады. Оған Қожекең мәз. Егер шала буырыл мас болса:

— Давай, достар, қалжыңды қойып бірыңғай ішелік,— деп қыстай бастайды.

Осындай ішудің аяғы, шынын айтқанда, біралуан адасу болады; ырду-дырду көшеде бірін-бірі қалыңдығынша сүйісіп тарасады. Адам атын ажуалаған арақтың ақ сайтанын ерттеп мініп Қожекең үйге жетеді.

Дым көрмегендей теңселіп ессіз тұрған күйеуін діңкесі құрып Сағира қарсы алады. Қаны қарайып: «Ой, сұмдық-ай, мынадай сұмырайды кім көрген. Қаңғыбас неме, бүйтіп араққа қор болғанша өле қалмайсың ба! Мас күйінді көрсем тұла бойым түршігеді. О, сұмдық-ай. Адам сиқың болса бір сәрі, жасыңа жетпей қартайып болдың... шал... албасты,— деп Сағира күйіп-пісіп еді.

— Ме-мен өлсем сорың қайнайды. Ақша табатын мен... Ақшаны өле-өлгенше жақсы көретін сен.

Сағира түтігіп:

— Өл, құры, бүйтіп мың өлтіріп тапқан ақшаң бар болсын. Өл, қата қал,— деп еді.

Қожбан дәретхананың ішіне кірді де:

— Өлейін бе?— деп ежірең етті.

— Өрем қап, бір маскүнем азаяды,— деп әйелі тілін тартпады.

— Әй, өлдім,— деді де Қожбан ванна мен екі арадағы қабырғаны басымен періп кеп жіберді.

Сағираның зәресі зәр түбіне кетті. Қожбанның басы жоқ, иығы ғана көрінеді.

— Айналайын, құдай-ау, құлдығың болайын... Шынымен басы быт-шыт болғаны ма,— деп әрі-бері қарап еді. Қожбанның бассыз денесін көріп:— Ойбай Қожбан, сйбай Қожбан, өліп қалды, телефон қайда?— деп әйелі одан сайын дызақтады. Телефонды тере бастаған кезде Қожбан:

— А-а, әйел, мен мұндамын,— деп шынғырып жіберді.

Әйелі телефонды тастай салды. Келе-сала ваннаның есігін ашып еді, тілін салақтатып, көзін алайтып Қожбан тұр. Өңі сұп-сұр.

— Шын көңіліңмен тілегімді орындасаң оллаһи өлмеймін,— деп былдырлады.

Әлекке түскен Сағира:

— Құрып кет, бірақ өлмеші,— деп жалынды.

— Арақ ішсем үндемейсің бе?

— Арақты сен іш, сені арақ ішеді, бірақ өлме,— деді Сағира.

— Онда тірілдім,— деп Қожбан құрылысшылардың картоннан сала салған қабырғасынан басын суырып алды.

— Ой, иманым ұшты, сендей әңгүдік дүниеде жоқ шығар...

— Жә, бұдан былай арақ ішсем мойыным үзілсін,— деп Қожбан ант-су ішіп диванға барды да құлай кетті...

— Тұра тұр, бәлем саған күнде өліп, тірілуді көрсетермін,— деп Сағира кіжінулі...

ЖОҚТАН ЖАҚСЫ

Шопан болғаныма бес жыл. Құдайға шүкір, абыройсыз да емеспін. Сосын да болар, берісі аудан, әрісі облыстан келген өкілдер соқпай өтпейді. Оларды көбіне біздің үйге не ферманың меңгерушісі, не бөлімше зоотехнигі бастап келеді. Келгенде олар жәй келе ме, еркінсі келеді.

Бірде бастықтарымыздың екеуі бірдей желпініп келе қалды. Қасында аудандық газеттің бір жігіті және бар.

— Біздің Жарылқасын жарайды! Ерлеп тұр! — деп келген бойда ферма меңгерушісі арқамнан қағып-қағып қойды.

— Бал қайда болса — шыбын сонда. Жөкеңнің ерлік еңбегін айналсоқтап жүрген біз бір шыбынбыз, — деп орақ тұмсық көк көз, шикіл сары зоотехник Нәдірбай дейтін де мақтауымды жеткізіп жатыр.

Газет қызметкері жымия бас изеп амандасты.

— Өте жақсы, айтулы шопан өзіңіз боласыз ба? Әдейі өзіңізді іздеп...

Осы кезде:

— Жә, «маңдайы терлемегеннің қазаны қайнамайды» деген, ошақ басында отырып кеңінен әңгімелесейік, — деп ферма бастығы бір жұтынып қалды.

Сонымен қонақ жәйлық әдетімізге басып, бар ырыздығымызды алдарына жайдық. Абырой болғанда үйде коньяк та, ақ арақ та, жас ет те бар еді. Алдарына тостық. Ішімдікті бір-екі сілтеп алған соң Құрысбай дейтін әлгі ферма бастығы мың құлпырып:

— Осы жеңгеме сүт машина керек пе? — деді. Әйелім:

— Қайным-ау, жоғымызды тап бастың-ау! Бірер сиырымызды сауып, майын жей алмай отырғанымызды көріп жүр екенсің ғой, — деп қуанып қалды.

— Бесе, бәсе, біздің бастық малшылардың мұқта-

жын айтқызбай-ақ біледі,— деп зоотехнигі қостай жөнелді.

— Давай, ертең облыс орталығына жүрейін деп отырмыз. Қажет болса сүт машина әкеліп береміз,— деп Құрысбай сумаң етті.

— Малшыға жағдай туғызғандарың жөн,— деп тілші әңгімеге сараңдау араласып отырды.

— Біздің малшыдан аянатын ештемеміз жоқ...

— Құрекең әкеп берем десе әкеп береді ғой...— деді зоотехник те.

— Биыл,— деді Құрысбай енді тілшіге бұрылып,— бұл шопанға осы жазда бес бөлмелі шатырлы үй салдырып берем. Онда кітапхана, монша, кино көретін бөлме болады. Айтпақшы тағы не жетіспейді? Айта отыр.

— Бәрінен бұрын қора жай мен қой суаратын астауым және ер-тұрман жаныма батып жүргені.

— Ә, сол да сөз болып па? Ол болады,— деді желпінген бастық.

— Қайным-ау, оқ-дәріден қарап қалдық,— деді әйелім де бастықтың көңіл-күйін байқап.

— Дұрыс. Алдырам бәрін де. Заявка бердім...

Бұдан кейін де үш-төрт дүркін қырлы стақан жеделдетіліп төңкерілді.

Дастарқан басында желдей ескен ферма бастығы айды алдымызға, күнді қолымызға қондырды.

Қонақтар дуылдасып-дуылдасып таң ата аттанып кетті...

...Одан бері де біраз уақыт өтті. Қар бір түсіп, еріп те кетті. Әйелім қыңқылдап қояды: «Әлгі бастықтың уәдесі не болды?» деп. Мен болсам: «Өзі де қыруар міндетті мойнына алып кетіп еді. Орындағанша сол болып жатқан шығар» деп басу айтамын.

Айтарын айтсам да, іші құрғырым қылпылдап-ақ тұр. Құрғақ уәденің өзі «жоқ» деп жерге отырғызып кеткеннен тәуір ғой, әйтеуір...

МАҚТАНЫП АЛАЛЫҚ

Шіркін, ауыл адамдарының несін айтасың, пейілі де кең, сөзге де жеңсік береді. Төбеге көтеріп сыйлау да қолынан келеді. Кейде сөзің сүйегінен өтіп жатса да қабағын шытпайды. Меймансыңдар, ептеп ондай-ондай болады ғой, дейді. Бастан сөз асырмай күйген терідей тырыспайды. «Шүкір жеріміз де кең, таршылығымыз да жоқ», деп шопан миығынан күледі. Екі нығы қақпақтай, бетінен майы шығып отырған өткір көзді, палуан пішімді шопан совхоздың шамшырағы екен. Мінезі байыпты. Баяғыда «сабыр жұмақтың кілті» депті ғой біреу. Сол айтқандай, сабырлы жігіт өзін Есімбек деп таныстырған-ды. Оған: «Сенің есімің есім болсын, ал бегің кім?», деп қасымызда отырған Қайырекең тарқылдап күлді. Сайтан алғыр осындай да ат қояды екен, деп жаудың бетін қайырғандай екі нығынан дем алды. Шопан жігіт те аңғарымды екен:

— Е, құрбым, барыспалық бас жаққа, барыссақ егер бас жаққа, іс айналар шатаққа,— деп жымсиды. Қайырекең өзіл ғой деп жуып-шайды.

— Шынында менің үкілейтін бегім — әйелім,— деп шопан кетік тісінің арасынан тілін көрсете күлді.

— Солай ғой,— деп анау міңгірледі. Иә, Қайырекеңнің бас деген сөз жанына жақпады. Басы құрғыры оңып тұрған жоқ еді, көк мұздай жылтырайды. Соған сезіктенді ме, іле жұмған ауызын ашпай қоя қойды. Сосын Есімбек әңгіме бағытын өзгертіп:

— Ойын сөз ғой, бұра сөз күлуге жақсы деген. Онда тұрған не бар, одан да домбыра тартыңыз,— деді. Кереге басында ілулі тұрған домбыраны алып отырғандарға ұсынды.— Өнерлерің бар шығар. Біз ән, күйді сағынып отырамыз.

— Өлеңді Қайырекең айтады.

— Алыңыз домбыраны.

— Төбе шашымыз түскенше ән айтып едік,— деді аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бастығы сөзін әзілге шаптырып. Қайырекең шынында бір кезде әнші атанған. Сосын ән десе дәті шыдамайды. Жан-жағын сүзіп қарап шықты да әнді сілтеді, күй төгілдірді. Жақсы ән үшін алып қою жиілей түсті. Көңіл бірте-бірте шалқып, дүние тегістеліп барады. Тәйірі, онда тұрған не бар. «Арақты кім ішпейді, ақыл, есім орнында қалса шүкіршілік» депті ғой біреу.

Манағыдай емес, үйдің ішіне сона қамағандай, аядай жерде шарадай жиын басталды. Бірінші болып мәреге Қайырекең жетті. Тойған қозыдай томпып отырған Тыраштың да үні шығып:

— Қа-қап, тоқтай қал, мен қызық айтайын, Наполеон он екі жасында дүниені өртеймін, деп кергіген,— деді. Осы кезде шопан Есекең жымсия күліп:

— Сонда қасында қасқа бас, орақ тұмсық, қайыстай қара тұрыпты. Оның артында мен бар едім, әлгі қазақ маған туыс екен деп жүзін де аудармады,— деді де,— ме-мен қызық айтайын. Францияның Атлантикалық жағалауындағы Ла-Рошель қаласында су орнына коньяк ағыпты деседі. «Мартель» коньяк заводының ертке ұшырауынан жүздеген текше метр спирт Шаранто өзеніне құйылыпты,— деп шалқақтады.

Тыраш қабаттаса сөйлеп:

— Е, мына коньяктарды шелектеп алып жатқанда көмектескен мені байқамап едің, оңбағыр,— деп әзіл-ұпайын жібергісі келмеді.

Қайырекең көнтіктеу ерінін сылп еткізіп:

— Бәсе, осы коньяктардың дәмі су татып кетіп еді,— деп ықылық атты да:— Ал, жолдастар, бәріміз де мақтанып алсақ қайтеді... Біреу атын жоғалтып, ер іздепті ғой, сол сияқты есіміздің барында мақтанғанды өзім өте жақсы көрем. Мақтаныш — ден саулығыма сұмдық пайдалы,— деді.

Сосын қыли көзін қайта қадап:

— Мас адамды ұрмасаң да жығылады дейсің ә? Мен мас емеспін. Төреке, солай ма?— деп скіленді.

Есімбек есінеп алды да:

— Мастық қайда? Шараптан бір ішсең рахат, екі ішсең — қанағат, үш ішсең — ғаламат, деген бар емес пе?— деп жортақтады.

Бұл кезде Тыраш құс жастықты мыжғылай ұмтыла түсіп бас бармағын шошайтты да:

— Та-ма-ша, ғажап сөз. Ғажап, осы жұрт қалай біліп айтады, бастары істейді, ә? Менің шоферім де сөз тапқыр. О!— деп еді. Қайырекең қызбалықпен қабаттаса сөйлеп:

— Аудандық коммуналдық шаруашылық мәселесі машинаға жарып па, мына менің машинама жүзбен жүргенде қара жерді қақ айырады,— деді.

Есімбек мырс етіп күліп:

— Жерді айыра көрмеңіз, байқаусызда бәріміз де өліп қалармыз,— деді.

— Әй, Есеке, осы ауданда менің машинамадай машина кімде бар, құдайшылығыңды айтшы... Биыл кеңсеге шет елдік гарнитур алдым. Бәрі қолдан келеді. Білім де жетеді, ақша мәселесін де шештік. Төрт құбыла тегіс. Әйелім де мырза, қолы ашық. Өзің қонаққа келсең араққа тоғытар едім. Бірақ, келмейсің ау. Келгенің жақсы, келмесең одан да жақсы. Өзің біл, кабырғаңмен кеңесіп көр. Үйге келсең араққа местей ғып өлтіріп салар едім...

— Алла сақтасын, жан қымбат... өлгім жоқ, бармаймын...

Тыраш сөзді бөліп жіберді.

— Мен дегенді білесіз ғой. Талай мекемені басқарып, бала жастан даңқым асып, абыройым тасып келеді. Оны ел біледі, жер біледі. Мақтансам менің орынным басқа, оған ешкім де сөз таластыра алмайды.

— Жақсы қораз жұмыртқасында шақырады екен,

деген. Әдемі қораз екенсіз,— деді Есімбек әзілмен қарып:

— Есеке, дұрыс айтасыз. Мен білмейтін дүниеде не бар. Қалдықсыз ешбір санға бөлінбейтін жеті санын да быт-шыт ғып бөліп берем... Мен оқымаған кітап та қалған жоқ... Кітапханам совхоз кітапханасынан да бай.

— Әлгі Бағираның алты томдық ертегілерін де оқыдыңыз-ау. Қызық па екен?

— Да, ертек жазуға шебер, соққанның тілі жақсы.

— Баспадан шықпаса да оқи бересіз, ә?

— Әрине, онда тұрған не бар, түбінде оқимыз,— деп сөзін басқа бағытқа бұрды.— Есеке-ай, сіздің әйел қарап отырсам сұп-сұлу екен-ау. Осындай әйелді қайдан тауып алдың?

— Әй, оттама, божырап, мына көкеңнің әйелінен сұлу әйел жер бетінде, аспан астында жоқ. Білдің бе?

— Ал, жақсы. Тыраш-ау, сенің әйелің үстінен түйе жүрсе де былқ етпей ме?

— Қайыреке, имандай шынымды айтсам, менің әйелім үстінен түйе түгілі бар ғой, «Кировец» тракторы өтсе де қабақ шытпайды. Талай рет өлімші боп, удай-ау, удай мас боп келсем де ренжімейді. Арақ ыдысын да бүлдіреді, тезірек өлгің келсе іше бер, ден саулық өзіңдікі, дейді де қояды. Баласымен екеуі шахмат ойнап отырады. Бірақ, оңбаған мас болсам қасына жатқызбайды... «арақ сасисың»... дейді. Бірақ, әйелім жақсы. Әйелімді Москвадағы олимпиалық ойынға дайындап жүрмін...

— Ол ойынға менің әйелім де барады, әнші, бұл-бұлым ғой.

— Әй, тоқтандар, менің әйелім барады.

— Мен түсімде ылғи әйелімді көремін, ұрысып жүреді. Тыраш-ау, онысы несі?

— Әйеліңді жақсы көрмейді екенсің.

— Әйелімнен басқа кімім бар, қайран Сағирам.

Сенің қадірінді қара жерге басым жеткенше біліп өтем. Оллаһи...

— Ер адамға кім сенген,— деді Есімбек сөздің отын қайта қағыстырып.

— Ал, жолдастар, бәрімізде әйел, машина, үй-жай бар екен. Сондықтан өрт сөндіру, милиция, жедел жәрдемге телефон соқтырудан сақтасын, жұрттың бәрі әйелдерді мақтасын, деп алып қоялық. Әуелде әйелді еркектің оң қабырғасынан жаратыпты дейді ғой, қабырғаның саулығы жасасын!..

— Бәре-кел-де... сен мықтысың, шопаным. Әр кезде Есекеңді жалғызсыратпай, бәріміз де нөпір боп келіп, арақты көлдария етіп, жүзіп, мынадай жиында мақтанып тұралық.

— Сіздің үйдің есігі қай жағынан ашылатын еді. То есть қанша ішсең де біздің үйде де бас қосып тұралық, демейсің-ау, Қайыреке. Ішің кепкір, тас сараңым-ай!— деді Тыраш.

— Сен неге айтпайсың, аузың илікпей отыр ма, оң баған...

— Әй, оңбасаң оңба, не деп оттап отырсың, ей. Не деп...

Осылар енді шекісіп тынбаса неғылсын...

ЕШКІМГЕ АЙТПА

— Мені шын сүйетінің рас па?

— Жаным-ау, рас болғанда қандай, судан таза, сүттен ақ арымды өзіңнен басқа кімге арнадым. Соңымнан жүгіріп жүрген сүмелектердің біріне көз салдым ба? Өзің тұрғанда ақтан қараны айыра алмайтын дүлейлерді неғыламын...

— Жаттанды сөздер... Әдейі мақтап отырған сияқтысың...

— Егер шын сүймесем семья құрмас едік.

— Әйелдердің басы қосылса күйеулерін жамандайды. Тіпті іске алғысыз ғып сүмірейтіп, албасты ғып тастайды. Ондай қиғаш мінезден аулақсың ба? Сыпайылап айтқанда жалығып жүрмесең дегенім ғой.

— Не дейсің, ей? Сүттей ұйып отырып, қалай ғана ғайбаттаймын, асыл жарым-ау. «Қозы мен Баяндай, бір молада өлсем-ай,» деген жоқ па ем, баяғыда. Есіңде ме!

— Есімде-ау, бірақ еркектің, яғни мына менің шөлкес мінезімді, ептеп кейде «сайтанымды» қағып жіберетінімді жақтырмайтын сияқтысың. «Үйленгенше жаным деп, қазір жанымды жеп жүр» деп ашудан жарылып кете жаздайтынымды байқаймын.

— Кешіре берем ғой.

— Ашу үстінде, долылық қысқан кезде де кешіресің бе?

— Әрине, жаным, ол жағына алаң болма, кешірем, сенің таудай кінәң болса да елемеймін.

— Жаңсақ басып сүрініп кетсем тфә пәлекет, деп қаша жөнелмейсің бе?...

— Уйбай-ау, өзіңнен шығарда жаным басқа деген жоқпын ба? Қандай қиындықта да біргемін. Сүйіктім, асылым!..

— Осы сөзді менен басқа жанға айтқан жоқсың ба?— деді жігіт.

— Әрине, мендей жары бар сенің арманың жоқ,— деп әйелі өзін даралап көрсеткісі келді.

— Дұп-дұрыс, ал, ешкімге тісіңнен шығарма, мына алты мың сомды «күпит-сүпит» қып жымқырдым. Бұйырса Әбдір достың атымен «Москвич» аламыз. Сосын шалқып — Қырымды, қалқып — Кавказды аралатамын...

— Ой, жаным, қандай бақыттымыз. Маш-ина, алақай! Осы күні кім көрінген машина мініп, жігерімді құм қылып еді.

Енді бүгіннен бастап сумақай Зылықаны көзіме де ілмеймін.

— Тес... ешкімге айтпа.

— Жындымын ба, айтып.

* * *

Арада күндер өтеді.

— Әй, әйел, ме-мен мас-пын... Сен не, өзің... Ой, оңбағыр. Аузыңды қан салған шелектей етейін. Се-сен, мені, мына көкеңді маскүнем-қаскүнем, деп жамандай-тын көріне-сің. Мә, саған, жамандауды көрсетейін, жағыңды ұсатайын ба?..

— Өлдім... өлдім. Ойбай, өлтірді!

— Шық үйден! Кет, кәне!

Әйел үйден шыға қашты. Ботадай боздап барады. Біраздан соң милиция лейтенантын ертіп үйге қайтып келеді. Әйел ашу қысып қалшылдап барады. Ызалы.

— Бұл қарабет, мені өлтірем деді. О, оңбағыр, саған есіл өмірім қор болды. Сен мені өлтірем десең, мен сені түрмеде шірітейін, жолдас милиционер, бұл қоғам дәулетін ұрлаған ұры.

— Қалай дейсіз?

— Естімейсіз бе, ұры деймін, жазып ал, акты жаса, осы жақында ғана үйге алты мың сом әкеліп, ана сандыққа жасырып қойды. «Қызыл қайың» совхозында тұратын Әбдір дегенмен ымдасып-жымдасып машина алмақ. Алдырармын саған машинаны, өлде маған...

— Шын ба?

— Заң орыны өтірік-шынының анықтайды ғой. Осы үйде ақшаның бары рас, ал менің мастығым өтірік. Әйелімді жақтан шапалақпен тартып жібергенім рас, мылтықпен атам дегенім өтірік, үйде мылтық жоқ, ал, пышақ өзінің қолында жүр,— деді еркегі.

Екінші күні Әбдір шақырылды. Тергеу басталды.

— Жолдас милиционер, бұл ақша мына Әбдірдікі, нанбасаңыз сақтық кассасының кітапшасын қараңыз. Әкемнің малын сатып «Москвич» алам ба, дегенім. Бірақ, қарттар машинаға қарсы болды да, әрі туыс, әрі жолдасым Әбдірге әпергім келіп ақшасын әкелгенмін.

— Солай ма, Әбдір? Кәне, сақтық кассасының документи.

— Міне, жолдас милиционер. Бәрі рас. Қожбанның түк жазығы жоқ.

— Ал, әйеліңізді неге зәбірледіңіз?

— Сынау үшін... Оның «адал махаббатын» білгім келді.

— За хулиганство он бес күн...

Ертеңіне әйелі оған тамақ әкеліп жүрді. Күйеуі сыбырлап: «Он бес күнге түскенімді ешкімге айтпа, елден ұятты» — дейді. Әйелі көзін сулап:

— Кешір, жаным, айтпаймын. Сен шыққанша машина өтіп кетпей ме?..

Ойнап айтам, бүгін бірінші апрель екен ғой... Кейде әйелі еріне, немесе әйеліне риза болмай өтетін қайран пендешілік-ай!..

ҰМЫТШАҚТЫҚ-АЙ

Біздің Әйтiм арақты татпайды, шөлмек көрсе шытынап, шолақ танауын кержете қояды. Біреу-міреу ішіп жатса, қалың қабағын түкситіп, тыжырына қалатын. Онысының сыры бар-ды. Ана жылы ішіп жүріп, бір өлімнен қалғаны есінен кетпейді. Ол зоотехник

болатын. Бір жолы жеңіл автомашинамен шофери екеуі жолға шықты. Бір жырада автомашинаның төрт аяғы аспаннан келген. Қас қылғандай бір қарын май екеуінің ортасына түседі. Есі шығып кеткен Әйтiм бiр заманда қолын шошайтып:

— Сорлы-ау, сорладық қой. Осылай бiр жырада қалғанымыз ба серейiп,— дептi. Соны естiген жұрт бұл сайды «Әйтiм сайы» атандырады. Содан бастап Әйтiм де арақты аузына алмай кетедi. Елге күлкi болу оңай болсын ба?!

— Несiн айтасың. Арақ койғалы ес кiрiп, етек жаптық қой. Адам құсап жүрмiн,— деп Әйтiм мақтанғаннан жарылып кете жаздады. Бiрде Әйтекең Насырдың үйiнде қонақ болып едi. Дастарқан үстiнде арақты койғалы, ден саулығы түзелгенiн ауық-ауық айтып отырды. Соған қарамастан Насыр қарт аттанарда:

— Қартайған соң iшпегенiң жақсы, жарайды ендеше мына жартылық Қожбан досқа сәлемдеме. Берiп жiберетiн басқа нәрсенiң иiнi келiңкiремей тұр. Ауырлығы жоқ, шанаңның алдына тыға салайын,— дедi. Әйтекең жылы шыраймен:

— Е, бопты. Ақы сұрар деймiсiң. «Аманатқа қараулық жоқ» деген, ала кетейiн,— дейдi.

Айдалада жалғыз ат шана құйындатып ұшып келедi. Ол — Әйтiм. Фермадан шыққан бетi. Бағыты совхоз орталығы. Әйтекең жыны буган бақсыдай өзiмен-өзi сөйлеп келедi:

— Әй, сендей ақымақты көрсем көзiм шықсын. Өзiң жыбырлап қарап отырмайды екенсiң, алпыстағы ағаңмен көз қысып ойнайсың ба? Жо-жоқ, менiң жүрегiм әлi жас. Әй, ақымақ, түлен түртiп отыр-ау. Ә, берi қарашы өзiң. Менi кiм деп тұрсың. Шанама мiнiп алып, шiкiрейетiнiң қалай? «Әлiне қарамай көже де көпiредi» деп, сендей ақымақтардың талайының сазайын бергенмiн. Кiсiнi түрткiлемей жайыңа отыр,—

деп Әйтiм бiр ежiрейiп қалып едi. Бiраздан кейiн тағы да:

— Әйда, уақыт босқа өтiп барады. Куди-судийндi бiлмеймiн. Жол ақыңды бер де шыныны босат. Басыңдағы жапырайған ақ қалпағыңды қағып тастап қасыма қояйын,— дедi де ызаға шыдай алмай бөтелкенiң тығынын айдалаға ытқытып жiбердi. Сосын көмекейiне жұқалап жұтты. Орталай бере:

— Сорлы-ау, неге жабығып отырсың. Қайғырма? Мен тұрғанда қор болмайсың. Сенi босқа ренжiткен екенмiн. Әлi де қайратым бар. Бұдан былай осылай оңаша жолығып мәмлеге келiп тұратын болайық,— деп, Әйтiм бөтелкенi жұтып салды да, тойған қозыдай момақанси қойды. (Әрине, шөлмектi жұтқан жоқ, iшiндегi арағын құртып тынды.)

Одан арғысы оған өң мен түстей. Әйтеуiр Қожбанның ауласына кiргенiн аздап елестетедi. Онда да есi кiресiлi-шығасылы.

— Ау, достым, тез қартайып қалыпсың... тәңiрдiң тал түсiнде үйiңнен адасып жын қақты ма?— дедi сыртта жүрген Қожекең амандасып.

— Жо-жоқ, о-олай емес, өйтiп әкiреңдеме. Мына шананың көкiрегiнде досыңның берiп жiберген сы-сыбағасы бар, бiр жарты болса, соны ал шапшаң.

— Қайсы? Мынауың бос шөлмек қой. Iшiнде дым болса бұйырмасын.

— Қо-қой, ойнама. Тоқта, ме-менiмен бiрге кiм ерiп келiп едi. Жаным-ау, оны iшiп қоятын қа-қасымда адам баласы жоқ едi ғой...

— Мына иненiң үстiне шыққандай талтаңдап тұрысыңа қарағанда далаға кетпеген болар. Бiр жайлы еткен өзiң боларсың-ау, кәрi қу.

— Құдай сақтасын. Ме-менiң арақты татпауға ант еткенiмдi өзiң де бiлесiң ғой...

— Қайран ұмытшақтығың-ай, құрдасжан!— дедi анау көзiнен жас аққанша күлiп... «Бұзылған бұқа

бұзаудың арасында жүреді», деп сақалымен бала-шаганың алдында былқылдап, сылқылдап тұрғанын жараспайды-ақ... Анау аяғын әлтект-тәлтект басып:

— Ұмыт-шақ-тық... — деді тілі күрмеліп.

АСЫП, АСЫП... ТӨГІЛУ

«Өзім дегенде өгіз қара күшім бар», дегенді неге айтты екен? Тілеуіңді берсін айта қойшы? Үндемейсіңдер, ә? Күндердің күнінде іштерің білер, дейсің, ә? Жарар, оған да көндік.

Бәсеке, жарыс, бірімізден-біріміз асып түсу жолындағы арпалыс... Айталық біздің емханадағы дәрігер Сағира мен медсестра Бағираның тұрмыс, тіршілік жарысына көңіл қойсаңыз ештеңеңіз кете қоймас. Мәселен, Сағира жиырма жылдан бері дәрігер болған соң табысы да молығып, қорланып алған. Соңғы модаммен тігілген қысқы, жазғы, көктемгі, күзгі киімдері де жетеді. Сол киімдерін ине-жіптен жаңа шыққандай күтіп киеді және. О, тоба-ай, Сағира күрең көйлек киіп келсе Бағираның түсі бұзылып, ішіне пышақ айналмастай қызғанып:

— Дәрігер-ау, күн сайын жаңа көйлек киесіз бе? — деп тамсанып сілейе қалады. Тұла бойы мұздап, өңі қу шүберектей бозарып кетеді.

— Е, қойыңызшы, былтырғы көйлегім ғой, — деп Сағира оның үйреншікті сөзіне көңіл қоймайды.

— Жарасып-ақ тұр, — дейді Бағира. Сосын ернін сылп еткізіп: — Апатай-ау, он саусағыңыз толған алтын сақина ма? — деп безгек қысқандай дір-дір етіп қалатыны да бар.

— Қойыңызшы, не көріп тұрсыз. Үш сақина көзіңізге он болып қос көрінуден сау ма? — дейді Сағира бөгде ойдан бейхабар пиғылмен. Шу дегендегі жарыс,

бақталас, бәсеке осылай үдей түседі. Бағира көзін ойнақшытып, жыпылықтатып:

— Шіркін-ай, осындай сақиналарым болса... Сырғаңыз қандай әдемі,— деп таңдайы тақылдай түседі.

Дәрігер не кісе де, медсестра одан асып түсуге құштар. Жөппелдемде бәрі менікі болсын деуге икемді-ақ. Бағираның жасырын сырын кім біледі. Әлгіндей әңгіменің соңында:

— Басың жас, әлі талай қызық алда, не бір жақсы киімді киерсің, тағынарсың, сіңлім, асықпа,— деп Сағира жұмысына кіріседі. Бағира пациенттердің ден саулығы туралы қағаз толтырып отырады. Бәрібір ойында әдемі киімдер, алтын, жақұт, сақина, жүзік, сырғалар тұрады. Одан басқаны ұмытады. «Осының бәрі өзімде болса қандай бақытты болар едім» деген ішкі сезім арпалысы шыдатпайды. Ел ішпегенді ішсем, ел кимегенді кісем деп армандайды. Осылай айлар, күндер өтеді...

Бағираның күйеуі құрылыс учаскесінде бригадирлікке жоғарылайды. Демек мекерлік ойын іске асыруға мүмкіндік туады. Қайткенде де молынан қармау.

— Сүйіктім-ау, жұртта гарнитур бар, бізде неге жоқ,— деп Бағира қиғылықты салады. Тіпті ас, су ішпей ботадай боздап жатып алады. Қоярда-қоймай жүріп гарнитур алдырып тынады. От басының ойраны снымен тоқтамайды. Одан соң жұрттың әйелінде жақұт сақина бар, менің ерінім жырық, мұрыным пұшық емес, дейді. Сөйтіп жатса-тұрса күйеуін мыжиды. Бебеу қағып оны да алдырады. Тағы бірде жұрттың әйелінде қаракүл, ондатра тон бар, менде неге жоқ деп еңірегенде етегі жасқа толады. Ақырында бұл тілегін де орындатады. Бәрібір от басындағы ойран таусылмай, жалғаса береді. Күйеуі де әйелінің ырқына көніп, құлдық ұрады. Көзін ақ шел қаптағанда шыңырауға құлдырауға бет алады. Әйелі мұрынын көкке көтеріп, құндызша құлпырып шыға келді...

Соңғы уақытта жұртта машина бар, бізде неге жоқ, деп күйеуінің құлағын тағы да сарсытады. Бірақ, осыншалық дүние, мүліктің қалай келіп жатқанын Бағира қаперіне іле қоймады. Әйтеуір, барлық асылдар өзімде болсын дейтұғын...

Күндер өтіп жатты... Ал, жақында Бағира екі күн бойы жұмысқа шықпай қалды. Себебі, күйеуі істі болыпты. Тергеуге алынған көрінеді. Бағира жер соғып, аһылеп-уһлеп еді. Көршісіндегі егде әйел басын сүйеп:

— Келін, жылама, жылағанмен бола ма,— деп жұбатқан болады.

Бірақ Бағира күйеуін ойлап күңіреніп отырған жоқ-ты. Қазіргі жылауының жөні мүлдем басқа. Сәдір бір жарылған жұмыртқа, егер дүние-мүлік қолында қалса арманы жоқ... Заң орындағылар бар мүлікті, машинаны сыпырып әкете ме деп қауіптенеді. Соған жүрегі қарс айырылады... Қайтеді асып, асып барып төгілген қиын ақ. «Мың күн жиналған қайырсыз мүлік бір күнде шашылып кетеді» деген Сағираның сөзін есіне алса бордай тозады. Әйтеуір, сол заматта Бағира отқа түсіп бара жатты...

АҚЫЛДАСЫП КӨРІНДЕР

Біздің мекемеге Қожбан өткен жылы бастық боп орналасқан еді. «Қитықтан-ситық тауып мазасыздандырмаса құба-құп»,— деп қызметкерлер үлкен үмітпен қарсы алды. Ауыз жарықтықтан кейде қисынсыз сөздің шығуы да, кейде содан шындықтың ұшқындауы да мүмкін ғой. Адамның жан сарайын қапелімде біліп болу деген қиын емес пе? Бірақ бастығымыздың пошымыз көзге қораш емес, өте-мөте сергек, соған қарағанда ешкімнің пікіріне ілесе бермейтін тәрізді. Әсіресе, адамдардың сырын жете білуге құмар. Бәрін де ақылға салып тоқсан толғайтын қасиеті бар сияқты. Адам өзінің

осал жерін қанша байқатпаймын деп тыраштанса да ерте ме, кеш пе бір ши шығармай қоймайтыны белгілі.

Ең әдемісі аузынан шыққан сөз есепсіз емес пе деп ойладық. Пошымына келсек орта бойлыдан ілкім биіктеу. Қозы қарыны бар. Ақ сары, қоңыр көзді. Сиректеу шашы төбесіне қарай тайғанап кеткен. Амандығын берсе, көп болып көңілін тапсақ келесі жылы дәл осы уақытта елу жылдығын тойлаймыз. Қолымыздан келгенше сый-сияпат көрсетуге тиістіміз. Онда тұрған ештеңе жоқ. Бастығымыз екінші қайтара елуге келе берер деймісің. Өзі де осы бастан қамданып туған жеріне жиі барғыштап жүр. Ақылға салса туған жер дегенің ағыл-тегіл ырыс емес пе? Басымыз жас, бәріміз де елуге келеміз, туған жер алдында қанша кішірейсең де артықтығы жоқ па деймін. Өйткені, туған жерің арамдық, қулық-сұмдықты онша елей бермейтін тәрізді. Қадіріңді өзінше бағалап отырады, оны білмейтін есалаң емеспіз.

Бірақ жастық шағында бастығымыз жөн-жосықты қаперіне алмаса керек. Ауылына ат ізін салып онша әуреленбепті. Әйтсе де, ел бетіне қарағысыз, жамандығы жоқ көрінеді. Шындығын айтқанда елу жылдығын тойлауға табан тірегенде еліне сіңірген еңбегі де асып жатпаған екен. Ең болмаса ағайын-туыстары да үйіне жиі-жиі қатынамапты, шамасы жеңгеміз қазан-ошағына қараулау ма, қалай?— деген сықылды өсек-аяң тарап жатты.

Жә, ер жігіттің мойнында галстук шірімес, колынан келсе әлі де болса еліне қызмет етіп, онша-мұншаны жуып-шаяр. Онда тұрған ештеңе жоқ, өмір-поезындағы жолаушы пенденің бабын тауып бола ма? Пенде бәрі-бәріне үлгере де алмас.

Дегенмен осыны әркім әртүрлі жориды. Біреуі:

— Е, елін сыйламаған ер еленбейтінін білсе қайтеді,— десе, екіншісі қабаттасып:

— Оныңызды жөн дей алмаймын, жасыратыны

жоқ, яғни атап айтқанда, бастығымыз талантты артист, өз ролінде ылғи жақсы ойнайтын шығар деп ойлаймын. Оған бола сөзіңді тайталастырмай-ақ қой,— дейді. Сол кезде мұртын түрікпенше қойған жігіт:

— Дұрыс айтасың, қайбір іші-бауыры ылбырап барады дейсің. Осыған дейін елінің бір азаматына торғайдың көлеңкесіндей көлеңке түсірмепті. Адамның адамға бөліп беретіні аман, саулығының тұзулігі ғой, соны айтам. Сондықтан маған илансаң қазіргісінің бәрі де елу жылдықтың әбігері. Дос, жарандары есімін дардитып бір көрсетсе деп жанталасқаны тағы,— деп бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай қуаттай түсетінін қайтерсің.

Жә, әңгіменің ең бастысы онда емес қой. Біздіңше бастықтың пейілі неге ауғанда тұрған жоқ. Ғажабы бастығымыздың осынша жылдарда тотқа шалдықпай, идея мен ойының тұтас түйінделіп қалыптасып қалуында. Ылғи кім-кімнің де ой-пікірін алдын-ала біліп болжап отыра ма, қайтеді. Мінезі, тәжірибесіне қарағанда адамның титтей де саңылауын мүлт жібермейтін сықылды-ау. Бірақ осы жұрт не айтар екен?— деп өзгенің аузына қарауға да шебер. Мәселен, біздің бөлімнің бастығы Сәдір:

— Басеке, Қадырды бөлім бастығының орынбасарлығына жоғарылаталық. Көп жыл істеді, тәжірибесі мол. Іскерлігіне де көзіміз жетті, ғылыми, техникалық білімі де жоғары. Қандай тапсырманы да емін-еркін атқара алады,— деп еді.

— Мінез-құлқы қалай? Осалдығы, болымсыздығы жоқ па?— деп жәй езу тартты.

— Қызмет істегелі ешкімге залалы тиген жоқ. Өзіңіз көріп жүрсіз, ұя бұзарлық мінезін білмедік. Іскерлігі жұрттан көш ілгері, тіпті көңілің көншиді,— деді Сәдір өнеге тұтып ағынан жарылып.

Бастық әлсіп-әлі ойланды да:

— Сірә, бұл жөнінде өздерің ақылдасып кәресің-

дер,— деді. Одан бөтен жұмған аузын ашпайды. «Іштей еркекті — сөз, әйелді — көз бұзады»,— деген өз теориясына сүйеніп отырды.

Содан ақылдасып көріп бірде шешімімізді айтып едік, әдейі шамданып қалғандай болды.

— Ақылдасқанда жан-жақты, өмірбаяны, тағысын-тағыларды ескермейсіздер ме? Іскер адам біреудің жебеуінсіз-ақ өсуге тиіс,— деді өзінің ізгі ниетін ешкімге ұқтырғысы келмей.

— Айыпқа бұйырмаңыз,— деп біз жөнімізде қалдық.

Күндердің бір күнінде:

— Мына Қызжан қырда өсіп өмірден көп тәлім алған екен. Өзінің жүріс-тұрысына, уыздай жастығына, ең жеңілі келбетіне көңілің көншиді. Бөлім бастығының орынбасарлығына ақылдасып көріңдер,— деді.

Біразымыз пікірлесіп едік, ізгілікке талпыну, еңбекке құштарлығы, көңілді жарқырататын іскерлігін ешкім де ауыз толтырып айта алмады. «Осалдығы мол, тәжірибесі кемдік етеді»,— деп бәрі де бас шайқады. Ойымызды жиғанша Қызжанды жоғарылатқан бастықтың бұйрығы шығыпты. Кейін білдік, өзінің (басекеңді айтам) «елу жылдық» ауылынан екен.

Тағы бірде Нәдір өз бөлімінің жұмысын атқара алмай жүр, басқа бөлімге сұранады деп едік.

Бастық жәй езу тартты да:

— Ақылдасып көріңдер,— деді. Соның арасында Нәдір де жоғарылап кетті.

— Апыр-ау, өз жұмысын ұқсата алмай жүр еді, шынында Нәдірге обал болды, міндет арқалау оңай емес,— деп еді бір жігіт.

— Бастық біледі, «ырыс қашса да туыс қашпайды»,— деп көлденең көк атты емес шығар, ауызына сөз салуымыз мұң екен, түсіне қойғанын аңғармайсың ба?— деп екіншісі теріс айналды.

Тағы, тағы осындай ұсыныстарымыз мекемеде бо-

лып жатады. Бірақ, Қожаекең өзінің пікірін ешкімге жарияламай-ақ бір сөзбен:

— Өздерің ақылдасып көріңдер,— деуден жалықпайды.

Сөйтіп жүргенде машинистка қызымыз ұзатылатын болды.

— Тойға шашу әзірлейік,— деп ақылдасып едік.

Бастық:

— Өздерің білесіңдер, ақылдасып көріңдер,— деді.

Бұл жолы билікті өзімізге беріп онша қарсылық білдірген жоқ. Секамал адамдарда болатын мазасыздық та жүзінен байқалмады. Соншалық куандық дейінші. Басекең де пікірімізге іші жылып отырған тәрізді. «Қарына тартпағанның қары сынсын», деп ойлады ма, қалай?! Бірақ, машинистка қызымыз өте жақсы. Жұмысқа алғыр, ыждаһатты...

Не басыңды ауыртайын, Қожаекең бірте-бірте бұрынғы мекемеде бірге істеген тонның ішкі бауындай «өз адамдарын» ептеп осы мекемеге жинақтап, тарта бастады...

Бір жақсысы біз «ақылдасып көріңдер» деген сөзіне риза боп жүріп жатамыз...

Кейде бастығымыз командировкаға кеткенде бес минуттық жиналыс өткіземіз. Сонда ол отыратын бос орындыққа көзіміз түссе болды, бастығымыз көз алдымызға келеді. Сол сәтте бос орындықтың өзі бізге:

— Ақылдасып көріңдер, сосынғысын өзім шешем... ым... ым,— деп өте-мөте сақтықпен үн қататын сықылды...

АЛА ҚҰЙЫН

Кәленді көрсе Ешкібас ит жылғы лайықсыз бір оқиғаны есіне алады... Асқа өкпелеген баладай боп жоққа қысастанған Кәлен алған бетінен қайтпағанды. Оның үстіне «тентек су» тыңдатсын ба?

— Жолың болмай арақтан жарылып өлгір Кәлен,— деп Зибаш жер тепкілеп ері бауырына кеткен асау байталдай тулап жатты. Күйеуінің шаңын қағып, ізіне шөп шаншыды. Онымен есептесетін Кәлен жоқ. Кер атты кердең желдіртіп күнбатысқа қарай зулады. Ойы Саяқтың үйіне барып тағы ішу. Зибашты көргісі де келмейді. Оның бар жазығы: «Сиыр қысыр қалуға айналды. Күйі түсіп жүр. Балалардың таңдайына ағарғанын татып отырған екі сиыр»,— деп құлақ етін жегені еді. Бірақ Кәлен қыңыр тартып:

— Қысыр қалса соғымға соярмыз,— деп кергіді.

— Күлесің, ә? Сиыр қысыр қалса нендей күйге түсеріңді білмейсің бе? Жұрттың ері үй шаруасы десе тас қайнатады. Сенің мойының жар бермейді. Адыра қалғыр-ай,— деді Зибаш тұлданып.

Отқа май күйғандай боп:

— О, тоба, «жесір» сиырыңның жағдайы жанға батты, ә? Қоянға құдайым құйрықты біліп бермеген болса, біздің ауылға басшылар бұқаны біліп ұстамай отыр,— деді Кәлен қылжақтап.

— Кекетуін мұның, мұрыны шуылдап,— деді Зибаш қарап қалмай.

— Кекесін емес, осы ауылда емге бұқа жоқ, бәрін де Дәдебек етке тапсыртып жіберіпті. Бұқаны көрші совхоздан «командировкамен» алдырады деген сыбыс бар...

— Масқара, не дейді. Ибай-ау, қырық өтірігіңнің бірі шығар...

— Солай, бәйбіше, бұқаға күнің түскенше, сиырына бақ берсін, деп тіле. Жә, түбінде сиырың бұзаулар... Оған дейін тұлыппен сауа тұрасың.

— Енді не бетімді айтайын... Әкең арақтан өлді ме, ындының кепкір, аңдитының «шөлмек».

Осы сөз Кәленнің жұқа жеріне ыстық шок басқандай шарт кетті:

— Жайлаудағы сиыр ыңғай берсе, қиядағы бұқа дедектеп езі жетеді,— деді де су ұрттағандай аузын томпайтып, сегіз өрме қамшысын ұстап, атқа мінді де тартып отырды. Былай шыға бере сол шағын шатақты ойлады. Кешкі таза ауада, кекілік, безгелдектердің ойыны, өз тілінде сайраған шілделік шырылына құлақ тосудан ныспы құр емес. Осы сәт табан астынан пыр етіп ұшқан қоңыр үйректен кер аты кердең етіп үрке қалды. Кәлен ат жалын құша ауып кете жаздады. «Жамандатқыр, өлтіре ме қайтеді ей» деп тебінді де, сегіз өрме қамшысымен бір тартып жіберді. Ауыздықты қарыстырып, тарта ұстады. Сосын тағы ойға шомды. «Ожардың қолына дес бергенде ондырмайды» деген. Мына біздің әйел бала туған сайын тіріліп ажарлана бастады ма, қайтті? Әлде, мұныкі түлкі ініне қарап үрсе түгінен айырылады, деудің кебі ме?— деп үйде қалған Зибашқа кәрленіп те қояды. Сәлден соң сабасына түсіп:

— Зибаш шынында да дұрыс айтқан болар-ау. Әйтпесе не көрініпті оған? Бір үйлі жанның шаруасы күйдірмей қоя ма кісіні. Менің жүрісім мынау... Арқа сүйерім — еңбегім ғана. О да жайына қалды. Аттан құласам тұрармын, арақтан құласам тұрамын ба? Мас болып машинасын аударып ажалынан бұрын өлгенді көрмей жүрмін бе? Ер болып жаратқан бойың құрысын, тебендей ойың болмаған соң... Мені емес балаларды аямайсың ба?— дейді. «Шынтуайтқа келгенде ойсызбын ба?»— деді Кәлен күбірлеп.

Осы кезде жүрегі көтерілгендей болды. Кәлен бірақ, оны елең қылмады. Атын қамшылап сыдыртып жүріп кетті. Аздан соң ауыл қарасы да көрінді. Онда досы Саяқ тұрады.

— Әй, қайдағы дос. Кеше емес пе еді мүйіздеп: «Қатын ерке болса, байына теке болады». Әйеліңе билігің келе ме,— деп ауызын қайыстай созып, кекете күлгені. Оны дос емес, от салушы деу керек. Бірде Кә-

ден мен Зибашты көзбе-көз шағыстырып қойғаны кәне. Үйге кіріп, ақ дәмін ішіп отырып:

— Құрдасжан... Пай, Зибаштай әйеліміз болса, өзіміз төбемізге көтеріп, серванттағы әдемі сервиздей сактар едік. Осындай қиғаш қас, оймақ ауыз, күлім көз, қынама бел, сұп-сұлу келіншекті алақанға салып аялау да аз. Мына оңбағыр күйеуің қадіріңді біле ме? Зибаш-ау, әлгі кешегі құбылма тон саған шақ па екен?— деді.

Зибаш аң-таң боп біраз тұрды да:

— Қайдағы тон? Жұрттың еркегі тебен беріп, түйе алады. Бұған бәрібір,— деп бұртиды.

— Ой, сен не айтып отырсың. Әзілің шығар. Тебісіп жатсаң да, теңің болсын демей ме? Оу, Кәлен, кешегі езім әперген тонды қайда жібердің?— демесі бар ма. Сол сол-ақ екен, Зибаш шаңытып:

— Ибай-ау, шын ба өзі?— деп әуелі жүзі сұрланды.

— Әй, соққан Саяқ, аузыңа келгенді айтпасаңшы,— деді Кәлен. Ол өре түрегеліп:

— Өзің оңбаған екенсің. Түтіні бөлектің түйсігі бөлек, сенің түтінің Зибаштан бөлінгісі кеп жүр екен. Тон қайда?— деп ежірейген. Оған имандай сенген Зибаш қиғылықты салды-ай келіп. Әйелдің ызасы тозаққа апармаушы ма еді. Үйдің мүлкін шашып Кәлен де тартынбады. Араққа сылқия тойып алды. Сөйтіп әйелі екеуінің арасына от тастаған Саяқтың үйін бетке алып келе жатқаны мынау. Не басына күн туды екен? Сосын іштей күбірлеп: «Біздің совхоздың директоры Дәдебек сатушы Саяқтың суретін «Құрмет тақтасына» ілдіргені несі? Келмей жатып Саяқтың ықпалына ерсе көктетпес... Ау, Дәдебек сиырдан қорлық көрді ме? Совхоздағы жүз қаралы сиырлар мен бұқаларды неге етке тапсыртып жіберді. Соның қырсығынан жұмысшылардың бұлақтай ғып сауып отырған сиырлары қысыр қалды» деп қамырықты.

Кәлен ат басын қайта жіберді. «Мен Саяқты көрмеймін... Оның директормен ауыз жаласқан бір пәлесі бар... Бәрін де жеткізеді...»— деп іштей күбірледі. Осы кезде бұқа тиеген автомашина оның жанынан зу етіп өтіп бара жатты. Кабинадан басын шығарып шофер сақсия күліп: «Кәлен, ауылыңа бұқа әкеле жатырмын»,— деді. Кәлен атын тебініп:

— Әйелім тәтті жұтып, ащы түкіріп отыр еді. Жақсы болды-ау,— деп үйіне жеткенше асықты. Бұл кезде аспандағы ақ шаршы бұлт ыдырап бара жатты. Саяққа қасаң сірідей болған кегінің қарымтасын Кәлен түбінде қайтарар-ау. Тап сол сәтте қанша қиястанса да әйелінен жақын, жанашыр адам жоқ боп көрінді де, әлгіндегі ерсі қылығына өзі қатты ұялды. Бірақ, осы совхоздағы Дәдебектің бүкіл ірі қараны етке өткізіп жіберіп, жұмысшылардың сиырларын қысыр қалдырудан алақұйынның басы басталғанын Кәлен де, басқалары да білген жоқ еді... Ал, Кәлен болса содан кейін арақты біржола аузына алмай кетті.

Анау трактормен шеберханаға кетіп бара жатқан Кәленнің бүгінде ел аузына ілігіп, ерлік ісімен танылғанына Ешкібас сырттай сүйсініп қарап қапты...

ТҮС ЖОРЫТУ

— Қожеке, ертеде біреу түсінде түйенің құмалағын қуырып отыр екен. Ол балгерге барып әлгі түсін жорытыпты. Сонда балгер:

— Түсінді жорысын десең тиын бер,— депті.

— Е, жарықтық-ай, тиыным болса, түйе құмалағын қуырып нем бар еді,— депті әзілқой. Сол айтқандай түсімде «Кировец» тракторының моторын кәдімгі қойдың басынша жер ошаққа үйтіп отыр екенмін. Жарықтық ай далада от жаққан, оның үстіне құйқанын пісі деген жаныңды күншілік жерден тұшыңтар еді.

Әйтіп, моторды көсеуге тығып ап, кәдімгідей ауда-зып-тоңкеріп бір өңкей үйтіп баптап отырғанда бай-саусызда қос құлағы бырысып, ол-ол ма танау терісі цекесіне қарай тырысып, ырса-ырса болып қалғанына сүйініп кеттім. Сыйлы қонақтан ұят-ты. Алақтап төңірекке қарап едім, өз көзіме өзім сенбедім. Жанымда іпті таяқ тастам жерде Дәдебек трактордың кузовын шоп-ссламайымен үйтіп жатыр. Маңғазсып төңірекке салқын қоз тастайды. Бір сәт мені көрді де сасқаны ма, көзін қысып, беті сопайып, езуі далиып:

— Неғып отырсың? — деді.

— Өзің ше? — дедім жақтырмай.

— Бас-сирақ үйтіп жатқан жәй бар, — деді беті шылп етпей. Қасында таудай бірдеңе-сірдеңелер қоқырсығандай еді. Кенет маңайымыз у-ду, азан-қазан болды да кетті.

— Мені де үйтіңдер!

— Мені де өртендер... — дегендей ызалы үн қардай борады.

Байқап, есімді жиып қарасам, комбайнның, автомашинаның, трактордың мотор, кабина бөлімдерінің сан түрлі тетіктері. Содан көзің жамандық көрмесін таудай боп, кәдімгі «металлолом» мекемесіндегі көк тірердей үйілген үйіндісі шетінен лықсып жер ошаққа өздері түсіп отқа өртеніп жатыр. Бензин сіңген темір-терсектер лау ете түскенде нансаң басқа планетаға оқша зулап бір-ақ атылғандай болдым.

— Ау, мынауың құны құнан қойлық түс қой. Кез келгеннің миына кіре бермейді. Былайша бірдеңе-сірдеңемен ауызды майласаң жақсылап жорып берер ем. Ешеке, содан әрі түсің не болды? — деді Қожбан күлімнің қағып.

— Ойымды бөлме, ең қызығы соңында ғой. Содан оқша зулап автомашинаның кабинасымен бірге аспанға атылып кеттім. Заматында бір шаһарға топ еттім. Ұмытып барады екем, ғайыптан тап болған алып құс-

тың көлеңкесі түсті де, манағы машина кабинасы айналасы ат шаптырымдай кабинетке айналып шыға келді. Өзім жұмсақ орындықта қақ төрде шалжыны отыр екем... Осы кезде оңбағыр әйелім қуырдақ қуырдым, шай да дайын. Тұрсаңшы, жұмысқа бармайсың ба?— деп оятып жібергені...

— Е, осының өзі әдемі ғой. Біріншіден, механик болғандықтан түсіңе темір-терсек кірмегенде сайтан ене ме. Оған дауың жоқ шығар. Басқа планетаға атылмастан бұрын өзіңе бір сұрақ қояйын. Шыныңды айтшы қолдаушың бар ма еді?

— Болғанда қандай,— деді Ешекең әкесі базардан келгендей қуанып.

— Өте дұрыс, жұмбақ шешілді, түс жорылды, сүйіншісі өзімдікі,— деді Қожбан алақанын уқалап.

— Сонда қалай? Өзім үшін ұйықтап, біреу үшін түс көрем бе?

— Ау, түкке түсінбейді екенсің. Таяуда өсесің. Бағың жанады. Давай, сүйінші?!

— Қалай, қайда?— деді Ешкібас тызақтап.

— Оқша зулап атылғаның өскенің. Автомашина кабинасы кең кабинетің, ғажайып шаһарың совхоз орталығы, алып құсың өзің айтқан қолдаушың. Демек ешбір жұмбағы жоқ, совхоз директоры боласың да шығасың. Өзіңнің институт бітірген дипломың бар ма еді?— деп Қожбан сыбырлай сөйледі. Ешекең қипақтап:

— Диплом қинап жүр-ау, әйтпесе баяғыда...

— Ешеке, ештеңе етпейді, әуелі директор боласың. Жалпы әлгіндей түс көрген адамның өспей қалуы мүмкін емес...

— Қожеке-ау, бірден директор болмай-ақ бас инженерге қол жетсе, шіркін!— деді Ешкібас үлкен үмітпен.

Қожбан шалқымалы күйде шалымды оймен:

— Е, түсіңде темір-терсектермен бірге оқша зулап

атыла берсең, инженер түгілі директорлықтан да жоғарылап кетерсің дедім. Болды енді. Бітті әңгіме. Сүйіншімді әкел,— деп сөзімен ұстап қажай сөйледі. Өзіне тиесілі еншісі бардай бастырмалап қояр емес.

БӨСЕДІ ЕКЕН

Аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтін, ағаш велосипед мініп жүріп, темір дегенді білмейтін, өтірікті шындай, шынды тыңдай етіп отыратын Ешкібастың тосылып қалғанын Қожбанның бірінші рет көргені шығар. Құрақ көрпе үстінде, гүл жапырақ түсті сәтенмен тысталған мамық жастықты шынтақтап жатқан, шегір көз, тайқы маңдай, қалқан құлақ, шықшыты шығыңқы, ұрт еті ортайып, жүзін әжім басқан қария амансаулықтан кейін басын кекшең еткізіп:

— Келін шырағым, шайынды қоюлау, мұрынның қанындай етіп кесеге жұқтыра құй,— деді. Сосын дастарқан басында отырған қияқ мұртты, қайыстай қара жігітке қарады да: — Содан әңгімеміз қай жерде үзіліп еді? Мына інілерім де ағасының ерлігін естісін,— деп желпініп қойды.

— Е, айта беріңіз.

— Майдандағы ерлігіңіз туралы?

— Сөйтіп, фашистерді қырып барады екенмін,— дедіңіз,— деді қара жігіт қарттың сөзін қуаттап. Әңгіме қызығына елти қалған сыңай танытады.

— Иә, ондай ерлік істегеніме осы күні өзім де сенбеймін. Саған өтірік, маған шын, жауды қырып келем. Оң келгенін оң атып, сол келгенін сол атып опырып-жапырып тастаған екем. Бір заматта жер жарылып кеткендей гүрс ете қалды. Зұлым жау мені жеңер болмаған соң самолетпен көздеп тұрып бомба тастапты. Соның алдында өз достарым:

— Жарайсың, Әбіш! Ердің ері деген осы!— деп

дәріптеп жатқан еді. Сол ерлік үстінде жаудың бомбасының астында кете бардым. Қанша уақыт жатқаным есімде жоқ. Бір заматта еміс-еміс есім кірсе керек. Құлағымға дыбыс келді. Күбірлеген біреулер:

— Әбіш деймін, Әбіш деймін!— деп үн қатқанға көзімді ашып қарасам сұмырай бір фашист найзасын кезеніп:

— Әбіш деймін!— деп сұрланады. Мен жалма-жан оқша атылдым да кеңірдегін жұлып алдым. Сосын оны тұтқындап алдыма салып айдап келген бұл ерлігімді командирім қатты бағалады. Жаны алқымға тығылған сәтте немістерің қазақшаны судай ағызатынын көрген едім... Сонда талай неміс «Әбіш деймін» деп жалынды.

— Ауштейін деген шығар!

— Әй, бала, шатастырма, ағаңның соғыстағы ерлігінің қайсы-бірін айтып тауысарсың. Бәрі үлкен аңыз. Бір ғажабы жаудың бәрі де өлерінде Әбіш деймін, деп жалынғанын талай естідім. О, доңыздар менің ерлігім аңызға айналған соң жаттап алған... Иттердің талайын мұрнынан тесіп қосақтап айдап келуші ем...

Әбекең қарт күлсең ренжиді деген соң Ешкібас сыртқа шығып ішек-сілесі қатып, бір рахаттана күлді-ай келіп... Ал, Әбіш болса таңды таңға қосып «ерлігін» бөстіріп-ақ отыр...

КҮДІК

Неліктен екені белгісіз, Қожекеңді өз көзі өзін алдайтындай сезінеді. Тіпті екі көзінің біріне де, қос қарашығына, қызыл тамырланып, ағынан сарысы молайған көз етіне де, ұясына да түп-түгел сенбейтінді шығарыпты. Жүрдім-бардым көретін сияқты, шатасқан неме деп күйінді. Баяғыда қуаныш пен мақтаныш кернеп бойжеткен қыздарға емешесі құрып қадала қарай-

тын көзін ойласа самайынан мұп-мұздай тер білінеді. Қожекең уақыттың жедел өтуін, көздің бордай тозуын қалайша байқамаған, ә? Әттегене-ай, біржола істен шықпаса неғылсын!

— Кілең шала ұйықтаушы ем, содан бола ма деп мылтықпен атса да оянбайтын, таңғажайып түстер көріп, жамбасымның ауырмайтын жағымен де жатып көрдім. Бәрібір көз шаруашылығы мәз емес,— деп Қожекең мұңын шағады. Күнінде бұдан ақылды, көргіш көз жоқ (әрине әркімге өз көзі қымбат) деп топшылап талай сынап көрген-ді.

Сонымен көздің күрт өзгеруіне таңырқап Қожекең салып отырып дәрігерге барады. Бір бойжеткен Қожекеңнің көзін ұясынан зып еткізіп суырып алады да үн-түнсіз аударып-төңкеріп қарайды. Әлгі дәрігер қыздың қасында отырған үйелмендей біреу басын шайқап, таңдайын қағады. Оған зығырданы қайнаған Қожекең:

— Көз көрмеген кісіше неменеге таңырқайсың,— дейді. Бейнелеп айтқанда теңдесі жоқ көзін бір танысына жасырып берейін деп отыр ма деп терісіне симай кетсе керек. Сол сәттен анау көнтік ауызына емініп жатқан, бейне мұрнына тіреуге қойғандай сирек сапсары мұртын жыбырлатып:

— Мына көз не пәленің бәрін көрген нағыздың өзі екен. Бірақ тозған, медицинада адамның талай мүшесін алмастырып жаңартуға болады. Егер қаласаңыз көзіңізді сөйтелік,— дейді. Сол сәтте жағаласа сөйлеген дәрігер қыз:

— Бұ көздің ағын мен емдеймін. Сарғыш тартқан, өсіңкіреп кеткен етін бір дәрігер, тамырын басқасы, қарашығын, көру жүйесін, көздің ортаңғы, арғы, бергі қабыршағын, бәрі-бәрінің өзінше емдейтін дәрігерлері бар,— дейді. Қожекең мына сөзге абыржып:

— Қарағым-ау, түйенің құмалағындай бір көзді соншама дәрігер емдейтіні қалай? Адамның мны шатасады екен,— дейді.

— Өзіңе бас, одан соң көз керек болса бәріне көнесің. Басқа жол жоқ,— дейді жуан еркек гүж етіп.

— Көзіңізді емдетуге бәлсінесіз бе? Міне қызық,— деп дәрігер қыз да шаптықты.

Содан соң Қожекең сабасына түсіп:

— Бұ көзді барлығың жабылып пәршалағанда несі қалады? Қайтадан құрастыра алмай жүрерсіңдер. Байқаңдаршы,— дейді.

— Оған саспаңыз, бір көзді сан салаға жіктеп соның бәрінен де кандидаттық, докторлық атақ қорғалған,— дейді қыз.

— Е, шырақтарым-ау, бала-шағаларыңыздың намына бола істелген атақ, даңқ десеңші. Даңқ қуу да у,— дейді Қожекең,— ал мына менің аузымның да мінезі шатақ. Бұл жөнінде қанша ғылым саласы бар? «Албастының бәрі ауыздан кіреді» деп егер ауызым ауыра қалса білгім келгені?

Жуан дәрігер еңкілдеп күлгенде киіз үйдің туырлығындай ауызы арандай ашылды. Ал, дәрігер қыз бәкене бойлы, инеліктей қатқан жүдеу еді. Жіп-жіңішке қылдырықтай саусақтары толтыра салған алтын сақиналарды әзер көтеріп тұр-ау дерсің. Оң қолын пышақ жанығандай жағына таянып, төтті конфетті сорған дәрігер қыз:

— Мына қалпыңмен көп ұзамай ауыз дәрігеріне де күніңіз түседі. Сан-салаға бөліп, жіктеудің көкесін сонда көрерсіз,— деді. Сөз ыңғайына қарағанда, бір адамның организмін зерттейтін мыңсан сала бар шығар,— деп Қожекең жүрегі қобалжиды. Ілезде әртүрлі сйлар шырмап алады. Жалғыз көздің өзін оңайлықпен қарата алар емес. Одан да бір күн болса да аяқ жолымды көре тұрайын, деген тоқтамға келген Қожекең:

— Келін шырағым, көзімді емдемей-ақ қой. Бір жерін байқаусызда бүлдірерсіз,— деп жік-жапар болады. Дәрігер оқтау жұтқандай сазарып:

— Мен саған келін емеспін.

— Е, шырағым, жасыңыз кіші болған соң, аузымнан шығып кеткені...

— Бәлкім жасым кіші емес шығар...

Қожекең сасып:

— Көзіме жас көрінген екенсіз. Онда тұрған не бар. Бәріне де көзімнің көруінің төмендегені кінәлі. Жансаңыз қой түйедей, бүрге биедей боп көрінеді. Көруі нашарлады. Көз өзімдікі болған соң өзім жақсы білем ғой. Ендеше, жеңеше-ау, көзімді аман тұрғанда орнына сала қойсаңыз. Өле-өлгенше жақсылығыңызды ұмытпайын...

— Жоқ, мен саған жеңеше емеспін. Көзіңді емдетпеуден бұрын аузыңызды дәрігерге қаратуыңыз керек еді. Көз тамырының бәрі де дертке шалдыққан. Өйткені ауыз маңындағы тамырлар мен көз тамырлары жалғасып жатады. Аузыңыздың жағдайы өте-мөте төмен,— деді дәрігер әйел. Сол сәтте манағы еңгезердей ақ халатты:

— Аш аузыңды!— деп әмір етті. Қожекең айтқанын орындап еді, дәрігер таңырқап:

— Мынадай қызықты кім көрген. Көмекейі даладай кең, жұтқыншақ күншілік жерде жатыр,— дейді. Әйел дәрігер де таңырқай қарап:

— Жүгенсіз жұтқыншақты жұлып тастаса,— деп күбірлеп еді. Қожекең тызақтап:

— Бауырларым-ау, далаға тастайтын аузыым жоқ. Маңдайыма біткен жалғыз ауыз. Егер бұл ауыздан айырылсам өлемін ғой. Ілекерлеп күнелте тұрайын, ордан да көзімді көп кідіртпей орнына салып бере қойсаңыздар. Еңбектеріңді жемеймін, құтқара гөр мынадан, апатай, өлдім-м...

— Мен саған апатай емеспін. Тіліңізді тартып сөйлеңіз. Жолдағе дәрігер деңіз.

— Ке-кешіріңіз, көзім орнында тұрмаған соң есім

шығып кеткені. Жаман болсын, жақсы болсын өз көзім і
ғой. Егер сіздікі болса бүйтіп дауласпас та едім... ү

Сонымен Қожекең зәре-құты қалмай әбден сасады. Ұ
«Көзің ауырса қолыңды ти, ішің ауырса аузыңды ти»
деп тарта беру керек еді деп ойлайды Қожбан... ж:

— Нансаңыз кейбір дәрігерлердің дипломы болға ж
нымен нақты білімі бар дегенге күмәнданамын. Бар та
пәле де, күдік те содан туындайды-ау,— деді. а
м:

ҚАЛАЙ ЕШКІБАС АТАНДЫМ?

Тірі өлім-ай! Жұрттың бәрі мені Ешкібас дейтін кө-
рінеді. Ешкінің сүті тәтті болғанымен, діні қатты жа-
нуар емес пе! Басқаны былай қойғанда ет комбинат-
тарында әдейі бағылатын ешкі қойды шұбыртып апа-
рып пышаққа іліктіреді де, өзі кілт бұрылып сытылып
кететін әзәзіл сайтан. Мал біткеннің жуасы қойға өріс-
те де күн көрсете ме? Сол ешкі... Мені ең болмаса
қойбас, немесе жылқыбас демей, «Ешкібас» дейтінін
қайтерсің бұ жұрттың. Тірі өлім ғой, тірі өлім, өзіме
де сол керек. Қылдырықтай құмырсқаның апандай
аузын да, иненің жасуындай кемшілікті де, қалт ет-
кенді мүлт жібермей көре қалатын әдетім бар, ол ол ма
бойында міні бар адаммен алақөзденетінімді қайтерсің.
Сонда мінез жағымнан алғанда ешкіге ұқсастық бар
екен-ау... Қайткен де обалым жоқ сорлымын. Имандай
шынымды айтсам, әуелгі кезде Ешкібас дегенді естіген-
де, бүйтіп кісі болғаннан өлгенім жақсы деп қорлана-
тын едім. Бір есептен оның да жөні бар-ау. Сөз сүйек-
тен өтеді демей ме? Сөйттім де ызаға шыдай алмай,
қолымдағы дерегімді пайдаланып, Ешкібас дегендердің
тіліне шоқ салып, тасаяқша қағыстырдым да. Бір шы-
бықпен айдап, екі аяқтарыңды бір етікке тығам деп
қоқиландым. Одан да түк өнбеді. Бас кеспек болса да
тіл кеспек жоқ деген сөздің неге айтылғанын енді біл-
ға

қу басым. Тіпті келе-келе жұрт одан сайын өршелене сiп, елдің бәрі, бала-шағасына дейін Ешкібас десе, өптің көзіне қалай топырақ шашарсың.

Шынтуайтқа келгенде жан тәтті, өйту қайда. Және аман, жақсы болсам да, бір ферманы басқарып отыр емін. Менің Ешкібас екенімді жоғарыдағы бастық-рым біле бермейді ғой. Өйткені өлу түгіл басыңның қинасымен ауырып бірер күн аунап-қунауыңа да ұрша жоқ. Нансаңыз, мұрын ұстауға уақыт ауыспай-ы да, жеңіл-желпі «бас сақинасын» түзетіп алып, ска ауруды елемей, ағаңның тарта беретін жәйі бар. ұдай білгенді адамнан несін жасырайын.

Өз басым бала емес, шаға емес, елудің үстіне шық-ім. Балалықпен қоштасқалы қай заман. Оның бер ағында жігітшілікпен де жылай-жылай қоштасып рдық. Содан бері не көрмедік? Істемеген жұмыс, аш-ған мекеме есігі қалды ма? Тым жақсы өрт сөндіру ғамының бастығы болып абыройлы қызмет еттім. зақ жыл сол өрт сөндіру шаруашылығынан қара іп, алысқа ұзап кетпедім. Өзі келіп алақанға байыр-п қонған бақытты кері итеріп теппедім. Әй, саған ірік, маған шын, он жылда ауданымызда бірде-бір т болған жоқ. (Одан кейін жұрт қуланып мойында-на көп ақша мінетін болса қойманы, немесе дүкенді теп жіберетін пәле болды). Сол он жылда өрт шық-уы, о да болса менің бағым тағы. Жалпы жұрттың рі дүниені жек көреді деймісің. Мен үшін деп жори рмеңіз. Құдай сақтасын, өздері үшін өртке жол бер-ейтін еді. Бәрі сақ, бақылау қатаң болатын. Әрбір дам ұқыпты. Ең жеңілі темекісінің қалдығына дейін ыптап асықпай-үсікпей, сөндіріп жүреді. Техникада т хаупі тіпті болмайды. Оның үстіне мен де темір іктен теңгедей, темір таяқтан инедей қалғанша жар-қ құлағым жастыққа тимей жүріп, өрттен сақтану ежелерін үгіттеуге жалықпадым. Өз қызметім бол-сын, өлімімді сатып істедім деп мақтануға қақым

бар ғой. Әр бастықтың бірлі-жарым жағымпазы болады, олар да қарап қалған жоқ. Жарықтықтардың «еңбектері» ерен, бұ дүниеде жағымпазың болған да жақсы екен-ау. Жаныңда тілін безеп, не айтсаң да дауа деп, қостап, қуаттап тұрғанға не жетсін. Содан шығар мені осы ферманы басқар деп өсіріп жіберді. Әй, ана күйеу балам да жәйіне қарап жүрмейді. Сол болмаса мені түлен түртті деймісің. Онда мүмкін Ешкібас атаң-бас едім.

— Жазған шіркін, ата екем-ау, ферма басқару сөз бе екен. Жұрт пара беріп бұл орынды ала алмайды, әрі ауданнан барған дап-дардай атағың бар. Оны айтпағанда қазір жұрттың бәрі еңбек десе ерінбейді. Сосын «жолдастар, жұмыс жасаңдар» деп ауызбен бұйырып, екі қолды қалтаға салып шікірейіп жүресің. Бүгінде жұрт бір-бір машина мініп жатқанда ішіме қызғаныштан пышақ айналмайды. Егер екі үйіміздің атына мал ұстасақ, бұйырса төрт-бес жылда біз де машинаға не боламыз. Рахат өмір сонда басталады, — деп азғырғанына қатықша ұйып қалыппын. Ауызбен бұйыру дегенді құлағыма құйып үлгеріппін. Майдай жақса білем. Майдай жағатынның бәрі май емес деу қайда? Тегін дәулет пен тегін билікке тап болғанды кім жек көреді дейсің. Ішім жылып, өзің иінін келтір, бастықтарыңмен солақай емессің... «Асырайтын жас болса, өлетін кәрі жоқ». Жер бетінде шіреп өмір сүріп, жалғанды жалпағынан басып өткен адамдар да болған емес пе? Одан кеммін бе деп биліктің тізгінін күйеу балама ұстата салдым. Қас қылады деймін бе, келісім бердім.

Айналасы бір жетіге жетпей ферма бастығы болып шыға келдім. Өзімнің өрт сөндіру қоғамындағы жоғарғы бастығым екеуміз әмпәйлау едім. Былайша көке тамыр едік дегенім ғой. Майлы қасықтай болған сол досым кетпе деп жалынғанда жанын бере жаздады. Үзіліп тұрып қиылды.

— Шаруашылық басқару оңай емес. Абайла. Сорлы-ау, қой мен қоянды ажырата алмайсың. Өрт пен түтіннен басқа не көрдің. Түтіннің қалай ұшатынын, өрттің не себептен шыққанын мың шақырым жерден білуші едің. Өрт шыққан жерге тыздықтап шауып жетуші ең. Жылы орыныңды суытпа, дегеніне қарыным қатты ашып қорланып қалдым. Аузымнан сөз шығып кете жаздады да, бастықтығын сыйлап тілімді тістей қойдым.

Не басыңды ауыртайын, ауылдың адамдарының бәрі де жомарт қой. Қолдары ашық, қабақтарын шытпайды. Кейде аузыңа жаңсақтау ақ ит кіріп, көк ит шығып жатса да, байқамағансып қала беретін кеңшілігі де көп. Көшіп келісімен бәрі де құдайдай көріп, үсті-үстіне қолын қусырып қонаққа шақыра бастады. Төбелеріне көтеріп, аяғымды тигізбей әкетті. Қолпаштап, құрмет көрсету де дүниенің бір сәні ғой. Пай-пай, талай қойдың ыссы құлағын жеп, жары байыдық қой. Балдарыма мал еншілеп жатқаны қаншама! Онда тұрған не бар. Бірду-дырдумен жүріп, шаруашылық жұмысын ақсатып алмасақ болды тағы. Содан қатты қорқам. «Жолдастар, түн біздің олжамыз, бірақ жұмысқа залалымыз тимесін», деп әмір етіп қоюды жадымнан шығарған жоқпын. Бірақ жаманы түнде етке әбден тойып, бүйірің бір шығып келгенде тыныш ұйықтап жата алмайсың. Ылғи шошып оянасың. «Жолдастар, жұмыстан қалмаңдар» деп өз-өзіңмен сөйлеп жатасың. Кейде ойың шатасып, оңбаған түстер көресің. Алғашқыда қанша ішіп келсем де сыр бермей, тіпті үстімнен трактор өтіп бара жатса да, былқ етпей алаңсыз ұйықтай беретінмін. Келе-келе жұмыс ақсады дейтінді шығарды жұрт. Бір-екі рет ескертуді іліп шыққаннан бері көзім байпақтай болып, ұйқыны да жоғалттым. Сосын қаз ашуын тырнадан алады, деп кемшіліктің белін басып жүрген қарауымдағыларды қуырдым ғой келіп. Оңды-солды бұйрық бердім. Кейбір қиқандаған

жігіттерді сымға тартқан күмістей еттім. Дегенмен басқа пәле тілден деп мен сорлыға пәле болған тілім. Шөп пен шөңгені ажырата алмай қара басты мені.

— Жолдастар, шөп шапқанша әуелі шөңге шабыңдар. Өнімі де мол көрінеді. Өздерің түк түсінбейтін қандайсыңдар, — деп өктемсі сөйлегенде бірқатар адам тарқылдап күлді. Қабағым қалың еді, түксініп шарт түйіп алара қарадым. Ісім баланың ойынындай болса да бірқатары сескеніп жым болды.

Сонда бір көк езу пәле: «Аузы қисық болса да бастық сөйлесін» деп кекеткенін әлі ұмытқан жоқпын. Расында, ауылдың бастықты жақтырмайтын, жел жағынан шығып жүретін адамы болады емес пе?! Өрт сөндіру мекемесінде қызмет істеп жүргенімде талайдың қалпағын теріс кигізіп едім. Ондайдың есебін табуды, шүкір, ешкімнен сұрамаймын. Есепке себеп жетеді. Ондай, ондай ханның қызында да бар, деген тегін дейсің бе?

Менің «Саз қоныс» фермасында суқаным сүймейтін адамым — Кәлен. Обалы не керек, мен одан түк зиян көрген жоқпын. Бірақ адам баласы болып үйінен дәм татқыздады. Бастығым екен деп елемеуі, бір жандық сойып, басына шақырмауы — маған соншалық зәбір болды. Сыныққа сылтау іздеп, соңына шырақ алып түстім де, ретін келтіріп, тракторын жұлып алып, аузын кептіріп қойдым. Басқа жұмыстың маңына жуытпадым, бүлдіресің, аулақ дедім. Сүтке тиген күшіктей боп тарыққаны ма, әлде әдейі осылай істегісі келді ме, күндердің бір күнінде мені қонаққа шақырды.

Барғым келмей бұлданып едім, жеңгең ұят болар, деп жатты да жабысты. Әйелдің дегенінен шығып кету қайда осы күні. Жеңгеннің алдына түсіп, құрақ ұштым. Аз-маздап іштік. Онда тұрған не бар. Барлық пәле осы жерде «Ешкібас» атануымда ғой.

Ойымда дәнеңе жоқ. Көп болса қызып қалған шығармын. Бастықтың ондай-мұндайы сірә да елене бер-

мейді. «Бастық мінген байталдың да бас асауы болады» демей ме? Ұзамай буы бұрқырап ет келді. Нән табақты үйіп қойыпты, шамасы жандықты тұтас асқан. Ұзын сөздің қысқасы, Кәленнің қонақасысына налып, еттен ауыз тимедім. Аузымды ет шағып алатындай тымпия қалдым. Бір түрлі ыңғайсыз, ерсілеу екен.

— Ет алыңыз, ағай, жандық асырамайтын едік. Осы ту ешкіні келіншегім біреудің баласын құттықтап барып, қалап әкелді. Бір бастықтар ешкінің еті десе есі кетеді, деп естиміз, өзіміз бастық болып көрген жоқпыз,— деген Кәленнің сөзі еміс-еміс есімде сақталып қалыпты. Тәңір атқыр басымның сақинасы ұстап, құзырым жаныма одан сайын бата түсті. Қазір-ақ о дүниеге жүріп кететіндей күйде едім. Сандырақтап отырып бар тапқаным:

— Ешкібас жейтін мен емес... Имм... қорлағың келеді, ә,— деп тыжырынып қалдым.

— Ашулансаңыз да бар мәзір осы боп тұр,— дей берді ку Кәлен. Одан сайын қоза түсіп, түтігіп кеттім.

— Ешкіні әйелге сояды. Біле-білсең мына мен Ешкібас емеспін,— деппін гүжілдеп. Сол-сол-ақ екен бүкіл жұрт Тасқайыр демей «Ешкібас» дейтін болды. Күні кеше бір сөзуар әйел: «Көк соққыр, Ешкібас құсамай әрі тұр. Өзің бал берсең де оқсатпассың»,— деп баласына жекіп жатқанын естігенде, жердің жарығы болса, кіріп кете жаздадым. Сөзі өңменімнен әрі өтіп, жержебіріме жеткендей болды.

Абзалы кісілік ардан мақұрым болып, Ешкібас, ешкі мінез атанбаған ғой. Жо-жок, бұл да өмірге керек. Қолы күйедей отайтын, жүрген жеріне егін түгіл сарымсақ шықпайтын, сұрқия әдетті жандарды топырлатып ұстап алу үшін де ешкі мінез керек... Бірақ, Ешкібас атанып мазақ болған тірі өлім екен... Жо-жок, мен өлмеймін...

ЕШКІБАС ПЕН ҚОЖБАННЫҢ ДИАЛОГТЫ ЖЕЛДІРМЕСІ

1. Бақсақ бақа екен...

— Бауырым-ау, бір-бірісі тайлақтай балық ұстадым. Еті шекер, әлі күнге дейін дәмі аузымнан кетпейді. Өмірімде ондай балықты көргем жоқ,— деді Қожбан.

— Мен бар ғой, жақында салмағы бір тонна тартатын шортан ұстадым,— деп Ешкібас одан асыра түсті.

— Кәдімгі қой сияқты десейші.

— Қойдың садағасы кетсін. Ауданның етке тапсырылған әр қойының салмағы отыз-қырық килограмнан аспай жатқан жоқ па?! Мен саған қазақша бір тонналық балық деп отырмын ғой. Нанбайсың ба?

— Ой, шегім-ай, анада бір балықшы балыққа ие болмаған соң, балықтар шылым шегіп, жапа-тармағай тәртіпсіз боп кетіпті деді. Сол сухиттың бөскені ғажап, алдына жан салмайтын шығар. Оның алдында талай өтірікшің сыбырлап қалар. Оңбағыр өркеші бар кәдімгі түйе тәрізді балық көрдім дегенін қайтерсің. Бәсе, тұқымына күл шыққандай құрып бара жатқан түйе жануары су астында балық боп жүр екен, дегенде езуін де жимайды. Оған мен де ерегесіп балықтың ешкіше бақылдағанын айтқанымда о да қу бастан қуырдақ ет алатын қу екен, ауыз-мұрыны қисаймай: «ешкі дегенді емге таппайсың, қайдағыны айтасыз» деп жеңістік бермеді. Әлгі футбол десең, жүн доп деп ерегесетін, спорт инструкторының зарпылатын алатын Дәдебек пенсионерден мінезі аумайды...

— Ей, оның бәрі бос сөз. Қожеке, келге де, балыққа да бас-көз ие болмаған соң, балықтар құлынша кісінеп көлдің мазасын алатынын өз құлағыммен естідім. Тсс... тсс... үркітесің. Тыңдашы, тарс-дүрс дыбысты естідің бе? Балықтар ат шаптырып, бәйге қосып жатыр

дейсің бе? Тұп-тұнық суды лайлап балықтар қырық пынақ бсп төбелесіп жатқан жоқ па? Тоқта, менің қармағым тұтқыр, тұсаулы балық болса да іліп шығады.

— Айтады екенсің. Мен бар ғой бір балықты қолыма ұстап тұр едім. Көзің жамандық көрмесін тракторша гүр ете қалды. Бақсам әлгі мас болып жүріп өзенге батырған Бектеннің тракторы екен. Жалма-жан тани кетіп, балықтың желкесінен қысып қалып едім, трактор тіркемелерімен ұбап-шұбап аузынан атып шықты.

— Е, Қожеке, балық жеген бағыспас, жан-жағымен қағыспас, дегендей, дүние-ай, жемеген жер астында, темір жейтін балықтар болады. Ол ол-ау, мен автомашинаның моторын қондырған балықты да көргем. Торғай сойып тоғыз табақ тарта білетін өз басым сол моторлы балықтың бір өзінен бір ауылды сорпаға қарық қылдым.

— Шіркін, десеңші!— деді Ешкібас миығынан күліп, жұрттың бәріне бірдей балық сорпасы жете бере ме, мына біз болмасақ. Нансаңыз мен бірде су астында вертолетше ұшып жүрген балықты көріп есім шықты. Арнаулы балықшылардың ауына түспей, әртүрлі дауға түсіп жүрген балықтарының бүгінгі сиқы осындай. Оны азырқансаң арақ, шарап ішетін іші кепкір балықтар да бар. Қайтеміз, ал балық, ауызға сал балық, дейміз тағы... Дайын асқа тік қасық болғанға не жетсін. Жорта айтамыз, кейбір қырсыздардың қырсығынан өзен, көлдер лас, қоқыс пен темір-терсекке толып болды. Балықтар осындай пәлеге жолыққанда, бірге мұңын шағып тарықпағанда қайтеді. Жолдастар, басты байлығымыз табиғатты аялайық...— Қожбан мен Ешкібас бір-біріне тесіле қарап, енді не айтамыз дегендей болды. Деген ауыз десін, көне тыңдалық... Бұл қалпында екеуі де аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермеуге уәделескендей ме, қалай?

Әйтеуір ыбыр-жыбыр, уіл-гуіл сөз...

2. Тіл, көзден сақтасын...

— Қожбан-ау,— деді Ешкібас қойтастың үстіне шығып отырды да шылымын тұтатып.

— Немене, бауырың езіліп бара ма?— деді Ешкібас мыжырайған ала кепкасын умаждап. Қолындағы қармағын реттеген Қожбан:

— Сен дегенде бауыр түгіл жүрегім езіледі...

— Өйтіп, алдамай-ақ қой... Бірақ, бір сөзінде бұл өмірде көп көрдім дедің. Ал, мен саған қарсы дау есебінде түк те көрген жоқсың деуге қақым бар. Оны дәлелдеп те берем.

— Ей, баланың ісін істейсің. Менімен сөз таластырма, расында көп көрдік...

— Түу, түк те көрген жоқсың.

— Себеп.

— Себебі сол, мәселен жердің жыртығын жамаған адамды көрдің бе? Міне, көрдім деп айта алмайсың.

— Көп өтірігіңнің бірі ме? Біздің директордың өтірік мәліметі жұтамайды, жылда мал жұтаса да. Сондай бірдеме тағы,— деді Ешкібас.

— Жоқ, ә. Шын айтам.

— Жердің жыртығын жамағанды көзіңмен көрген шығарсың, ә?

— Көргенде қандай. Ол кез келген адамның қолынан келе бермейді.

— Не дейді мына соққан. Мал құлағы саңырау, о заманда, бұ заман жердің жарығын жамаған адам бола ма? Шапан жамағанды көріп едік, тақия жамағанды көрген жоқпыз, депті ғой бір тентек. Сол айтқандай суқитып отырсың, ә? Сенің бір күні ішің жарылар-ау. Біздің ферманың бухгалтері күндердің күнінде болмаған нәрсені болды, деп қосып жазды да ақыры сотталып кетіп еді. Сен де бір күні сотталарсың.

— Ей, достым, шын сөзімді зая еткің келеді. Кеше

ауданға жүретін жолдың аялдамасында Дәдебекті кездестірдім.

— Онда тұрған не бар. Әр түлкі құйрығын куәлікке тартады дегің келе ме?

— Ешеке, тыңдасаңшы. Содан ескі таныстықты, көз көргендікті пайдаланып, сөйлесіп көріп ем. Бүгінде «Амантоғай» жол жұмысында істеп жүр екен. Көңілі таудай, тым өсіңкі. Демек, қалтасы қалыңдаған. «Табыс қалай?» — деп ем. «Айына төрт-бес жүз, кейде одан да асып түседі», — деді. «Оны қалай табасың?» — дедім аузым қышып. Ол бүкпесіз, «нарядты жаза білсең, табыс тас төбеден», — деді. Қағаз жарықтық нені көтермейді. «Содан қазір не істеп жүрсіз?» — дедім. Дәдебек Қорғабаев сұқ саусағын күннің қызылы семіп бара жатқан күнбатыс бетке нұсқап, «анау жерде опыр-топыр жүрген біздің бригада жігіттері», — деді. «Соған бара жатырмын, жұмысымыз өте жауапкершілікті, шеберлікті қажет етеді. Өйткені, кез келген адамның қолынан жерді жымдастырып жамай білу, бастығымыздың оң жағынан шығып, көңілін табу келе бермейді. Әсіресе, мынау асфальт жолдарды ай сайын кемінде бір рет жамап-жасқап тұрмасақ болмайды. Қолымыз қимылдаса біз де ақшаға қарықпыз. Әр нәрсенің өз құпиясы бар. Ыңғай-ыңғыты деген сықылды... Өз басым осыдан басқа жұмысқа пысқырып та қарамаймын».

— Ей, дұрыс ақыл, кең байтақ жер жетеді ғой, — деп ем.

— Біреулер осы жерді тарсынып жүр емес пе? Әрине, кең жердің бәрін жамап үлгере аламыз ба, жоқ па, кім білсін. Барынша тырысамыз. Біздің ауылдың жаман әдеті, тіршілікте қадірлемейміз. Бұрынғы бастықтарымның түрткіштегеніне шыдамай тайып тұрғаным жақсы болды. «Доротдел» дегенің сауулы сиыр, әлсін-әлі ретін тапсаң ии береді, — деді Дәдебек қызуланып.

— Сен не дедің? — деді Ешкібас.

— Тіл, көзден сақтасын, жамау-жамау жолдарыңызға жамандық бермесін, — деп шығарып салдым...

— Кетсін, пәлекет өзімен...

3. Жатқа айтады

Мінбеде сөйлеп тұрған ақ сары, жүдеу, бәкене бойлы, көгілдір көзді қалалық отын сату мекемесінің бастығы. Есімін сұрасаңыз Қожбан. Ол жөткерініп алды да:

— Ал, жолдастар, біздің коллектив күн құрғатпай әдемі еңбек етеді. Отын сатудың жоспарын үнемі асыра орындауымыз оған мықты дәлел болады. Әсіресе, экономист Жақыбаеваның шын көңілімен нық басқан қадамы қуантады. Табысты істеріміздің нобайы соған байланысты дәуге ойым ойысады. Біз ақшаны кез келгенге шаша бермейтінімізді өздерің білесіздер. Сондықтан тоқсан қорытындысында Жақыбаеваны наградтауға қарсы емессіздер ме?

Бастығына оң қараған орынбасары оқыстан:

— Былайша өздеріңіз білесіздер. Ақшалай сыйлыққа Жақыбаева қарсылық көрсетпес, ә? — деп Қожбекең мейірбандық танытты.

— Өзімен сөйлесіп көрсек қайтеді. Бәлкім мақтау грамотасын қалайтын шығар, — деді мықынып отырған Мықыр. Іштей: «бүкіл семьямыз болып жұмыс істейтін осындай мекеме кездесе ғой. Бақытымыз жапар елі», деп ойлайды. Мықырдың сөзін естімегендей болған Қожбекең:

— Ей, қызықсындар, ымды білмеген дымды білмейді деп, яғни Жақыбаева өзіміздің адам то есть әйелім емес пе? Да, айтпақшы ұмытып барады екем, көсіп одақ комитетінің бастығы Салықтың да еңбегін ескермейтін милау емеспіз, ә? Туган інім, жарайсың... Жарысты дүрілдетіп жүргенің қатты ұнайды.

— Ескерелік.

— Қарсылық жоқ па.

— Бір ауыздан.

— Түсінікті. Жақыбаева бастықтың келіншегі. Салық інісі. Мекемедегі жеті адамның бесеуі бір үйден екен. Мына екі құдасына түк те қалдырмады, ө. Қарыстан сүйем жуық, деген осы,— деп шетте отырған Мықыр іштей тағы да күбір етті.

— Қысқасын айтқанда қалалық отын жабдықтау мекемесінің бастығы дұрыс айтады. Төтесіне келгенде бас бухгалтер ақшалай сыйлықты молырақ ойластырсын, деген менде ұсыныс бар,— деді орынынан тұрып сөз алған Салық.

— Дұп-дұрыс, менің ойымды біліп, лебізімді жатқа айтасыздар,— деп Қожекең мәз-майрам болды.

Манағы шетте отырған Мықыр тағы да: «Мына Қожекең бір мекеменің қосымша табысын сыйлық деп құрытты. Оған қысылып қуыстанбайды. Бұ оңбағыр бауыздау құдасы мені неге ойламайды... Апыр-ай, әйелі туғысы келмей тумай жүрген шығар. Егер ғайыптан-ғайып боп туа қалса бесіктегі баласының інғәлағаны жұрттан алабөтен деп сәбиге де сыйлық беруге жүзі жанбайтынына кепілмін,— деп жүзі кірбің тартып, шырт түкірді.

Бірақ, оның қынжылғанына Қожекең елең ете қоймайды. Осы мекемедегі жеті адамның бірі өзінің туған інісі — орынбасары, үлкен келіні басбух, өз әйелі — бас экономист, кіші келіні кассир, ортаншы келіні — аға бухгалтер, баласы экспедитор. Былайша айтқанда бәріне де напахана табылып, қымқырып, жымқырып, жәй, күйлерін жақсартты-ақ. Бірақ бар қиыншылық кенже келініне түсіп қалатынын қайтерсің.

Қара қазанның төрт құлағын үйлі жан боп ұстап отырған соң, бәрінің атын төбеден түскендей етіп атай салу тіпті де ыңғайсыз. Ертеде сөзге ұтқыр бір келіншек өрісте бұзауды қасқыр жарып кеткенін көріп:

«сылдырманьың ар жағында, сарқыраманың бер жағында, мөңіремені ұлыма жеп жатыр, жанымашқа турамышты жанып-жанып тез әкел»,— деп Қамысбай, Өзенбай, Қайрақбай, Пышақбай, деген аталарын жұмбақтап айтыпты деседі. Сол сықылды Қожекеңнің кенже келіні де жеңгелерін әлфа, гамма, икс, игрек дей салады. Оған жеңгелерінің де құлағы үйренген. Бүгінгі жас келін есек демей, есектердің атымен атағанына да шүкір, деп тарта береді. Әйтпесе лажы қайсы... Ал, Қожекең бәрінің де есімін жатқа айтып сыйлық үлестіреді, табыстарына табыс қосады. Өз мекемесі, өз үйіндей болған соң ешнәрседен тайынбайды.

Әзірге шыдай тұралық. Бірақ, Қожекеңнің мұншалық еркінсуі қылмысқа соқпай қояр деймісің...

4. Балта

— Ешеке, Ешеке, тоқтай қал сұмдық айтайын,— деді Қожбан екі көзі алақтап.

— Бауырым, жай ма?

— Бұ өмірінде арамдыққа жеріген жанды көрмеген шығарсың, сұмдық-ай. Кешегі қып-қызыл іңірде Дәдебек контор алдындағы бақтан теректі балтамен шауып жатқанын өз көзіммен көрдім. «Мұның не?»— десем, ауызы-мұрны қисаймай «отын етем»,— деп ырқ-ырқ етеді. Жап-жалпақ бетінің майы шығып, күндіз соқыр күшіктей тіміскілеп жүр еді. Жексұрын неменің бір пәлені қоздатқысы келген дайындығы екен.

— Жағын айырмадың ба?

— Оңбағырға әлім жете ме?

— Милицияға хабарлауың керек еді.

— Ой-бай-ау, учаскілік милиция туыстары емес пе? Кінәні балтаға артып, судан таза, сүттен ақ боп шыға келсе қайтесің. Былтыр «УАЗ-469» машинасын шеберханадан лұқсатсыз қуып әкетіп быт-шыт ғып далаға

тастағанда да түк жұққан жоқ. Қайта милиция жүз мың саққа жүгіртіп: «Шеберханадан шыға қашқан машинаның өзі кінәлі. Рульде «темір адам», то есть робот отырған. Дәдебек ол күні елде болмаған, былайша басқа планетада жүрген. Бұл ерекше зерттеуді қажет етеді. «Заң ғылымындағы жаңалықты құпия сақтаңдар»,— деп бір басшы звандады. Сондықтан да Дәдебекке қайтіп жолап, қолын қағам. Тіпті барлық пәлені үйіп-төгіп өзіме жапса қайтем...

— Да, балта кінәлі дейді де?— деп Ешкібас басын шайқады.— Бәлкім ол балтаны сенікі дей салар, ә?

— Өйтуден жүзі жанбайды. Иттің балтасы тым өткір екен, пышақша қияды. Осы бар ғой балтасыз үй жоқ. Қисық ауыз мебельдерді түзеуге, ол-пұл шаруаға балта жарап жатады...

— Тоқта, тоқта,— деп Ешкібас сөзін жалғады.— Ағаш балтадан неге жапа шегеді. Мен бар ғой балталап ағашқа зәбір берген, оның ішінде Дәдебектей оңбағырлардың жұлынын қырқар ем... Бірде, қырқылған ағаштардың айтысқанын өз құлағыммен естігенім бар-ды.

— И-и-и, ағаш сөйлейтін бе еді?

— О-о, неге сөйлемейді, тілін білсең әңгіме айтады. Мақау деймісің. Өзіміз жан-жануар, өсімдіктің бәрінің де тілін біліп, емін-еркін сөйлесе береміз. Кәдімгі қазақша... Мысалы, Жөке ағашы қасында өсіп тұрған әп-әсем Қайыңның сымбатына сұқтана қарап тұрды да самбырлап:

— Сенің мынадай көркіңді көре алмайтын Дәдебек бар. Жапырағыңды жайып өскеніңді көпсінеді қаскөй неме. Сұлулық пен беріктігің өзіңе сор болмасын. Дүниеде жақсылықтың маңында құжынаған жамандық ілесіп жүреді,— деді. Соны ести сала елітіп кетіп:

— О-о-у, Қайыңға тиіспеңдер. Оны адамдар «жақсылыққа тілекші»,— деп асыл ниетпен егеді. «Қайта көре алмайтындардың көзіне бір уыс топырақ шаш»,—

депін. Осы кезде менің жанашырлық сөзіме іші жылып, төбесі көкке жеткендей боп, Есіл өңіріндегі ақ қайың:

— Орыс орманының тұқымы едім... Қамқоршым болса күнмен таласа өсем. Біз осы аудандағы біп-биік тұтасқан қалың орман боп өсе аламыз. Бірақ кейбіреулер ағаш екпек түгіл өз бетімен көктеп тұрған тал-теректі де отап тастайды», — дейді.

— Е, дұрыс айтады, әр ауылда бір Дәdebек жоқ дейсің бе?— деп Қожбан сөзін сабақтады.— Әйтпесе, нісі мұрыныңды жарып, жүрегінді тұшынтар, көркімен көзінді тартар ағаш егудің орнына балталап кесер ме едік. Бір дәрігер орман арасында жүрген адамның көзінің көру қабілеті жүз жасаса да кемімейді деген еді. Оны кім ескеріп жатыр.

— Қожеке, ағаштардың айтысын жалғастырайын. Содан қысы-жазы көріктілігімен ағаш біткенді таңғалдыратын оқтай тұзу, жап-жасыл Қарағайдың, ағаштардың жауы көп дегені бар. Сол кезде оның әңгімесіне Қайың да араласа кетті. «Әне, сақ болыңдар, балта ұстаған бір адам келе жатыр. Жүзі суық», — деді.

Осы мезетте әлгілердің ортасына болаттай берік Емен шықты.

— Біздің жауымыз кім... Төрелік сіздер?— деді Жөке оған.

— Ия, өзіңіз бірдеме деңіз, біздің қаскөйіміз қайдан шыққан,— деп Қайың мен Қарағай бас шұлғиды. Еменге тіл бітіп:

— Ағаш тұқымына қастандық жасайтын Дәdebектей ниеті бұзық адам және балта,— деді. Сол кезде Қайың тұрып:

— Балтаның басы кінәлі болса, сабы да кінәлі. Сабы ағаш, өз тұқымымыз. Ол неге өзімізге қастандық жасайды,— деді.

— Егер балтаға сапталған ағаштың ойына «қас-

қыр» шапса қайтесің. Қисық тәрбие де қисық өскен ағаштай,— деді Емен.

Міне, Қожеке, ағаштардың зар илеп осылай айтысқанын да өз құлағыммен естіген едім. Енді көрмейсің бе, балаларымыздың бейнеттеніп өсірген талын Дәdebектің күшеіе отап жатқанын... Өзінің кеңірдегін жұлып алып қолына беру керек еді... Оңбас-ау, оңбағыр...

5. Шошқаның ауызы

Дәл күндізгі сағат бірде Ешкібас салы суға кетіп, өз-өзінен түңіліп келе жатты. Пochта бөлімшесінен газеттің соңғы сандарын алып шыққан Қожбан қарсы алдынан уәделескендей кездесе кетті.

— Ассалаумағалайкум.

— Уғалайкумсәлем. Қожеке, хал қалай?— деді Ешкібас сіркесі су көтермей тұрса да қылжақтағысы кеп.

— Мына ауыз өзіңді өрге, сөзіңді төрге сүйрейді. Сондықтан тіршіліктегі белді де, беделді дене мүшесі. Соған қарамастан кейбір ауыз жебір, жалмауыз атанып, өз қасиетін жойып жүр. Ашығын айтқанда ауыз жәндіктер мен жануарларда да жетіп жатыр. Қандай ауыз болса да тәбет ашылған кезде зәредей де қорқуды білмейтінін қайтерсің. Оның ішінде шошқаның ауызы болса неден тайынсын?

— Ешеке, оның несіне қайран қаласыз?— деп тамсанды да Қожбан: «Қайдағы бір пәлені қоздатпасаң ішің пысады, ә?»— деп сынай қарады.— Ел естімеген «жаңалық» болса қайтесің,— деп Ешкібас сөзін жалғады.— Дәdebек басқаратын совхоздың фермасына барсаңыз өгіздей-өгіздей шошқаны көресіз. Бірақ, жануарлар шетінен «жынданып» жүр. Кәдімгі айғырша кісінеп, сайтандай сықылық атып, өгізше мөңіреп, бұқаша топырақ шашып азан-қазан, жын-жыпыр. Бүкіл ауыл-

ды басына көтеріп жатыр. Тіпті көзді ашып-жұмғанша зәулім үйді де қорс етіп қопарып тастайтын түрі бар.

— Ешеке, ондай қайратты қайдан алған? Бағып, асырауында бір гөп бар шығар. Жұрт жаңалық іздеп таба алмай жүргенде, мұныңыз ғажап екен.

— Ғажабы сол шошқалардың маңдайынан құдай жарылқап, бітік көзі ашылыпты. «Бағы» жанған жануарларды Дәдебектің бұйрығы бойынша ақ ірімшікпен азықтандыратын көрінеді.

— Қойшы-ей, совхоз сүт тапсыру жоспарын орындай алмай жатқанда ол қай мазағы?

— Мазақ емес, осы «жаңалық» жолында Дәкеңнің жүрегі тайдай тулап тыпыршыды. Зыр қағып жүріп совхоздың шығынға батуын да елең етпей, іске асырды.

— Шошқаға не себепті ақ ірімшік береді?

— Крокодилде тіс жоқ, шошқаның ата-тегі сол болғандықтан шошқада да тіс болмайды. Сондықтан ішек-қарыны тез қорытатын ең жұғымды тағам ақ ірімшік дейтін көрінеді. Қолында билік тұрғанда неден сасады. Ешкімге де әзірге дес беріп көрген жоқ. Бірде мал мамандары бұл жәйдің тиімсіздігін нақтылап айтқан екен. Сонда Дәкең өз принципінен тапжылмай:

— Шошқаның аузын аққа тигізбей іс оңбайды. Сондықтан ешнәрсенің байыбына жете алмай сөз емес сөзді айтпаңдар, — деп тиып тастап, жалғанды жалпағынан басты. «Ілмиген қасқыр — ит біткеннің мазағы» деп шошқаны ілмитіп қояр жәйім жоқ деп кесіп айтты. Онымен қоймай шошқаның сүйкімді асының бірі, деп жер-жерге адам жіберіп, тонналап жаңғақ алдыртты. (Әйелі жаңғаққа жерік болмаса неғылсын). Шошекең қорс-қорс етіп сағат сайын екі-екіден жаңғақ шағыл «мәз» болысты.

— Ешеке, шошқаның аузына екі жаңғақ симайды,

деуші еді? Сіздің шошқаңыз ақ ірімшік пен жаңғақты шақ келтірмейтін тажал ғой...

— Е, шошқаны ауызсыз қалдырайын деп пе едің. Асты шошқа ішсін, ішпесін онда Дәкеңнің шаруасы қанша? Оған керегі шошқаның алпауыт ауызы арқылы ірімшік жасаушы, сиыр сауушы, жаңғақ әкелушілер деген жалған деректермен қоғам дәулетін қалтасына басса жетпей ме? Ауыз сыртындағы ауыз осылай күн көреді тағы...

— Бәсе, еш заңдылыққа жанаспайтын оқиға сияқты еді,— деп Қожбан шырт түкірді де:

— Бұ Дәкең өз құлқыны, өз ауызы дегенде еш нәрседен тайынбас... Тісіне тісі басылған сайын, жемқор табеті ашыла беретінін қайтерсің.

— Е, «тақыр астауды ұры да торымайды», дегендей, бүлкілдеген шошекең, «табысты түлік осы екен»,— деп жатқанда, шошқалардың ауызы Дәкеңе «жем» болмағанда қайтеді. Бауырым, өз құлқыны десе екі қолымен үш балық ұстауға дап-дайын Дәкең әлі талай «қызықты» көрсетер...

6. «Исаев келеді сайменен...»

Аспандағы ала шарбы бұлт көк жиекке лықсып барады. Жел екпіндей соғады. Ауыл көшелерінде пәлендей өзгеріс жоқ. Әсіресе, күндегісінше мізбақпай құлыптаулы тұратын кітапхана, клуб маңы тым-тырыс. Бейне ел көшіп кетіп, жұртта қалған сияқты құлазып-ақ тұр. Оған ешкімнің де жаны ауырмайды, шаруашылық жұмысына келтіріп жатқан пәлендей кеселі де жоқ. Жұрт пәлен-түген деп сөз етпейді, сыртқы көрінісі алба-жұлба. Осыны көзімен көрген Қожкең күйіп кетті. Өртеніп, дегбірі қашып діңкілдей бастады. Добалдай азамат, облыстық мәдениет бөлімінің дыңдай бастығының дөң айбат көрсетуіне де қақысы

бар. Дөңкиін тұрған кітапхана алдында ашумен демігіп:

— Шақыр бәрін де,— деді. Шофері оған түсінбей қалды.

— Кімді?

— Мыналардың түгін қалдырма.

— Қайсысын?

— О, милау неме. Кітапхана, клубты шақыр!— деді Қожбан Исаев танауы делдек қағып. Шофері ебелектей жөнелді. Денесі от-жалын тартып Қожекең тұрды. Өшпенді кегі бардай кітапханаға қарады. Тат басқан қара құлыпты көргенде жүзі тайлығып, жуасып қалды. «Айлықты алады, мұқым сонымен жұмыс бітті, мынаған салды екен қай жылы кілтті» деп ренжіп еді. Соның арасынша маркизет көйлек киген, егде әйел келді де:

— Қайным, кітапханашы ауданға кетіп еді,— деді мейірлі түрде.

— Клубшы қайда? То есть, клуб меңгерушісі...

— О да кеткен. Келіп қалар, оған дейін үйге жүріңіз, көлеңкелеп дем алыңыз,— деп мол ықыласты үйіп-төге бастады.— Саналы қайным, шақырса бар, шақса қаш деген бар,— деп және қойды. Әйелдің сыңғырлаған үні Қожекеңді майдай ерітті. Меселін қайтара алмады.

Қожекең үйге кіріп, қақ төрге жайғасты. Көк атласпен тысталған мамық жастықты шынтақтап жамбастай кетті. Ептеп ашуы тарайын деді. Жо-жоқ, кітапхана терезесінен көргені есінен шықпайды. Шаң басып, опыр-топыр үйіліп жатқан кітаптар көз алдына елестесе жиіркене қарайды. Шошып кетеді. «Кітапхана жұмысы неге ілгері баспайды» деген күптілік ой жанын жегідей жеп барады. Қайтсын, облыстың қай жеріне барса да мәдениет орындарындағы келеңсіз жәйттер көз алдына тізіле қалады. Мұның себебін ешкім түсіндіріп айтпайды. Кітапханашыларды жүз-

ден саралап қарап, мыңнан екшеп таңдаса да, бәрібір жұмысы түскір қожырап кете барады. Кітапхана, клубтардың да сиқы оңып тұрған жоқ. Көбі ескі-құсқы бірдеме. Шаруашылық басшыларымен тіл тауып сөйлесуге қолы тие бермейді...

— Тәңір-ай, бәрінің де керегі жоқ,— деп күбір етті де жып-жинақы, тап-таза үй жиһаздарына көз тастап шолып өтті. Төрге кілем ілінген. Шифоньер, кітап салғыш шкаф, телевизор, радиоқабылдағыш және толып жатқан мүлік. Бәрі орын-орнына жиналған. Айнадай жалтырайды, түк қылау түспеген. Қожекең «қоғамдық мүлік пен жеке мүліктің арасындағы көз қарастың жер мен көктей айырмасы барлығы неліктен?» деп күбірледі. Егер осы сұрақты өзіне қойса не деп сылтау табарын кім білсін. Әйтеуір оймен толқып барып диван үстіндегі домбыраны алып шертіп көріп еді, бұрауы түсіп тұр екен. Қожекең ештеп шертпе күйді жылжытты. Осы кезде шай жасалды. Егде тартқан, мейірімді, ақжарқын әйел:

— «Барым әзір, жоғым жәй», деген. Тамақ алып отырыңыз,— деді де,— үйімізді елеп түскеніңізге рахмет. Ал жүз грамсыз дастархан сәні, тағам дәмі кірмейді деседі.,— деп сыңғырлады.

Әйел жылы-жылы сөйлей отырып «Қазақстан» коньягын ашып құя бастады. Ыстық қуырдаққа қасықты сұғындыра түскен Қожекеңнің көзі жайнап кетті. Алғашқы рюмка ішілді. Сосын Қожекең маңдайынан бұрқ еткен терін сүртіп қуырдақты шайнаңдап отырып:

— Кітапханашы қызыңыз бола ма?— деді шай құйып отырған әйелге қарап.

— Қызым.

— Былайша, жұмысқа қабілеті қалай?

— Жаман емес. Бірақ, совхоз басшыларының бір-дебірі көмектеспейді, рахымсыз. Тіпті кітапханаға бастарын да сұқпайды. Телевизор шыққалы тамам

жұрт кітап оқуды азайтып барады..— деп әйел әлдекімге ренжігендей болды. Әйелдің ақыл-ойға пайымды екені байқалады. Мәдениет орындары жұмысының мән-жәйін айта келіп, бар кемшіліктердің ұшығын басқа жақтан іздеуге меңзеп отыр. Осы әңгіме үстінде екінші рюмканы да алып қойды. Үшінші рюмка да тамағынан өтіп кетті. Одан кейін әйелдің қонақжайлығына ризалық алғысын айтып тост көтерді... Қызақыза келіп кітапханашы қыздың қолын бақытқа жеткізуге, яғни қызметін жоғарылатуға уәде берді. Сосын Қожекең кесеге жұқтыра қою етіп құйған шайды сораптап:

— Жеңеше, есіңізде болсын, сіздей қарапайым адамды қатты ұнатам. Бірақ қызыңыз менің ақылымды жақсылап тыңдайтын болсын...— деді.

Әйел оған көз қиығын тастай отырып:

— Тыңдамай қайда барады. Шынтуайттап келгенде әкесіндей адамсыз...— деп жаймалады.

— Е, жөн-ақ,— деді Қожекең шоферіне қарап:— Тамақ ал... Жолаушының қарыны тоқ болғаны жақсы..,— деп қамқорси сөйледі. Дастарқан басында тымтырыс отырған шофері өз ойымен әлек еді. Біріншіден бастығы ішіп алса өшпенді кегі бардай техникаға кәрін тігеді. Көзіне машина емес, қара албасты елестей ме, қайтеді. Шофер жігіттің әр сапарда содан көріп жүрген лаңы аз емес.

Сонымен үй иесі әйел өлдім-талдым дегенде Қожекеңнен қонақ асы беріп әзер құтылмақ. Ішінен: «осындай да ойсыз оспадар бастық болады екен» деп ойлап қалды ма, кім білсін. Әйтеуір жылы қабылдағанымен, шығарып саларда сөзін салғыртсып тыңдады. Онымен қоймай Қожекеңнің таусылмас мылжыңынан қажыды ма, әлде сайқымазақ еткісі келді ме: «Жаман басшыдан, жақсының сілтеуі артық», деген бар. Сіздің айтқаныңызды орындаймыз,— деді. Ол-ол-ау, дастарқан басына ет келгенде Қожекең домбырасын шертіп:

«Исаев келеді сайменен, Исаев келеді сайменен...» деп мың рет айтқан шығар. Бұған үйдегі ересектер түгіл алты жасар қара бала да ерсілеу күлді, жанына жақын келіп:

— Аға, сайдан қашан шығасыз?— деді. Осы кезде Қожекең едірең етіп:

— О, тіліңе шоқ түскір, бұ неғылған қалжыңқой бала,— деп еді. Қияңқы бала мұрынын бір тартып, өзін қалжыңқой, деді.

Енді міне, «УАЗ» машинасының кабинасына сүйретіліп отыра бастады. Тілі қышып бара ма, Қожекең тағы да:

— «Исаев келеді сайменен...»— деп өлеңдете жөнелді. Сыртқа шығарып салып тұрған үй иесі әйел:

— Қайным, жүрер жолыңызда сай жоқ,— деді әзілдеп. Қожекең үндеген жоқ. Бірдеме деуге тілі икемге келмеді. Әдет бойынша кабинада біраз қалғып алды. Кенет шоферіне түйіліп:

— Зулат, бас қамшыны,— деп қыстады. Бастығының ерсі мінезі мезі етті ме, жүргізуші де машинаны жын қуғандай зымырата жөнелді. Сосын шоферіне қыли біткен қоңыр көзін сүзе тастап:

— Ақымақ басқа адырайған көз бітеді. Бала, бастығың ақымақ емес, өйткені көзі кішкентай. Бұл бір ме? Бір. Дуасыз ауызға сылдыраған сөз бітеді. Білебілсең бастығың дуасыз емес. «Исаев келеді сайменен» дегеннен басқа көжеше көпіріп жатқам жоқ. Бұл екі ме? Екі,— деп өз сөзін өзі дәлелдеді. Сосын мамандығы мұғалім екендігін, сонда да облыстық мәдениет бөлімін басқарып жүргенін айтып өтті.

Жә, ғалымдар әр адам күніне он бес мың сөз сөйлейді дейді ғой, Қожекең көп болса жиырма мың сөздің тиегін ағытар. Ауыз өзінікі... Бәрінен бұрын осылай күркіреп келе жатқанда машина сатыр-күтір етті... Абырой болғанда шофер машина жүрісін бәсеңдетіп үлгеріп қалды. Кілт тоқтап қарады да:

— Аға, артқы мосты құрыды,— деді.

— Тарта бер, алдағы ауданнан, қарауымдағы мекемелердің машинасынан суырып аламыз,— деді де «Исаев келеді сайменен...» деп жаттанды әніне басты...

* * *

Қанша машина сынып, қанша мәдениет ошақтарының жұмысы тоқтап қалса да, Қожбан Исаевтың әні аяқталған жоқ...

7. Қашып құтыла алмайсың

Мен онымен кездеспейін деймін-ақ. Бірақ кес-кестеп алдымнан шықпайды. Өзін бір көшеде тұрғаным болмаса жыға танымаймын да...

Автовокзал жанындағы киоскіден «Спорт» газетінің жаңа санын сатып алып оқып тұр ем.

— Кәке, хал қалай.— деді де, жып етіп:— «Қайрат» тағы да ұтылып қалды... Оңбағырлар аяғына май құйса да оңбас. Қорбаңдап доп тебе алмайды өңкей немелер...— деді.

Жалт қарасам біздің көшенің Ешкібасы екен. Сапсары тісін көрсете күлді. Сойған қарсақтай ырсып алақанын ысқылайды.

— Әкел, шылымыңды.

Аузынан арақтың исі бұрқырап шығып тұр. Сытылып жел жағына шықтым.

— Сіреңкеңді бер. Көптен көрінбейсің ғой.

— Е, кеше кездескен жоқпыз ба?— дедім.

— О-о, солай екен-ау, сенің миың болаттай, ал мен склероз... Бірақ, бұл қалада мені танымайтын ешкім жоқ. Бәрі де «Ешеке» деп сыйлайды. Құдайға шүкір. Біздің інішек горкомда істейтін болды, енді ағанның мұртын балта шаппайды. Өзі өсетін фундаменти мықты жігіт.

— Сіз де өсерсіз онда, — дедім ішім жақтырмаса да.

— Мені қойшы. Қарға тамырлы қазақпыз. Мен сізді біздің құданың құдасының қызын алып отыр деп естідім. Бөтендігің жоқ, інімсің. Енді менен қашып құтыла алмайсың. Оны басыңдағы қалпағыңдай біл. Ал, ағаңның ағасы бізге туған құда. Ол Алматыда үлкен қызметте деп естідім. Әлгі белгілі ғылым докторы Оянбаев саған туған жиен көрінеді. Бүйрегі бұратын болар-ақ. «Уысы бірдің туысы бір, то есть, ей, қателесе берем, туысы бірдің уысы бір» деген бар емес пе?

Арқамнан шілдіген инеліктей тарамыс қолымен бір қағып қойды. Қол-аяғы дірілдеп, сарысы мол көкшіл көзі жасаурап тұр. Ешекең тағы да сөзін жамыра-тып:

— Е, өзің өсетін тұқымнан шыққан екенсің. Анаң да белгілі жердің қызы көрінеді. Әкең де мықты десе-ді. Өздері сүйрейді, сенің ұмтылуыңды күтпейді. Бірақ, институтта ақшаны көп алатын шығарсың. Ол ақшаларды не істейсіңдер? — деп бір демін алды. Шылымын құшырлана сорды.

— Ақшаға бола қызмет істеп жүргенім жоқ. Нансаңыз менің туысымда, жеті атамнан бері қарай бастық болып көрген адамды таппассыз. Тіпті өзім балалар үйінде тәрбиеленіп едім, — деп шындығымды айтуға мәжбүр болдым.

Бірақ ол сөзін еселей түсті.

— Е, бәрі де түсінікті. Аяғыңды сақ басып жүрсең де біз бәрін білеміз. Мықты тұқымнан әйел алған сіз бақытты жігітсіз. Жолдастарың, то есть бірге оқығандарың жақсы жерлерде жұмыс істейтін көрінеді. Оны да біліп алдық. Жолдас жолға тастар ма? Е, достарай... Үлкейген соң бәрі де азая береді екен. Ертеде жаман ағаңның да арадан қыл өтпейтін досы болды. Мықты алғыр жігіт еді. Ондай дос қайда. Ол үлкен бір мекемеде істеді де мені заготживсырьеның мықты агенті етті. Сөйтіп енді өсейін деп тұрғанда досым

мұрттай ұшты. Ол өзі барында шұжық жасайтын цехтың бастықтығына көтеріп кеткен-ді. Содан ағаң небір дәмді шұжықтың қызығын көрді. Кешіп жүрдік қой дәулетті. Иә, бүгінде бөлду-бөлду бәрі өтірік. Бірақ мына ағаң әлі де тұғырдан түскен жоқ,— деп Ешекең қолын сілтеп сөзін салмақтай сөйледі:

— Дұрыс екен, отағасы. Үйге асығып тұр едім.

— Келін кешіксең ұрсатын ба еді? Мықты жердің қызы мықтылығын танытар.

— Келініңізден бұрын жұмыс көп...

— Ендеше ептеп жұтып ішек-қарынның микробын тазартып жіберсек қайтеді. Үйге шақырар ем малдың сәті түспей-ақ қойды.

Ол қалтасын қарманды. Көнетоз сұр костюмін тінткілей бастады. Өндірісегі сорайып, жақ жүні суыққа үршип кеткен. Мен одан құтылудың амалын іздеп:

— Ішпейтін едім, тамағымның бездері ауырады,— дедім.

— Сондай ауру да сөз бе екен. Адам спиртовный болуы керек. Айтпақшы сіздің институттағы Сәдір деген қу әрбір абитуриенттен мың сомдап ақша алатын көрінеді. Ол обал ғой. Біреудің адал тамағына қалай арам қасық батырады. Адалдық қайда. Парақорды неге тимайсыңдар. Оны неге тайраңдатасыңдар?— деп бір қойды.

— Осындай әдет жаман тағы,— деп жүре сөйлестім. Бұл көк мылжыңнан қалай құтылсам екен деп сол сәтте дал боп отырғанымда тәңір жарылқағыр автобус та келе қалды...



МАЗМҰНЫ

Сауда сақал сипағанша	4
Бәсеке бәсі	54
Жеті жігіт, жеті қыз, жеті үйдегі әбігер	60
Сүрініп кетсең сөгіс	67
Сыбыстан шыққан шығыс	72
Шифоньерден шыққан	74
° Бедел	79
Өліп, тірілу	83
Жоқтан жақсы	86
Мақтанып алалық	88
Ешкімге айтпа	92
Ұмытшақтық-ай	95
Асып, асып... төгілу	98
Ақылдасып көріңдер	100
Ала құйын	104
Түс жорыту	108
Бөседі екен	111
Күдік	112
Қалай Ешкібас атандым?	116
Ешкібас пен Қожбанның диалогты желдірмесі	122

Табыл Кульясов

ОСТАЛИСЬ С БОРОДОЙ

Повесть и сатирические рассказы

(На казахском языке)

Редактор Р. Ниязбеков. Художник В. Мун. Художественный редактор
Н. Нурмуханбетов. Технический редактор Л. Карханова.
Корректор Г. Тельтаева

ИБ 2627

Теруге 18.05.85 жіберілді. Басуға 16.09.85 қол қойылды. УГ15094. Қалпы
79/108^{1/32}. № 2 баспа қағаз. Қаріп түрі «Мектеби». Шығыңқы басылыс. Шарт-
ты баспа табағы 6,3. Шартты бояу көлемі 6,6. Есепті баспа табағы 6,1. Тира-
жы 10 000 дана. Заказ № 4854. Бағасы 40 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекет-
тік комитеттің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы
қаласы, Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекет-
тік комитеттің «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің
Кітап фабрикасында терілді, 480124, Алматы қаласы, Гагарин көшесі, 93-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекет-
тік комитетінің «КІТАП» бірлестігінің, билет-бланк және жедел өнімдері бас-
паханасында басылды, 480016, Алматы қаласы, Карл Маркс көшесі, 15/1-үй.

Құлиясов Табыл

Қ 74 Сауда сақал сипағанша: Повесть және сықақ әңгімелер.— Алматы: Жазушы, 1985.— 144 бет, суретті.

Табыл Құлиясовтың бұл кітабына енген фантастикалық повесі мен сықақ әңгімелерінде тіршілігімізде кездесіп қалатын келеңсіз жәйттер сыналады. Автор мұнда дүннеқоңыздық, маскүнемдік, өсекшілдік, бюрократтық сияқты ұнамсыз мінездерді шенейді.

Қ 4702230200—153 37—85
402(05)—85

84 Каз 7—44

«Жазушы» баспасынан таяуда
мына кітаптар жарық көреді:

Шарбану Құмарова. «ШЫҒЫС ПЕРІШТЕСІ».
Роман, повестер мен әңгімелер.

Бекділдә Алдамжаров. «ЖЫҚПЫЛ». *Роман.*
Медеу Сәрсекеев. «КӨМБЕ». *Роман.*

40 т.

